

**"Ауыл шаруашылығы жануарлары үшін азық өндіру", "Сүтті бағыттағы жылқыларды өсіру", "Қойларды және ешкілерді өсіру", "Құстарды өсіру", "Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру", "Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі)" кәсіптік стандарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 7 қарашадағы № 419 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Ауыл шаруашылығы жануарлары үшін азық өндіру" кәсіптік стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Сүтті бағыттағы жылқыларды өсіру" кәсіптік стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қойларды және ешкілерді өсіру" кәсіптік стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Құстарды өсіру" кәсіптік стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру" кәсіптік стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі)" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Аграрлық ғылым және білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

## **"Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған азық өндіру" кәсіптік стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған азық өндіру" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген.

Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындау үшін қажетті біліктілік деңгейлерін айқындау үшін, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін қолдануға арналған.

Осы кәсіптік стандарт біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарлары үшін азық өндіру саласындағы жұмыстарын атқаратын ұйымдарда кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Кәсіптік стандарт мынадай пайдаланушылардың пайдалануы үшін қолданылады:

1) жұмыскерлер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын талаптарды түсінуі, өзінің кәсіптік дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлау, сондай-ақ бейіндік бағыт бойынша мансаптық ілгеріледуді болжау үшін;

2) жұмыс берушілер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыскерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды жаңарту, персоналды жалдау және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, ілгерілету және ротациялау бағдарламаларын жасау үшін;

3) білім беру және оқу орындары – мал шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау, бейіндік бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, мал шаруашылығы саласындағы оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту үшін білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау үшін;

4) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын

әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша жұмыскерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

5) мемлекеттік органдар – кәсіптік стандартты еңбек нарығы өлшемшарттары, мониторингі және болжамы үшін.

Осы кәсіптік стандарт негізінде ұйымдар өндірісті, еңбекті, басқаруды және олардың жауапкершілігін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, жұмыскерлерге арналған корпоративтік кәсіптік стандарттарды ішкі қолдану үшін әзірлей алады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) азық өндірісі – азықты өндіру, өңдеу және сақтау бойынша ұйымдастырушылық-шаруашылық және технологиялық іс-шаралардың ғылыми негізделген жүйесі;

2) азық – қоректену кезінде қалыпты физиологиялық функциялардың пайда болуын және олардан алынатын өнімнің сапасын қамтамасыз ететін өсімдік, жануар, микробиологиялық текті өнімдер, сондай-ақ минералды қоспалар;

3) азық қоспалары – қоректік және биологиялық белсенді заттардың мөлшері мен қатынасын реттейтін, сондай-ақ жануарлардың денсаулығы мен ең жоғары өнімділігін қамтамасыз ететін рационға кез келген қоспалар;

4) шырынды азық – құрамында елеулі дәрежеде су мөлшері бар — шамамен 70—92 % – өсімдік тектес азықтар;

5) ірі азық – пішен, сабан, кесілген пішен, шөп ұны, топан, балдырлар, ағаш ( бұтақты) азығы, жүгері собығының сабақтары және т.б.;

6) құнарландырылған азық – дәнді, бұршақты астық, оларды ұнға, жармаға қайта өңдеу өнімдері, бұршақты дақылдардың және қалақайдың шөп ұны;

7) суару (ирригация) – ылғалдың жетіспеушілігін көретін алқаптарға суды жеткізу, және топырақтың тамыр жайылатын қабатындағы оның қорларын ұлғайту;

8) суарушы – суарумен айналысатын адам;

9) диқан – агроном, диқаншылық жөніндегі маман;

10) жер бетімен суару – жер үсті бойынша суды жая отырып, жерді суару;

11) суару режимі – суару санының, мерзімдерінің және нормаларының жиынтығы;

12) жайылымдық жерлер – өсімдік жамылғысы пішенге, пішендемеге, сүрлемге, шөп ұнына және мал жаюға пайдаланылатын шабындықтардың, жайылымдардың және себілген азықтық дақылдардың жер учаскелері;

13) табиғи азықтық алқаптар – табиғи шөптері бар жерлер (жайылымдар мен шабындықтар) ;

14) сабанды нығыздау – мал азығына арналған орамдарға сабанды жинау процесі, сондай-ақ бұл егістіктен арамшөптердің көп мөлшерін жинауға ықпал етеді;

15) маялау – домалақ жотасы бар параллелепипед (күде) немесе домалақ жотасы бар күмбез түріндегі себінді пішен түрінде тығыз үймелерге сақтау үшін себінді немесе нығыздалған пішен (сабан) салу;

16) мая –тығыз салынған шөптің немесе сабанның (немесе баулардың үймесі, яғни масақтары бар сабақтардың шоғыры) үлкен биік және домалақ немесе төртбұрышты үйме;

17) күде – үлкен, әдетте сопақша келген шөп немесе сабан маясы не ашық аспан астында сақтауға арналған айрықша тәсілмен жиналған астық бауы.

18) грунт – жердің минералды бөлігі;

19) топырақ – өсімдіктердің, микроорганизмдердің, жануарлардың, саңырауқұлақтардың қалдықтары бар жердің құнарлы бөлігі + топырақ биожүйелері;

20) азықтың қоректілігі – азықтың сапасы, жануарлардың тағамға, энергияға және қоректік заттарға қажеттілігін қанағаттандыру;

21) азықтандыру рационы – ауыл шаруашылығы жануарларының тәулігіне қоректік заттарға қажеттілігін қамтамасыз ететін азық құралдарының жиынтығы;

22) сүрлем – консервіленген шөптер немесе түйнекжемістілер, төп, сондай-ақ шөптерден, астық тұқымдастардан немесе қызылша сығындысынан тұратын қоспалар;

23) көк шөп – малдар балғын түрде шабылған жасыл азықтық өсімдіктердің жер үсті массасы;

24) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

25) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

26) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;

27) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

28) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

29) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкердің жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

30) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

31) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

32) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі қызметсабақтарының негізгі түрі;

33) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

34) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды;

35) машықтар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

36) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі;

37) құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

38) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және дағды.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) БА – Біліктілік анықтамалығы;
- 2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 3) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышы;
- 4) ЖЖМ – Жанар-жағармай материалдары;
- 5) КС – Кәсіптік стандарт;
- 6) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 7) ӨҚҚ – Өсімдіктерді қорғау құралдары;
- 8) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
- 9) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған азық өндіру

5. Кәсіптік стандарттың коды: А045

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру

01.19 Басқа да бір-немесе екіжылдық дақылдарды өсіру

01.19.1 Азық дақылдарын және олардың тұқымдарын өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.2 Көп жылдық дақылдарды өсіру

01.29 Басқа да көпжылдық дақылдарды өсіру

01.29.0 Басқа да көпжылдық дақылдарды өсіру

С Өңдеу өнеркәсібі

10 Тамақ өнімдерін өндіру

10.9 Жануарларға арналған дайын азықтарды өндіру

10.91 Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру

10.91.0 Ауылшаруашылығы жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандартта ауыл шаруашылығы жануарларына арналған азық өндірісіне жататын негізгі кәсіптердің сипаттамасы, сондай-ақ азық өндіру жөніндегі жұмыстарды орындаумен айналысатын қызметкерлердің жұмыс сипаттамасы мен еңбек функциялары және ауыл шаруашылығы жануарларына арналған азық өндірісінің қызметін ұйымдастыру келтірілген.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) Азықты дайындау және даярлау жөніндегі білікті жұмысшы - СБШ 3 деңгейі;
- 2) Ветеринариялық фельдшер-зертханашы - СБШ 5 деңгейі;
- 3) Суару, суландыру жөніндегі жұмысшы - СБШ 2 деңгейі;
- 4) Зертхана бастығы (ауыл шаруашылығында) - СБШ 6 деңгейі;
- 5) Білікті ауыл шаруашылығы (егін дақылдары) жұмыскері - СБШ 3 деңгейі;
- 6) Бөлімше агрономы (біліктілік деңгейі орташа) - СБШ 5 деңгейі.

### 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Азықты дайындау және даярлау жөніндегі білікті жұмысшы" кәсіп карточкасы	
Топ коды:	6121-2
Қызмет атауының коды:	6121-2-001
Кәсіп атауы:	Азықты дайындау және даярлау жөніндегі білікті жұмысшы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	

<p>БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:</p>	<p>"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығымен бекітілген.</p> <p>87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 2. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 4-разряд.</p> <p>"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығымен бекітілген.</p> <p>87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 3. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 5-разряд.</p>		
<p>Кәсіптік білім деңгейі:</p>	<p>Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіп)</p>	<p>Мамандық: Ауыл шаруашылығын механикаландыру</p>	<p>Біліктілік: -</p>
	<p>Білім деңгейі: негізгі орта білім</p>	<p>Мамандық: -</p>	<p>Біліктілік: -</p>
	<p>Білім деңгейі: бастауыш білім</p>	<p>Мамандық: -</p>	<p>Біліктілік: -</p>
<p>Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:</p>	<p>Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар жоқ.</p>		
<p>Формалды емес және информалды біліммен байланыс:</p>	<p>Нұсқама/ жұмыс орнында тағылымдамадан өту немесе қысқа мерзімді оқыту;</p>		
<p>Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:</p>	<p>6121-2-003 - Азық әзірлеуші</p>		
<p>Қызметтің негізгі мақсаты:</p>	<p>Азықты механикаландырылған дайындау, тарату және бөлу.</p>		
<p>Еңбек функцияларының сипаттамасы</p>			
<p>Еңбек функцияларының тізбесі:</p>	<p>Міндетті еңбек функциялары:</p>	<p>1. Бір немесе екі жылдық және көпжылдық азық дақылдарынан азық дайындау, сақтау 2. Азықтық компоненттер мен дайындалатын азықтың сапасын бақылау және бағалау. 3. Азықты сақтау және беру</p>	
	<p>Қосымша еңбек функциялары:</p>		
		<p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Бір және екі жылдық азық дақылдарын қолмен және қарапайым құралдар арқылы дайындау. 2. Азықтың сақталуы мен сапасын талаптарға сай қамтамасыз ету. 3. Азық тұқымдарын сұрыптап, егіске дайындау. 4. Азық пен тұқымдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Механикаландырылған жабдықты қолданып азық дайындау процесін ұйымдастыру. 2. Азық сапасын бақылау және шіріген белгілерін уақтылы анықтау. 3. Тұқымдарды техникалық құралдар арқылы</p>	

	<p>1-дағды: Көпжылдық азық дақылдарынан азық дайындау, сақтау</p>	<p>дайындау және өңдеу (мысалы, протравливание). 4. Азық пен тұқымдардың санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтау.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Бір және екі жылдық азық дақылдарының түрлері мен ерекшеліктері. 2. Азық дайындау және сақтау технологиясы. 3. Азық пен тұқымдарды сақтау шарттары. 4. Азықпен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Құрал-жабдықпен азық дайындаудың технологиялық ерекшеліктері. 2. Азық сапасын бақылау әдістері және шірігендіктің алдын алу. 3. Азық тұқымдарын дайындаудың заманауи әдістері. 4. Азық пен тұқымдарды сақтауға қойылатын нормативтік талаптар.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p>
<p>1-еңбек функциясы: Бір- немесе екі жылдық және көпжылдық азық дақылдарынан азық дайындау, сақтау</p>	<p>2-дағды: Бір- немесе екі жылдық және көпжылдық азық дақылдарынан және олардың тұқымдарынан азық дайындау, сақтау</p>	<p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Көпжылдық азық дақылдарын қолмен дайындау ерекшеліктерін ескеру. 2. Көпжылдық азықтарды дұрыс дайындап, сақтау кезінде жоғалтуларды азайта отырып төсеу. 3. Көпжылдық азықтардың сақтау жағдайын бақылау. 4. Көпжылдық азықпен жұмыс істеу кезінде еңбек қорғау мен санитария ережелерін сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Көпжылдық азықтарды дайындау және өңдеуде механикаландырылған құралдарды пайдалану. 2. Көпжылдық азықтарды сақтау кезінде дақыл ерекшеліктерін және сақтау сапасын қамтамасыз ету. 3. Көпжылдық азықтардың сапасын бақылау, шіріген мен зақымдануын болдырмау. 4. Азық сақтау кезінде санитарлық нормалар мен талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Көпжылдық азық дақылдарының биологиясы мен құрылым ерекшеліктері. 2. Көпжылдық дақылдардан азық дайындау технологиясы. 3. Көпжылдық азықтардың сақтау шарттарының ерекшеліктері және сапасына әсері. 4. Азықпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік және гигиена ережелері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Көпжылдық азықтарды механикаландырылған дайындаудың заманауи технологиялары. 2. Сақтау шарттарының көп жылдық азықтардың қасиеттеріне әсері және оны бағалау әдістері. 3. Көп жылдық азықтарды сақтауға санитарлық және техникалық талаптар. 4. Еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі және гигиена нормалары.</p>



	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
2-еңбек функциясы: Азықтық компоненттер мен дайындалатын азықтың сапасын бақылау және бағалау.	1-дағды: Азықтық компоненттерді қабылдау және жинақтау	<p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Азық компоненттерін қабылдап, жинақтау орындарына ұқыпты орналастыру. 2. Азық құрамын көзбен қарап , бөгде заттар мен бүлінулерді анықтау. 3. Азық компоненттерін белгіленген нормаларға сәйкес сақтау ережелерін сақтау. 4. Келіп түскен азықтарға бастапқы есеп жүргізу және тіркеу. 5. Азық қоймаларында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету.</p> <p>5-разрядқа арналған машықтар 1. Белгіленген көрсеткіштер бойынша азық компоненттерінің сапасын қабылдау кезінде бақылау. 2. Азық түрлері мен қасиеттерін ескере отырып, дұрыс сақтауын ұйымдастыру. 3. Азықтарды қабылдау және жинақтау бойынша есеп пен құжат жүргізу. 4. Азықтарды сақтау шарттарының бұзылуын дер кезінде анықтап, жою. 5. Азық компоненттерін қабылдау және жинақтау кезінде бағыныштылардың жұмысын үйлестіру.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Азық компоненттерінің негізгі түрлері мен сипаттамалары . 2. Азықтарды қабылдау және жинақтау ережелері. 3. Сақтау жағдайларының азық сапасына әсері. 4. Азықпен жұмыс істеу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негіздері. 5. Азық қоймасын ұйымдастыру. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Азық сапасын бағалау және ақауларды анықтау әдістері. 2 . Азық компоненттерін сақтау стандарттары мен нормативтері. 3. Микробиологиялық және физикалық факторлардың азық өніміне әсері. 4. Есептік және есептік құжаттамаларды жүргізу ережелері. 5. Қойма жұмысын және азықтарды топтарға бөлу бойынша ұйымдастыру.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
	2-дағды:	<p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Азық компоненттерін механикалық қоспалардан қолмен немесе қарапайым жабдық арқылы тазарту. 2. Тазартылған азықтың ластанбағанын тексеру. 3. Тазарту технологиясын белгіленген стандарттарға сай орындау. 4. Жұмыс орнында тазалық пен тәртіпті сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Арнайы жабдықтар мен машиналарды пайдалана отырып, азықтарды тазарту. 2. Тазарту тиімділігі мен дайын өнім сапасын бақылау. 3. Азықтарды тазарту жұмыстарын ұйымдастыру, жұмысшылар арасында міндеттерді бөлу. 4. Тазарту операциялары бойынша құжат жүргізу.</p>

	<p>Азықтық компоненттерді қоспалардан тазарту</p>	<p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Азық компоненттерінде кездесетін қоспа түрлері. 2. Азықты тазарту технологиялық әдістері. 3. Ластану деңгейінің азық сапасы мен қауіпсіздігіне әсері. 4. Жабдықпен және азықпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының негіздері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Азықтарды тазартуға арналған жабдықтардың техникалық сипаттамалары. 2. Азық компоненттерін тазартудың заманауи әдістері мен стандарттары. 3. Өртүрлі қоспалардың азық сапасы мен жануарлар денсаулығына әсері. 4. Тазарту кезінде жабдықты пайдалану ережелері мен еңбекті қорғау талаптары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
<p>3-еңбек функциясы: Азықты сақтау және беру</p>	<p>1-дағды: Нығыздалмаған шөпті, сабанды және тендерді маялауыштармен күделеу</p>	<p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Азық компоненттерін механикалық қоспалардан қолмен немесе қарапайым жабдық арқылы тазарту. 2. Тазартылған азықтың ластанбағанын тексеру. 3. Тазарту технологиясын белгіленген стандарттарға сай орындау. 4. Жұмыс орнында тазалық пен тәртіпті сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Арнайы жабдықтар мен машиналарды пайдалана отырып, азықтарды тазарту. 2. Тазарту тиімділігі мен дайын өнім сапасын бақылау. 3. Азықтарды тазарту жұмыстарын ұйымдастыру, жұмысшылар арасында міндеттерді бөлу. 4. Тазарту операциялары бойынша құжат жүргізу.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Азық компоненттерінде кездесетін қоспа түрлері. 2. Азықты тазарту технологиялық әдістері. 3. Ластану деңгейінің азық сапасы мен қауіпсіздігіне әсері. 4. Жабдықпен және азықпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының негіздері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Азықтарды тазартуға арналған жабдықтардың техникалық сипаттамалары. 2. Азық компоненттерін тазартудың заманауи әдістері мен стандарттары. 3. Өртүрлі қоспалардың азық сапасы мен жануарлар денсаулығына әсері. 4. Тазарту кезінде жабдықты пайдалану ережелері мен еңбекті қорғау талаптары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
		<p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Тіркемелі пресс-жинағыштарды жұмысқа дайындау. 2. Тіркемелі пресс-жинағышпен маяланған шөпті престеу кезінде басқару. 3. Престеу сапасы мен тайланған тюктердің дұрыс қалыптасуын бақылау. 4</p>

	<p>2-дағды: Пішенді үймелерден тіркемелі және өздігінен жүретін пресс - жинағыштармен престеу</p>	<p>. Жабдықпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Тіркемелі және өздігінен жүретін пресс-жинағыштарды қызмет көрсету және баптау. 2. Шөпті тиімді өнімділікпен престеу жұмыстарын ұйымдастыру. 3. Қалыптасқан тюктердің сапасын бағалау және жақсарту шараларын қолдану. 4. Пресс-жинағышпен жұмыс істейтін көмекшілерді оқыту және бақылау.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Тіркемелі пресс-жинағыштардың құрылысы мен жұмыс істеу принципі. 2. Маяланған шөпті престеу технологиясы. 3. Престеу жағдайларының азық сапасына әсері. 4. Престейтін жабдықпен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасының негіздері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Өздігінен жүретін пресс-жинағыштардың техникалық сипаттамалары мен пайдалану ерекшеліктері. 2. Престеудің заманауи әдістері және олардың азық сапасына әсері. 3. Пресс-жинағыш жабдықтарымен жұмыс істеудегі еңбек ұйымдастыру және қауіпсіздік техникасы.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Бейімділік Жауапкершілік Ұқыптылық Шыдамдылық Тез шешім қабылдай білу Командада жұмыс істей білу Мақсаткерлік Тәртіптілік Сыпайылық Мейірімділік</p>	
<p>Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:</p>	<p>1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі. 2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы. 3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы. 4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы. 5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы 6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді. 7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30</p>	

	желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.		
	8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
	3	Зиянкестермен күресу жөніндегі қызметкер	
	5	Бөлімшенің (бригаданың, ауыл шаруашылығы учаскесінің, ферманың) агрономы (біліктілігі орташа)	
10. "Ветеринариялық фельдшер-зертханашы" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	3240-0		
Қызмет атауының коды:	3240-0-007		
Кәсіп атауы:	Ветеринариялық фельдшер-зертханашы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 тамызда № 19280 болып тіркелді. 7-параграф. Ветеринариялық фельдшер.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санатты ветеринариялық фельдшер-лаборант: ветеринария мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім және II санатты ветеринариялық фельдшер лауазымындағы жұмыс өтілі 2 жылдан кем емес; II санатты ветеринариялық фельдшер-лаборант: ветеринария мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім және санаты жоқ ветеринариялық фельдшер лауазымындағы жұмыс өтілі 2 жылдан кем емес; Санаты жоқ ветеринариялық фельдшер-лаборант: ветеринария мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	2250-0-002 - Ветеринариялық-санитариялық дәрігер 3240-0-006 - Ветеринариялық фельдшер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ауыл шаруашылығы жануарларының ауруларын алдын алу және олардың денсаулығы мен өнімділігін қамтамасыз ету мақсатында азықтарды, су және биоматериалдардың сапасына ветеринариялық-санитариялық бақылау жүргізу үшін зертханалық зерттеулер жүргізу.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	<p>Міндетті еңбек функциялары:</p>	<p>1. Азыққа ветеринариялық-санитариялық зертханалық зерттеулер жүргізу.</p> <p>2. Ауыл шаруашылығы жануарларын азықтандыруға пайдаланылатын азықтың ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бақылау және зертхана нәтижелерін әзірлеу.</p>
	<p>Қосымша еңбек функциялары:</p>	
1-еңбек функциясы: Азықтарға ветеринариялық-санитариялық зертханалық зерттеулер жүргізу.	<p>1-дағды: Азық сапасын бақылау кезінде нормативтік-құқықтық және ветеринариялық-санитариялық талаптарды қолдану.</p>	<p>Машықтар: 1. Азық сапасына қатысты нормативтік құжаттарды талдау және қолдану. 2. Ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес сәйкестік мониторингін жүргізу. 3. Қауіпті және сапасыз азықты анықтау бойынша шешім қабылдау. 4. Ветеринариялық бақылау кезінде талап етілетін есептік және рұқсат беру құжаттарын ресімдеу. 5. Азық сапасына байланысты заңнамалық және нормативтік актілерді қолдану бойынша кеңес беру.</p> <p>Білімдер: 1. ҚР ветеринария саласындағы заңнамасы және нормативтік актілері. 2. Азықтың сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптар. 3. Мемлекеттік стандарттар, техникалық регламенттер және басқа да нормативтік құжаттар. 4. Құжаттарды ресімдеу тәртібі және ведомстволық есепке алу жүйесі. 5. Тәуекелдерді басқару және азық сапасын бақылау жүйесінің негіздері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>2-дағды: Азықтың сапасы мен қауіпсіздігін зертханалық талдау әдістерін меңгеру</p>	<p>Машықтар: 1. Зерттеу үшін азық үлгілерін таңдау, таңбалау және дайындау. 2. Органолептикалық, физика-химиялық және микробиологиялық зерттеулер жүргізу. 3. Токсиндер, патогенді микроағзалар, зең және басқа да ластаушыларды анықтау. 4. Зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеу (автоматты анализаторлар, микроскоптар және т.б.). 5. Зерттеу хаттамаларын ресімдеу, есеп жүргізу және есептілікті дайындау. 6. Санитариялық нормалар, биологиялық қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтау.</p> <p>Білімдер: 1. Ветеринариялық микробиология, токсикология және жануарларды азықтандыру негіздері. 2. Нормативтік құжаттарға сәйкес азықтың сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. 3. Азықтың қоректік құндылығын бақылау және бағалау әдістері. 4. Зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеу ережелері. 5. Азықпен пен жұмыс істеу кезіндегі</p>

		санитарлық және ветеринариялық нормалар. 6. Ветеринария және азық өндірісі саласындағы заңнама.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
2-еңбек функциясы: Ауыл шаруашылығы жануарларын азықтандыруға пайдаланылатын азықтың ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бақылау және зертхана нәтижелерін әзірлеу.	1-дағды: Зертханалық бақылау әдістерін қолдана отырып, азықтардың ластану мен қауіпті қоспаларды анықтау.	Машықтар: 1. Белгіленген әдістемелерге сәйкес азықтардан сынамалар алу. 2. Азық құрамындағы патогендер, токсиндер, зең, нитраттар және басқа зиянды заттарды анықтауға зертханалық зерттеулер жүргізу. 3. Зерттеу хаттамаларын рәсімдеу және нәтижелерді зертханалық журналға енгізу. 4. Алынған нәтижелерді талдау және азық сапасы бойынша алдын ала қорытынды жасау. Білімдер: 1. Азыққа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізудің негіздері. 2. Қолданыстағы нормативтерге сәйкес азықтың сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. 3. Азықтың микробиологиялық және химиялық ластануын анықтау әдістері. 4. Лаборатория жағдайында биологиялық материалмен жұмыс істеу және сақтау ережелері. 5. Зертханадағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
	2-дағды: Зертханалық талдаулар негізінде азықтың қоректік құндылығын бағалау.	Машықтар: 1. Протеин, талшық, май, ылғал және басқа көрсеткіштерді анықтау үшін зертханалық тесттер жүргізу. 2. Зертханалық жабдықтармен жұмыс істеу. 3. Нәтижелерді нормативтік көрсеткіштермен салыстыру және азықты сапасына қарай жіктеу. 4. Ауыл шаруашылығы жануарларын азықтандыруға жарамдылығы туралы қорытынды жасау. Білімдер: 1. Өртүрлі жануар түрлеріне арналған азықтың қоректік құндылығы бойынша нормативтер. 2. Азықтың химиялық және физика-химиялық талдау әдістері. 3. Өртүрлі компоненттердің жануарлар денсаулығына әсері. 4. Зертханалық қорытындыларды рәсімдеуге қойылатын талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Ұқыптылық Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Сыпайылық Мейірімділік Төзімділік пен еңбексүйгіштік	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі.		
	2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.		
	3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.		
	4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы.		
	5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы		
	6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.		
	7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.		
	8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
	6	Ветеринариялық фельдшер	
11. "Суару, суландыру жөніндегі жұмысшы" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	9211-1		
Қызмет атауының коды:	9211-1-004		
Кәсіп атауы:	Сулау, суландыру жөніндегі жұмысшы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	2		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығымен бекітілген. 63. Дикан. Параграф 1. Дикан.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	негізгі орта білім	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар жоқ.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Нұсқама/ жұмыс орнында тағылымдамадан өту немесе қысқа мерзімді оқыту;		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	9116-0-009 - Жерлерді суару жөнінде жұмысшы		
	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру процесінде жұмыстарды, бекітілген аумақта егістік дақылдарын суару жөніндегі операцияларды орындау, суару кестелеріне сәйкес егістіктерді суару режимін, ал құрғатылған жерлерде		

Қызметтің негізгі мақсаты:	топырақтың оңтайлы ылғалдылығын сақтай отырып, қажетті құрғату режимін реттеу.	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Оларға бекітілген аумақта егістік дақылдарды суару бойынша жұмыстарды орындау 2. Өсірілетін дақылдардың қажеттіліктеріне сәйкес топырақтың су режимін реттеу
	Қосымша еңбек функциялары:	
1-еңбек функциясы: Оларға бекітілген аумақта егістік дақылдарды суару бойынша жұмыстарды орындау	1-дағды: Суаруды қолмен немесе қол құралдарымен жүргізу	<p>Машықтар:</p> <p>1. Жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ету, бекітілген аумақта қол құралдарын пайдаланып суарған кезде су ресурстарын үнемді пайдалану. 2. Бекітілген аумақта негізгі дала дақылдарын суару мерзімдері мен сызбаларын сақтау. 3. Суармас бұрын азық алқаптарының жағдайын бағалау. 4. Суару маусымына дайындық жұмыстарына қатысу ( арналарды тазалау, құрал-жабдықтарды тексеру). 5. Суару кезінде ылғалдың біркелкі бөлінуін бақылау.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Белгілі бір аймақ жағдайында негізгі дақылдар егілген жерлерді суару режимі. 2. Қолмен суаруда су ресурстарын тиімді пайдаланудың негізгі қағидалары. 3. Өндірісті ұйымдастыру және технологиясы. 4. Жасыл азық өсіру технологиясы. 5. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау тәртібі. 6. Өрт қауіпсіздігі талаптары. 7. Ішкі еңбек тәртібі ережелері. 8. Өндірістік санитария талаптары.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
2-еңбек функциясы: Оларға бекітілген аумақта егістік дақылдарды суару бойынша жұмыстарды орындау	2-дағды: Машиналар мен механизмдерді пайдалана отырып суаруды жүргізу	<p>Машықтар:</p> <p>1. Бекітілген аумақта механикаландырылған суару кезінде еңбек өнімділігін арттыру және су ресурстарын үнемді пайдалану. 2. Жер бедерінің күрделілігіне байланысты негізгі дала дақылдарын суару және механикаландырылған суару технологияларын сақтау. 3. Суару құрылғыларына ( жаңбырлатқыш, тамшылатып суару, барабанды жүйелер және т.б.) техникалық қызмет көрсету және баптау жұмыстарын жүргізу. 4. Судың егістікке біркелкі таралуын бақылау. 5. Жабдық жұмысы кезінде ұсақ ақауларды жою.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Өртүрлі суару және егістік суғару технологияларының артықшылықтары мен кемшіліктері. 2. Механикаландырылған суару кезінде су ресурстарын тиімді пайдалану қағидалары. 3. Суару үшін қолданылатын машиналар мен механизмдердің құрылысы және жұмыс істеу принциптері. 4. Суару техникасының қысымға, су шығынына және жұмыс режимдеріне</p>



		қойылатын талаптары. 5. Суару машиналарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
2-еңбек функциясы: Өсірілетін дақылдардың қажеттіліктеріне сәйкес топырақтың су режимін реттеу	1-дағды: Өсірілетін көпжылдық дақылдардың су режимін реттеу технологиясын сақтау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бір және екіжылдық дақылдардың қажеттілігіне сәйкес топырақтың су және ауа режимдерін сақтау.</li> <li>2. Маусымға және өсірілетін дақылдардың ерекшеліктеріне қарай су қорының қорын жасау.</li> <li>3. Топырақ ылғалдылығын көзбен шолу және арнайы аспаптар арқылы бағалау.</li> <li>4. Ауа райы жағдайы мен өсімдіктердің өсу фазаларына байланысты суару кестелерін түзету.</li> <li>5. Белгілі бір дақылға сәйкес су режимін бейімдеу мақсатында агрономдармен өзара әрекеттесу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Белгілі бір табиғи және агротехникалық жағдайларда бір немесе екіжылдық дақылдар үшін топырақтың тамырлы қабатында оңтайлы су режимін қамтамасыз ететін суару нормалары мен мөлшері (суару саны, нормасы, мерзімі).</li> <li>2. Бір және екіжылдық далалық дақылдардың даму фазаларына қарай суару технологияларын сақтау.</li> <li>3. Топырақ ылғалдылығын бақылау әдістері мен құралдары.</li> <li>4. Су режимінің тамыр жүйесінің дамуы мен өнімділікке әсері.</li> <li>5. Жекелеген мал азықтық дақылдардың (жүгері, сорго, жоңышқа және т.б.) суға деген сұранысының ерекшеліктері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік</p> <p>Ұқыптылық</p> <p>Шыдамдылық</p> <p>Командада жұмыс істей білу</p> <p>Тәртіптілік</p> <p>Сыпайылық</p> <p>Мейірімділік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі.</li> <li>2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.</li> <li>3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.</li> <li>4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы.</li> <li>5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы</li> <li>6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды</li> </ol>

	<p>бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.</p> <p>7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.</p> <p>8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.</p>		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
	3	Зиянкестермен күресу жөніндегі жұмыскер	
	1	Өсімдік күтімі бойынша жұмысшы	
12. "Зертхана бастығы (ауыл шаруашылығында)" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	1310-1		
Қызмет атауының коды:	1310-1-034		
Кәсіп атауы:	Зертхана бастығы (ауыл шаруашылығында)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	<p>"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы"</p> <p>бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді.</p> <p>16-параграф. Институттың ғылыми-зерттеу бөлімінің (бөлімше, зертхана) меңгерушісі (бастығы)</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	<p>Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, доктордың, ғылым кандидатының, философия докторының (PhD) немесе бейіні бойынша доктордың ғылыми дәрежесі (немесе дәрежесі), ғылыми еңбегінің болуы, ғылыми және ұйымдастырушылық жұмыстардағы өтілі кемінде 5 жыл болуға тиіс.</p>		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	1310-1-030 - Станция меңгерушісі (ауыл шаруашылығында)		

Қызметтің негізгі мақсаты:	Жаңа техника мен технологияны игеру негізінде бәсекеге қабілетті, экологиялық қауіпсіз өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, өнім, топырақ және топырақ сапасының қолданыстағы өндірістік, экологиялық стандарттар мен нормативтерге сәйкестігін зертханалық бақылауды қамтамасыз ету.	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<p>1. Өсімдік тектес азықтардың сапасын бағалау үшін агрохимиялық талдауларды ұйымдастыру және жүргізу.</p> <p>2. Топырақ пен грунт сапасына зертханалық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу.</p> <p>3. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін және олардың сапасын арттыру жөніндегі жұмыстарды іске асыру шеңберінде өндірістік міндеттерді шешу</p>
	Қосымша еңбек функциялары:	
	1-дағды: Ірі азықтардың сапасын бағалау	<p>Машықтар:</p> <p>1. Әртүрлі шырынды азықтардың қоректік құндылығын есептеу әдістемелерін қолдану. 2. Азықтардың ботаникалық құрамын арамшөп қоспалардың бар-жоғын және үлгілердің азықтық құндылығын анықтау. 3. Лабораториялық талдау үшін азықтан орташа сынамалар алу талаптарына сай іріктеу. 4. Агрохимиялық талдау жүргізу үшін лабораториялық аспаптар мен құрал-жабдықтарды пайдалану. 5. Тексеру нәтижелерін талдап, шырынды азықтардың сапасы туралы қорытынды жасау. 6. Азық талдау нәтижелері бойынша есеп жүргізу және құжаттаманы толтыру.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Агрохимиялық жұмыстарды жүргізу нормалары мен регламенттері. 2. Қолданылатын материалдардың сипаттамалары (негізгі өсімдіктердің даму кезеңдері). 3. Шырынды азықтардың сапа көрсеткіштері (ылғалдылық, протеин, талшық, қант мөлшері және т.б.). 4. Азық сынамаларын іріктеу, сақтау және тасымалдау талаптары. 5. Қоректік құндылықты және азықтардың жарамдылығын анықтау әдістері. 6. Азық өндірісінің негіздері және өсімдік тектес азықтарды жіктеу. 7. Зертханалық талдауларды жүргізу кезінде қауіпсіздік талаптары.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
		<p>Машықтар:</p> <p>1. Ірі азықтардың (шөп, сабан және т.б.) қоректік құндылығын есептеу әдістемелерін пайдалану. 2. Ірі азықтардың шаруашылық бағалауы мен стандарттауын ұйымдастыру. 3. ҚІрі азықтардың сынамаларын алу және оларды зертханалық</p>

<p>1-енбек функциясы:  Өсімдік тектес азықтардың сапасын бағалау үшін агрохимиялық талдауларды ұйымдастыру және жүргізу.</p>	<p>2-дағды:  Ірі азықтардың сапасын бағалау</p>	<p>талдауға дайындау. 4. Нормативтерге сәйкес талшық, протеин, ылғал және басқа көрсеткіштерді анықтау. 5. Алынған деректерді талдап, азық сапасы туралы қорытынды жасау. 6. Қатты азықтарды сапа көрсеткіштері бойынша жіктеу және сұрыптау.</p> <p>Білімдер:  1. Қатты азықтардың агрохимиялық сапасын бақылау қағидалары. 2. Қолданылатын материалдардың сипаттамалары (азық түрлері, негізгі өсімдіктердің сапасы). 3. Ірі азықтардағы коректік заттардың құрамын анықтау әдістері. 4. Ірі азықтарға қойылатын мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар. 5. Ірі азықтарды жинау, кептіру және сақтау кезіндегі сапаға әсер ететін факторлар. 6. Азық сапасын бақылау кезінде құжат жүргізу тәртібі.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>3-дағды:  Құнарландырылған және өзге де азықтардың сапасын бағалау</p>	<p>Машықтар:  1. Құнарландырылған және құрама азықтардың коректік құндылығын есептеу әдістемелерін пайдалану. 2. Өртүрлі құнарландырылған азықтардың химиялық құрамын, энергиялық және биологиялық құндылығын бағалау. 3. Жануарлар мен құстардың түрі, жасы және өнімділігін ескере отырып, азық рационын құрастыру және түзету. 4. Құнарландырылған азықтар құрамының нормативтерге сәйкестігін бақылау. 5. Азық мөлшеріндегі коректік заттардың теңгерімін есептеу әдістерін қолдану. 6. Азық сапасы мен теңгерімділігі туралы бағалау нәтижелері бойынша есептер дайындау.</p> <p>Білімдер:  1. Құнарландырылған және басқа да өсімдік негізіндегі азықтарды өндіру технологиялары мен режимдері. 2. Құнарландырылған азықтардың сапасын зертханалық бақылау бойынша стандарттар, техникалық шарттар, әдістемелер мен нұсқаулықтар. 3. Жануарлар мен құстарды рационалды азықтандыру негіздері. 4. Азықтарды коректік заттар бойынша бағалау жүйесі (алмасу энергиясы, шикі протеин, талшық және т.б.). 5. Құнарландырылған азықтардың сапасын сақтау мақсатында сақтау және тасымалдау әдістері. 6. Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері бойынша азық тұтыну нормалары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
		<p>Машықтар:  1. Топырақ пен жердің агрохимиялық көрсеткіштерін бағалау үшін зертханалық талдауларды ұйымдастыру және жүргізу. 2.</p>

<p>2-еңбек функциясы: Топырақ пен грунт сапасына зертханалық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу.</p>	<p>1-дағды: Зертханалық зерттеу жүргізу</p>	<p>Зертханалық сынамаларға арналған үлгілерді іріктеу , дайындау және таңбалау. 3. Қышқылдық деңгейін, тұздануын, органикалық заттардың, макро- және микроэлементтердің мөлшерін бағалау. 4. Көрсеткіштердің нормативтік мәндерден ауытқуын анықтау және мелиоративтік, агрохимиялық шаралар туралы ұсыныстар әзірлеу. 5. Зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша есеп жүргізу және құжаттаманы рәсімдеу. 6. Ғылыми деректерді талдап, оларды азық өндірісінде топырақ сапасын бағалауда қолдану.</p> <p>Білімдер: 1. Ауыл шаруашылығы жерлерін топырақ-агрохимиялық, токсикологиялық және радиологиялық зерттеу әдістемелері. 2. Топырақты жіктеу және олардың агрохимиялық сипаттамасы. 3. Ауыл шаруашылығы өндірісін қамтамасыз ету үшін топырақ сапасына қойылатын нормативтік және техникалық талаптар. 4. Топырақтану, агрохимия және экология негіздері. 5. Химиялық реагенттермен және зертханалық жабдықтармен жұмыс істеу кезінде техника қауіпсіздігі талаптары. 6. Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша хаттамалар мен қорытындыларды рәсімдеу тәртібі.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>2-дағды: Жұмыстардың сапасын бақылауды ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар: 1. Зертханалық жұмыстардың күнтізбелік жоспарларының, кестелерінің және мерзімдерінің орындалуын бақылау. 2. Агрохимиялық зерттеулердің күнтізбелік жоспарларын құруды, жүргізуді және уақытында түзетуді ұйымдастыру. 3. Зертханалық жұмыстардың нәтижелерін талдап, белгіленген талаптардан ауытқуларды анықтау. 4. Қызметкерлердің әрекетін үйлестіру, зертханалық зерттеулер әдістемелері мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету. 5. Зертханалық тәжірибеде ішкі сапа бақылау жүйесін енгізуді қамтамасыз ету.</p> <p>Білімдер: 1. Агрохимиялық және зертханалық жұмыстардың негізгі түрлерін жүргізу технологиясы. 2. Азықтар мен топырақ сапасын бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдар және нормативтік құжаттар. 3. Өндірістік процесті ұйымдастыру және зертханалық зерттеулерді жоспарлау негіздері. 4. Сапаны бақылау нәтижелері бойынша құжаттаманы рәсімдеу талаптары. 5. Зертханалық деректердің дәлдігі, қайталануы және сенімділігін бағалау принциптері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>

<p>3-еңбек функциясы:          Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін және олардың сапасын арттыру жөніндегі жұмыстарды іске асыру шеңберінде өндірістік міндеттерді шешу</p>	<p>1-дағды:          Азық сапасын анықтау</p>	<p>Машықтар:          1. Азық сапасын анықтау бойынша ғылыми-өндірістік міндеттерді шешуге арналған ақпараттық іздеу және деректерді талдау. 2. Өртүрлі ауыл шаруашылығы жануарларының азық сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүргізу. 3. Азықтардың тағамдық құндылығы, ылғалдылығы, ластануы және басқа көрсеткіштерін анықтау әдістерін таңдау және қолдану. 4. Алынған зертханалық деректерді талдап, негізделген қорытындылар жасау. 5. Азық сапасын бағалау нәтижелері бойынша есептер мен ұсыныстар әзірлеу.</p>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Білімдер:          1. Азық сапасын зерттеудің негізгі зертханалық әдістері (органолептикалық, физика-химиялық, биохимиялық). 2. Азық сапасына қатысты нормативтік құжаттар мен стандарттардың талаптары. 3. Қазіргі заманғы зертханалық талдау әдістері мен азықтарды зерттеуде қолданылатын жабдықтар. 4. Азықтарды сақтау және айналымға енгізу шарттарына қойылатын техникалық және санитарлық талаптар. 5. Сапа бақылауы нәтижелерін рәсімдеу тәртібі және талдамалық есептерді ұсыну.</p>	
<p>2-дағды:          Зерттеушілер ұжымдарын қалыптастыру және ғылыми кадрлармен жұмыс жасау</p>	<p>Талап етілмейді</p> <p>Машықтар:          1. Зертханалық және агрохимиялық зерттеулер бағыттары бойынша қызметкерлер топтарын құру және міндеттерді бөлу. 2. Өртүрлі бейінді мамандар арасындағы тиімді өзара әрекетті ұйымдастыру арқылы зерттеу міндеттерін іске асыру. 3. Технологияларды тасымалдау және сапаны бақылаудың ғылыми әдістерін өндірістік жағдайларға бейімдеу. 4. Ғылыми-өндірістік мақсаттарға жету үшін ұжымның жұмысын ынталандыру және үйлестіру. 5. Жас мамандарға нұсқау жүргізу және тәлімгерлік ұйымдастыру.</p> <p>Білімдер:          1. Ғылыми және өндірістік кадрларды дайындау, біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша түрлері, әдістері және нормативтік талаптар. 2. Ғылыми ұжымдардағы жобалық және командалық жұмыстың негіздері. 3. Ғылыми жетістіктерді өндірістік тәжірибеге енгізу әдістемелері. 4. Зерттеу қызметінде персоналды басқару және командалық динамика қағидаттары</p>	
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
<p>Дербестік және жауапкершілік          Командада жұмыс істей білу</p>		

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Максаткерлік Сыпайылық Мейірімділік Бастамашылық Сыни ойлау Көшбасшылық Логикалық ойлау</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі. 2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы. 3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы. 4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы. 5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы 6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді. 7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді. 8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:
	6	Агроном
	8	Бас агроном
13. "Білікті ауыл шаруашылығы (егін дақылдары) жұмыскері" кәсіп карточкасы		
Топ коды:	6111-1	
Қызмет атауының коды:	6111-1-001	
Кәсіп атауы:	Білікті ауыл шаруашылығы (егін дақылдары) жұмыскері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
	<p>"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығымен бекітілген. 87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 2. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 4-разряд.</p>	
	<p>"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы</p>	

БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығымен бекітілген. 87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 3. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 5-разряд.		
	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығымен бекітілген. 87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 4. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 6-разряд.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіп)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар жоқ.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Нұсқама/ жұмыс орнында тағылымдамадан өту немесе қысқа мерзімді оқыту;		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	6111-1-003 - Дикан		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Негізгі танаптық дақылдарды өсіру, бастапқы өңдеу және сақтау бойынша қарапайым, механикаландырылған жұмыстарды орындау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Негізгі танаптық дақылдарының өнімдерін өсіру, бастапқы өңдеу және сақтау бойынша механикаландырылмаған операцияларды орындау 2. Негізгі танаптық дақылдардың өнімдерін өсіру, бастапқы өңдеу және сақтау жөніндегі механикаландырылған операцияларды жүзеге асыру 3. Танаптық дақылдарды өсірудің технологиялық циклінде тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану жөніндегі операцияларды орындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Берілген схема бойынша азық дақылдарын қолмен себу және отырғызу. 2. Қолмен арамшөптерді тазарту, қопсыту және суару. 3. Жасыл массаны жинауға, сұрыптауға және бастапқы өңдеуге қатысу. 4. Тұқым шығынының нормаларын және себу мерзімдерін сақтау. 5. Қарапайым ауыл шаруашылығы мүкәммәлімен (күрек, кетпен және т.б.) жұмыс істеу. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Агротехникалық операцияларды нақты азық дақылдарының ерекшеліктерін ескере отырып орындау. 2. Өсірудің әртүрлі кезеңдерінде қол еңбегінің сапасын бақылау	



<p>1-еңбек функциясы: Негізгі танаптық дақылдардың өнімдерін өсіру, бастапқы өңдеу және сақтау бойынша механикаландырылмаған операцияларды орындау</p>	<p>1-дағды: Танаптық дақылдардың өнімдерін өсіру, бастапқы өңдеу бойынша механикаландырылмаған қарапайым операцияларды орындау</p>	<p>. 3. Азық шикізатын бастапқы тазалау және сұрыптау жұмыстарын жүргізу. 4. Азықты сақтау үшін дайындау жұмыстарына қатысу (аздап кептіру, толық кептіру, үйіп қою). 5. Технологиялық талаптардың орындалуын және еңбек өнімділігін есепке алу. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Учаскедегі қолмен орындалатын жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру. 2. Агротехникалық талаптардың және жұмыс сапасының сақталуын бақылау. 3. Себу және дақылдарға күтім жасау мерзімдерінің орындалуын қамтамасыз ету. 4. Қолмен орындалатын жұмыстардың тиімділігін талдау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу. 5. Тәжірибесі аз жұмысшыларды қол еңбегі тәсілдеріне үйрету.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Негізгі азықтық дақылдардың атауы мен мақсаты. 2. Қолмен жүргізілетін агротехникалық жұмыстардың кезеңдері (себу, арамшөп жұлу, суару және т.б.). 3. Тұқым шығынының бастапқы нормалары мен отырғызу мерзімдері. 4. Далада қолмен жұмыс істеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі негіздері. 5. Қолданылатын ауылшаруашылық құралдарының мақсаты мен пайдалану ережелері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Өсіруге арналған азық дақылдарының биологиялық ерекшеліктері. 2. Агротехника негіздері – ауыспалы егіс, себу нормалары, отырғызу тығыздығы. 3. Өнімді бастапқы өңдеу сапасына қойылатын талаптар. 4. Азық шикізатын қысқа мерзімге сақтау шарттары мен тәсілдері. 5. Қол еңбегін ұйымдастыру ережелері және операциялардың сапасын бақылау. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Қолмен орындалатын технологияларды қолдана отырып азықтық дақылдарын өсірудің заманауи тәсілдері. 2. Ауа райы мен топырақ жағдайларының қолмен өсіру технологиясына әсері. 3. Қолмен орындалатын жұмыстардың сапасын бағалау әдістері және процестерді оңтайландыру. 4. Түрлі азықтық дақылдарын өсірудің технологиялық карталары. 5. Дала жағдайында еңбекті ұйымдастыру, тәлімгерлік және оқыту негіздері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p> <p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Өнімді (пішен, сабан, жасыл масса) қолмен жинау және орын ауыстыру жұмыстарын орындау. 2. Қоймада жұмыс істеу кезінде санитариялық талаптар мен жеке тазалық қағидаларын сақтау. 3. Сақтауға арналған ыдыс, төсеніштер мен мүкәммәл дайындау. 4. Сақтау алаңының тазалығын және тәртібін сақтау. 5.</p>

2-дағды:  
Танаптық дақылдардың өнімдерін сақтау бойынша механикаландырылмаған қарапайым операцияларды орындау

Өнімді жауын-шашыннан және қызып кетуден қорғау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Өнімді желдету жағдайын және тығыздығын ескере отырып орналастыруды ұйымдастыру. 2. Өнімнің жай-күйін визуалды тексеру және бастапқы бақылау жүргізу. 3. Өзін-өзі қыздыру мен көгерудің алдын алу үшін қарапайым шараларды қолдану. 4. Сақтау алаңдары мен қоймаларды дайындауға қатысу. 5. Сақтау көлемін және мерзімін қолмен немесе үлгі бойынша тіркеу. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Өнім түріне қарай сақтау технологиясының сақталуын бақылау. 2. Бүлінудің бастапқы белгілерін анықтап, оны жою шараларын қабылдау. 3. Алаңды тиімді пайдалану үшін өнімді қайта орналастыруды жүргізу. 4. Азықты есепке алу, орнын ауыстыру және күйі бойынша құжаттар ресімдеу. 5. Төменгі разрядтағы жұмысшыларға басшылық жасап, сақтау сапасын бақылау.

Білімдер:  
4-разрядқа арналған білімдер 1. Негізгі танаптық азықтық дақылдарының өнім түрлері (пішен, сүрлем, астық және т.б.). 2. Азықты қолмен жинау және қоймалаудың қарапайым қағидалары. 3. Қысқа мерзімді сақтау кезінде температура мен ылғалдылыққа қойылатын талаптар. 4. Қоймада жұмыс істеу кезінде санитария және жеке қауіпсіздік қағидалары. 5. Өнімнің бұзылуын алдын алу әдістері (желдету, жабу және т.б.). 5-разрядқа арналған білімдер 1. Өртүрлі азықтық өнімдерін сақтау шарттары (ылғалдылық, жинау тығыздығы). 2. Қордың жай-күйін көзбен шолу және қарапайым құралдар арқылы бақылау әдістері. 3. Азықтың бұзылуы немесе өздігінен қызуының себептері мен белгілері. 4. Өнім қабылдауға қоймаларды және алаңдарды дайындау талаптары. 5. Сақтау кезінде есеп жүргізудің негізгі элементтері (көлемі, күні, өнім түрі). 6-разрядқа арналған білімдер 1. Өртүрлі жағдайдағы азықты сақтау технологиялық схемалары (шөп қоймалары, траншеялар, бөренелер). 2. Сақтау мерзімін ұзарту және шығынды азайту шаралары. 3. Қоймалардың санитариялық жағдайына қатысты нормативтік құжаттар мен талаптар. 4. Жинақ көлемін өнімділікке байланысты жоспарлау қағидаттары. 5. Персоналды қауіпсіз әрі тиімді сақтау әдістеріне оқыту тәсілдері.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

Талап етілмейді

Машықтар:  
4-разрядқа арналған машықтар 1. Қарапайым машиналар мен құралдарды (тұқым сепкіш, культиватор, тырма) бақылауымен басқару. 2. Техниканы жұмысқа дайындау (майлау, түйіндерін тексеру). 3. Машиналардың жұмысын қадағалап,

	<p>1-дағды: Танаптық дақылдар өнімдерін өсіру, бастапқы өңдеу бойынша механикаландырылған операцияларды орындау</p>	<p>жеңіл ақауларды жою. 4. Тікелей және қарапайым жерлерде жұмыс істеу. 5. ЖЖМ-ды үнемді пайдалану және техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Механизацияланған жұмыстарды дербес орындау ( тұқым себу, өңдеу, тыңайтқыш себу). 2. Агротехнологияға сәйкес техниканың жұмыс бөліктерін баптау. 3. Өңдеу тереңдігін, себу нормасын, біркелкілігін бақылау. 4. Орындаған жұмыстарды есепке алу. 5. Аздап еңіспелі және күрделі бедерлерде жұмыс істеу. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Көп функциялы агрегаттар мен күрделі техниканы басқару (комбайн, тұқым себу кешені). 2. Қиын ауа-райы мен топырақ жағдайында агротехникалық дәл жұмыстарды орындау. 3. Машиналардың техникалық жағдайын диагностикалау және қызмет көрсету ұйымдастыру. 4. Технологиялық процесті және техниканың қозғалыс маршрутын оңтайландыру. 5. Жұмыстың жоғары өнімділігі мен сапасын қамтамасыз ету.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Негізгі ауыл шаруашылығы техникаларының (тұқым сепкіш, қопсытқыш, трактор) тағайындалуы мен құрылымы. 2. Техниканы қосу, тоқтату, майлау және негізгі техникалық қызмет көрсету қағидалары. 3. Топырақты өңдеу мен тұқым себу агротехникасының негіздері. 4. Механизмдерде қауіпсіз жұмыс істеу қағидалары. 5. Негізгі механизацияланған операциялардың мақсаты мен орындалу тәртібі. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Тұқым себу, өңдеу, күтім және өнім жинауға қойылатын агротехникалық талаптар. 2. Техниканың жұмыс бөлшектерін баптау және реттеу қағидааттары. 3. Механизацияланған жұмыстардың сапа талаптары. 4. Әртүрлі топырақ және бедер жағдайларында машиналарды пайдалану негіздері. 5. Жанар-жағармай шығынының нормалары және орындалған жұмыстардың есебі. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Күрделі ауыл шаруашылығы агрегаттарының құрылымы және жұмыс істеу қағидааттары. 2. Нақты егіншілік технологиялары және техниканы автоматтандырылған басқару. 3. Өндірістік процесті және өңдеу бағыттарын оңтайландыру әдістері. 4. Агротехника және операциялардың сапасына қойылатын тереңдетілген талаптар. 5. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және экологияға қатысты нормативтік құжаттар.</p>
<p>2-еңбек функциясы: Негізгі танаптық дақылдарының өнімдерін өсіру, бастапқы өңдеу және сақтау жөніндегі механикаландырылған операцияларды жүзеге асыру</p>		<p>Талап етілмейді</p> <p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Өнімді тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде қарапайым</p>

	<p>2-дағды: Танаптық дақылдардың өнімдерін сақтау жөніндегі механикаландырылған операцияларды орындау</p>	<p>механизмдерді басқару. 2. Өнімді сақтау орындарында орналастырудың негізгі талаптарын сақтау. 3. Қарапайым құралдарды пайдаланып өнімді алғашқы тазалау және сұрыптау. 4. Негізгі параметрлерді (ылғалдылық, температура) колмен бақылау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Өнімді кептіру, желдету және механикалық тазалау жабдықтарына қызмет көрсету. 2. Өнім түріне байланысты сақтау режимдерін реттеу. 3. Өнімді қабылдау және беру кезінде есеп жүргізу. 4. Жабдық пен техниканың жеңіл ақауларын анықтау және жою. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Өнімді механизацияланған сақтау және тасымалдау жұмыстарын ұйымдастыру. 2. Жабдықтың техникалық жағдайын бақылау және техникалық қызмет көрсету жүргізу. 3. Сақтау жағдайларын бағалап, өнімнің бұзылуын алдын алу шараларын қабылдау. 4. Өнім қозғалысы мен жабдық жұмысы бойынша есеп және құжат жүргізу.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білім 1. Негізгі танаптық дақылдарды сақтау технологиясының негіздері. 2. Қарапайым механизмдердің (транспорттерлер, элеваторлар және т.б.) тағайындалуы мен пайдалану қағидалары. 3. Механизацияланған жұмыстарды орындаудағы техника қауіпсіздігінің негіздері. 4. Сақтау орындарындағы тазалық, ылғалдылық және температураға қойылатын талаптар. 5. Өнім қабылдау және тапсыру кезінде бастапқы құжаттарды толтыру тәртібі. 5-разрядқа арналған білім 1. Өнімді сақтау және дайындық технологиялық схемалары. 2. Кептіргіштер, желдеткіштер, тазалау жүйелерінің құрылымы мен жұмыс істеу қағидаттары. 3. Сақтау орындарындағы өнім сапасын бақылау әдістері. 4. Өнімнің бұзылуы мен зиянкестердің алдын алу тәсілдері. 5. Өнімді сақтау кезінде есептілік пен есеп беруге қойылатын талаптар. 6-разрядқа арналған білім 1. Ферма немесе қоймадағы механизацияланған сақтау процестерін ұйымдастыру. 2. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі, сапасы және сақтау бойынша нормативтік құжаттары. 3. Дақыл, ылғалдылық, температура бойынша оңтайлы сақтау режимдерін есептеу. 4. Автоматтандырылған бақылау және сигнал беру жүйелері. 5. Сақтау кезінде болатын шығындарды талдау және оларды азайту әдістері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p>
		<p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Қолмен арамшөптерді жою, зиянкестерді жинау, өсімдіктерді қол құралдарымен бүрку. 2. Органикалық және минералды тыңайтқыштарды</p>

<p>3-еңбек функциясы: Танаптық дақылдарды өсіру технологиялық циклінде тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану операцияларын орындау.</p>	<p>1-дағды: Қолмен жұмыс орындау.</p>	<p>нормаларға сәйкес қолмен енгізу. 3. Тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын (ӨҚК) қолдану кезінде санитариялық және экологиялық талаптарды сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Тыңайтқыштарды құрал-жабдық қолдана отырып дайындау (араластыру, мөлшерлеу). 2. Тұқымдарды механикаландырылған дәрілеу жүргізу. 3. Дозалау мен өңдеудің біркелкілігін бақылау. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Тыңайтқыштар мен ӨҚК қолдану операцияларының сапасын бақылау. 2. Құрал-жабдықтарды баптау және қызмет көрсету (өңдеу, дәрілеу, тыңайтқыш енгізу). 3. Мәдениет түрі, даму фазасы, топырақ-климат жағдайына байланысты тыңайтқыштар мен ӨҚК қолдану схемалары мен графиктерін әзірлеу. 4. Тыңайтқыш енгізу және ӨҚК өңдеу нәтижелерін талдау, технологиялық процестерді түзету. 5. Химиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық және санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету. 6. Жұмыскерлерді қауіпсіздік техникасы және агрохимикаттарды дұрыс қолдану бойынша оқыту және нұсқау беру.</p>
		<p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Негізгі танаптық дақылдарға тән арамшөптер мен зиянкестер түрлері. 2. Тыңайтқыштарды қолдану мақсаты мен нормалары. 3. Қол еңбек құралдарымен жұмыс істеу қағидалары. 4. Қол еңбегі кезінде еңбекті қорғау негіздері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарының (ӨҚК) түрлері және оларды дайындау әдістері. 2. Тұқымдарды себуге дайындау талаптары. 3. Дәрілеу құралдарымен жұмыс істеу негіздері. 4. Химиялық заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасының талаптары. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Негізгі танаптық дақылдардың биологиялық ерекшеліктері және агротехникалық шараларға реакциясы. 2. Тыңайтқыштар мен ӨҚК түрлері, құрамы және олардың қауіпсіз қолданылу қағидалары. 3. Зиянкестерді, ауруларды және коректік элементтер тапшылығын диагностика жасау заманауи әдістері. 4. Дәл егіншілік технологиялары және тыңайтқыштар мен ӨҚК-ны үнемді енгізу әдістері. 5. Тұқымды дәрілеу, тыңайтқыш енгізу және дақылдарды өңдеу құралдарымен жұмыс тәртібі. 6. Химиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық және өндірістік қауіпсіздік талаптары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді</p> <p>Машықтар: 4-разрядқа арналған машықтар 1. Тыңайтқыштарды ашып, араластыруға арналған қарапайым</p>

	<p>2-дағды: Механикаландырылған операцияларды орындау</p>	<p>құралдармен жұмыс істеу. 2. Тұқымдарды дәрілеу үшін дайындау, техниканың жүктелу нормалары мен жұмыс режимін сақтау. 3. Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау нұсқауларын орындау . 5-разрядқа арналған машықтар 1. Тыңайтқыштарды ұсақтау және араластыруға арналған жабдықтарды баптау және қызмет көрсету. 2. Дозаторлар мен дәрілегіштерді калибрлеу. 3. Тұқымдарды өңдеу дозасын және біркелкілігін бақылау. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Тыңайтқыштарды дайындау және енгізу процестерін ұйымдастыру және бақылау. 2. Жабдықтарға кешенді техникалық қызмет көрсету. 3 . Дәрілеу және араластыру жабдығындағы ақауларды анықтап, жою.</p> <p>Білімдер: 4-разрядқа арналған білімдер 1. Минералдық және органикалық тыңайтқыш түрлері мен ерекшеліктері. 2. Дәрілеуге арналған қарапайым қондырғылардың құрылымы мен жұмыс істеу қағидаттары. 3. Тыңайтқыштармен жұмыс істеу кезінде өндірістік санитарияның негіздері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Қолданылатын тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарының (ӨҚК) химиялық қасиеттері. 2. Дәріленген тұқымдардың сапасына қойылатын талаптар. 3. Химикаттармен жұмыс істеу кезінде қоршаған ортаны ластауға қарсы алдын алу шаралары. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Өсімдіктерді қорғау құралдары мен тыңайтқыштарды қолданудың заманауи технологиялары. 2. Өңделген тұқымдардың сапасына қойылатын техникалық регламенттер мен стандарттар. 3. Тыңайтқыштар мен дәрілеуіштерді қауіпсіз сақтау, тасымалдау және жою қағидалары.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік Командада жұмыс істей білу Мақсаткерлік Тәртіптілік Дәлдік Сыпайылық Мейірімділік Төзімділік пен еңбексүйгіштік Парасаттылық</p>	
	<p>1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі. 2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы. 3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.</p>	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы.</p> <p>5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы</p> <p>6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.</p> <p>7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.</p> <p>8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.</p>		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
	3  5	Зиянкестермен күресу жөніндегі жұмыскер  Бөлімшенің (бригаданың, ауыл шаруашылығы учаскесінің, ферманың) агрономы (біліктілігі орташа)	
14. "Бөлімше агрономы (біліктілік деңгейі орташа)" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	3142-0		
Қызмет атауының коды:	3142-0-002		
Кәсіп атауы:	Бөлімше агрономы (біліктілік деңгейі орташа)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	<p>"Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 тамызда № 19280 болып тіркелді.</p> <p>2-бөлім. Мамандар лауазымы</p> <p>1-параграф. Агроном</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік:
	<p>I санатты агроном: жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) өсімдік шаруашылығы және/немесе мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша және II лауазымдағы агроном лауазымында жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес;</p> <p>II санатты агроном: жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) өсімдік шаруашылығы және/немесе мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша және кәсіптік қызмет бағыты бойынша жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес немесе техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) (агрономия) мамандығы бойынша білімі және агроном лауазымында жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес;</p>		
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			

	Санаты жоқ агроном: жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) өсімдік шаруашылығы және/немесе мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша және кәсіптік қызмет бағыты бойынша жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес немесе техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) агрономия мамандығы бойынша білімі жұмыс өтіліне талап қойылмайды.	
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	3142-0-002 - Бөлімше (бригада, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма, цех) агрономы (біліктілік деңгейі орташа)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсірудің технологиялық процесін ұйымдастыру.	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастыру 2. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және бастапқы өңдеу бойынша іс-шаралар өткізу
	Қосымша еңбек функциялары:	
1-еңбек функциясы:	1-дағды: Табиғи азық алқаптарын жақсарту және ұтымды пайдалану, ірі және шырынды азық дайындау технологияларын әзірлеу	Машықтар: 1. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп өсірудің технологиялық схемаларын жасау. 2. Ауыл шаруашылығы жұмыстары кезеңіне арналған жұмыс жоспарларын жасау. 3. Топырақты өңдеу және дақылдарды арамшөптерден, аурулардан және зиянкестерден қорғау технологияларын әзірлеу. 4. Жайылымдар мен шабындықтарды жақсарту шараларын жоспарлау және ұйымдастыру. 5. Техникаға, жабдыққа, тұқымға және тыңайтқыштарға қажеттілікті анықтау. 6. Агротехнологиялық мерзімдер мен тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын (ӨҚҚ) енгізу нормаларының сақталуын бақылау. 7. Жұмыскерлердің жұмысын үйлестіру және қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыру.
		Білімдер: 1. Шөп, сүрлем, пішендеме, құрама және басқа да азық түрлерін өндіруге арналған стандарттардың талаптары. 2. Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер. 3. Топырақтың физика-химиялық және биологиялық сипаттамалары, құрылысы мен құрамы. 4. Мал азықтық дақылдарды өсірудің биологиясы мен агротехникасы. 5. Жерді ұтымды пайдалану және ауыспалы егіс қағидаттары. 6. Өсімдік шаруашылығындағы экономикалық талдаудың негіздері. 7. Азық өндіру кезінде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және экология ережелері.



<p>Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастыру</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>2-дағды: Ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын, жаңа технологияларды қолдану бойынша тәжірибе жұмыстарын жүргізу</p>	<p>Талап етілмейді</p> <p>Машықтар: 1. Өсімдік шаруашылығы өнімін өндірудегі жаңа агротехнологияларды қолдануға қажетті жұмыстар тізімін анықтау. 2. Топырақты өңдеу және дақылдарды арамшөптерден, аурулардан, зиянкестерден қорғау технологияларын әзірлеу. 3. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға бағытталған ғылыми әзірлемелерді енгізу бойынша жұмыс жоспарларын құрастыру. 4. Тәжірибелік жұмыстар барысында агротехникалық және фенологиялық бақылаулар жүргізу. 5. Енгізіліп жатқан агротехнологиялар мен жаңа дақыл сорттарының тиімділігін бағалау. 6. Тәжірибе мен инновацияларды енгізу нәтижелері бойынша есептік құжаттаманы дайындау.</p> <p>Білімдер: 1. Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге қауіп төндіретін зиянды нысандардың даму негіздері. 2. Ауыспалы егіс, топырақ өңдеу, өсімдіктерді арамшөптерден, зиянкестер мен аурулардан қорғаудың ғылыми негіздері. 3. Аймақ үшін карантиндік маңызы бар зиянкестердің, ауру қоздырғыштардың және арамшөптердің тізбесі. 4. Өндірістік тәжірибелерді бастау, жүргізу және талдауға қойылатын талаптар. 5. Селекция, агрохимия және агротехника саласындағы соңғы жетістіктер. 6. Жаңа технологияларды енгізу кезіндегі өнім өнімділігі мен сапасын бағалау әдістері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>1-дағды: Ауыл шаруашылығы алқаптарын ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру</p>	<p>Талап етілмейді</p> <p>Машықтар: 1. Ауыл шаруашылығына қауіпті метеорологиялық құбылыстардың дақылдар өнімділігіне әсерін болжау. 2. Дақылдарды өсіру технологияларын, техниканы, машиналар мен механизмдердің жұмысын, пестицидтер мен агрохимикаттар түрлерін меңгеру. 3. Тұқымның себу сапасын анықтау. 4. Топырақ түріне, жер бедеріне және климаттық жағдайларға қарай ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануды жоспарлау. 5. Топырақ құнарлылығын арттыру және оның тозуын болдырмау бойынша агротехникалық іс-шараларды ұйымдастыру. 6. Далалық жұмыстардың мерзімін және технологиялардың агрономиялық талаптарға сәйкестігін бақылау. 7. Пайдаланылған ресурстар мен өңделген алқаптар бойынша есеп жүргізу.</p> <p>Білімдер: 1. Қолданылатын құралдар, жабдықтар және ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану жөніндегі</p>

<p>2-еңбек функциясы: Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және бастапқы өңдеу бойынша іс-шаралар өткізу</p>	<p>нұсқаулықтар. 2. Далалық жұмыстардың сапасын бағалау әдістері. 3. Себу және отырғызу материалдарының нормалары, отырғызу тереңдігі мен сұлбасы. 4. Мал азығын өндіруде қолданылатын ауыл шаруашылығы дақылдарының агрономиялық сипаттамалары. 5. Топырақтану, ауыспалы егіс және жерді ұтымды пайдалану негіздері. 6. Ауыл шаруашылығы алқаптарын тиімді пайдаланудың экономикалық негіздері. 7. Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануда қоршаған ортаны қорғау талаптары.</p>	
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>2-дағды: Өнімді жинау, өнімді бастапқы өңдеу және оны сақтауға салу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар: 1. Өнімді жинау мен сақтау үдерісінің барлық кезеңдерінде өнім жоғалуын азайтудың тиімді шараларын қолдану. 2. Ауыл шаруашылығы дақылдарының биологиялық және нақты өнімділігін анықтау. 3. Арнайы құралдар мен жабдықтар арқылы жинау, сұрыптау және сақтау жұмыстарының сапасын бақылау. 4. Өнімді жинау, тасымалдау және сақтауға қою логистикасын ұйымдастыру. 5. Жинау науқаны кезінде персонал жұмысына үйлестіру жүргізу. 6. Алғашқы өңдеуге тартылған жабдықтардың техникалық жай-күйін бағалау. 7. Өнімді жинау және сақтау кезінде еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау.</p> <p>Білімдер: 1. Ауыл шаруашылығы дақылдарының сапа көрсеткіштері, өнімді жинау мерзімдері мен әдістерін анықтау технологиялары. 2. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және жинаудың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз технологиялары. 3. Алғашқы өңдеу және сақтау кезінде өсімдік шаруашылығы өнімінің сапасын стандарттау және растау негіздері. 4. Өртүрлі өнім түрлерін сақтау шарттары (температура, ылғалдылық, желдету). 5. Қоймалар, сақтау жабдықтары және желдету жүйелерін пайдалану ережелері. 6. Алғашқы өңдеу түрлері мен әдістері: тазалау, кептіру, сұрыптау.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Дәлдік Аналитикалық ойлау Сыпайылық Мейірімділік</p>	
	<p>1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі.</p>	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-ІІ Заңы.	
	3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-ІІ Заңы.	
	4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы.	
	5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І ҚРЗ Заңы	
	6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.	
	7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.	
	8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.	
	СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:
4		Азықты дайындау және даярлау жөніндегі білікті жұмысшы
6		Агроном

#### 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

15. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Орындаушы: Б.К. Насырханова, телефон нөмірі +7 (771) 375 80 45, E-mail b.nasyrhanova@nasec.kz

16. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар): "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; "Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндіру ғылыми-зерттеу институты" ЖШС

Жоба жетекшісі: Б.К. Насырханова E-mail: b.nasyrhanova@nasec.kz

Телефон нөмірі: +7 (771) 375 80 45

Орындаушылар: А.Ә. Төреханов "Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндіру ғылыми-зерттеу институты" ЖШС-нің бас директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. Телефон нөмірі: +7 778 828 77 88.

Техникалық көмек көрсетуші: М.Б. Кенжеғұлова, телефон нөмірі:

+7 (775) 603 30 97, E-mail: m.kenzhegulova@nasec.kz

17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2025 жылғы 23 шілде.

18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2025 жылғы 24 қыркүйек.

19. Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

20. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 2-нұсқа, 2025 ж.

21. Болжамды қайта қарау күні: 2029 жылғы 26 қазан.

2025 жылғы 7 қарашадағы № 419  
бұйрығына -қосымша

## **"Сүтті бағыттағы жылқыларды өсіру" кәсіптік стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Сүтті бағыттағы жылқыларды өсіру" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді.

Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті біліктілік деңгейлерін айқындау үшін, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуге арналған.

Осы кәсіптік стандарт біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ сүтті бағыттағы жылқыларды өсіру саласындағы жұмыстарды атқаратын ұйымдарда кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Кәсіптік стандарт мынадай пайдаланушылардың пайдалануы үшін қолданылады:

1) жұмыскерлер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын талаптарды түсінуі, өзінің кәсіптік дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлау, сондай-ақ бейіндік бағыт бойынша мансаптық ілгеріледуді болжау үшін;

2) жұмыс берушілер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыскерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды жаңарту, персоналды жалдау және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, ілгерілету және ротациялау бағдарламаларын жасау үшін;

3) оқу орындары – мал шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау, бейіндік бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, мал шаруашылығы саласындағы оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту үшін білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау үшін;

4) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша жұмыскерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

5) мемлекеттік органдар – кәсіптік стандартты еңбек нарығы өлшемшарттары, мониторингі және болжамы ретінде пайдалану үшін.

Осы кәсіптік стандарт негізінде ұйымдар өндірісті, еңбекті, басқаруды және олардың жауапкершілігін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, жұмыскерлерге арналған корпоративтік кәсіптік стандарттарды ішкі қолдану үшін әзірлей алады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) бонитирлеу – тиісті сынып бере отырып, малдың асыл тұқымдық құндылығының деңгейін белгілер кешені бойынша (тұқымдылығы, өнімділік сапасы, экстерьерлік-конституциялық ерекшеліктері) бағалау жолымен анықтау;

2) құлын – бір жасқа дейінгі жылқының төлі;

3) құлындау – буаздылық кезеңінің құлын туумен аяқталуы;

4) асыл тұқымды жылқылар – өнімділігі түріне, бағыты мен деңгейіне, тұқым стандартына жауап беретін, құжатпен расталған шығу тегі (асыл тұқымды мал мәртебесі немесе асыл тұқымдық куәлігі) бар таза тұқымды, жоғары сыныпты, өнімділігі жоғары мал;

5) асыл тұқымды жылқы шаруашылығы – асыл тұқымды жұмыс жүйесімен қамтылған, генетикалық әлеуеті жоғары жылқыларды жаңғыртуға, оларды сақтауға және өсіруге бағытталған мал шаруашылығы саласы;

6) жылқылардың толықтырушы төлі – өсімді молықтыру үшін іріктелген төл;

7) жылқы шежіресі – асыл тұқымды малдың кемінде үш ұрпағының ата-енесі мен тегі туралы мәліметтер;

8) қолдан шағылыстыру – жеке-жеке іріктеліп алынған жылқыны маманның бақылауымен ұрықтандыру;

9) тауарлық жылқылар – тауарлық өнімді өндіру үшін пайдаланылатын жылқылар;

10) таза тұқымды өсіру жылқыларды – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста тектес тұқымды жылқыларды пайдалана отырып, осы тұқымға тән белгілерді топтастыру және типтеу мақсатында бір тұқымдағы (Жабе, Көшім, Мұғалжар типті қазақ жылқылары) асыл тұқымды жылқыларды өсіру;

11) жылқы экстерьері – дене бітімін көзбен шолып қарау, бағалау, дене өлшемін өлшеу, өлшеу, суретке түсіру және т.б. арқылы анықталатын, өнімділік бағытын (сүтті, етті-сүтті) ескере отырып жеке мүсіндер бойынша жылқы бітімінің сыртқы пішіні;

12) ат күтуші – жылқыларға күтім жасайтын және олардың күйіне жауап беретін жұмыскер;

13) жылқы өсіруші – жылқы шаруашылығы маманы; жылқы өсірумен айналысатын адам.

14) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты беру сүйемелденбейтін білім беру түрі;

15) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарланған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

16) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;

17) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

18) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

19) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкердің жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптардың жиынтығы;

20) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

21) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

22) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі қызметсабақтарының негізгі түрі;

23) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

24) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды;

25) машықтар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

26) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі;

27) құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

28) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және дағды.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;
- 3) БА – Біліктілік анықтамасы;
- 4) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышы;
- 5) КС – Кәсіптік стандарт;
- 6) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
- 7) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
- 8) СБЖӨ – Сүтті бағыттағы жылқыларды өсіру.

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Сүтті бағыттағы жылқыларды өсіру

5. Кәсіптік стандарттың коды: А043

6. ЭҚЖЖ сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.43 Жылқыларды және басқа да жылқы тұқымдастарды көбейту

01.43.1 Жылқыларды өсіру

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер

72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

75 Ветеринариялық қызмет

75.0 Ветеринариялық қызмет

75.00 Ветеринариялық қызмет

75.00.0 Ветеринариялық қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Осы кәсіптік стандартқа туынды лауазымдар енгізілмеген: басшылардың орынбасарлары, аға, жетекші және бас мамандар, олардың міндеттері, білімдері, машықтары мен дағдылары базалық лауазымдар негізінде айқындалады және ұйымдағы штаттық нормативтер мен кестелер

негізінде белгіленеді. Аға, жетекші және бас мамандардың қажетті жұмыс өтіліне қойылатын талаптар І біліктілік санатындағы мамандар үшін көзделген талаптармен салыстырғанда 2-3 жылға көбееді. Технологиялық процесті жүргізу кезінде жекелеген кәсіптердің біліктілігі төмен деңгейлеріндегі жұмыстардың сипаттамаларына сәйкес біліктілігі анағұрлым жоғары мамандардың басшылығымен жүргізіледі. Мұндай жағдайларда біліктілігі жоғары буын мамандар технологиялық процестерді жүргізуді немесе сол кәсіптің біліктілігі төмен буын мамандардың жекелеген жұмыстарды орындауын ұйымдастыра алады. Біліктіліктің неғұрлым төмен деңгейлерінің сипаттамаларында келтірілген жұмыстар біліктіліктің неғұрлым жоғары деңгейлерінің сипаттамаларында көрсетілмеуі мүмкін.

"Білім" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық білімге қойылатын талаптармен қатар, жұмыскерлер: ішкі еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі тәртіп пен нормаларды, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру және ұстау тәртібін білуі тиіс.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) Ат күтуші - СБШ-ның 1 деңгейі;
- 2) Сүт өндірісінің зоотехнигі - СБШ-ның 4 деңгейі;
- 3) Ветеринарлық фельдшер - СБШ-ның 4 деңгейі;
- 4) Жылқы өсіруші - СБШ-ның 3 деңгейі;
- 5) Мал шаруашылығы кешендерінің және фермалардың бригадирі - СБШ-ның 3 деңгейі;
- 6) Бас зоотехник - СБШ-ның 6 деңгейі.

### 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Ат күтуші" кәсіп карточкасы	
Топ коды:	9211-2
Қызмет атауының коды:	9211-2-002
Кәсіп атауы:	Ат күтуші
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	1
СБШ бойынша қосалғы біліктілік деңгейі:	
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (1-шығарылым)", Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33389 болып тіркелді. 136-параграф. Жылқышы, 2-разряд
	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (1-шығарылым)" бекітілген Қазақстан Республикасы



	Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33389 болып тіркелді. 137-параграф. Жылқышы, 3-разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: -	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар жоқ.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Нұсқама/ жұмыс орнында тағылымдамадан өту немесе қысқа мерзімді оқыту;		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	6121-3-005 - Жылқы өсіруші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жылқыларды өсіру, күтіп-бағу және өсімін молайту бойынша қосалқы жұмыстарды орындау		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Табынды жылқылар мен төлдерді күту және күтіп-бағу бойынша қосалқы жұмыстар 2. Бекітілген жылқы басын азықтандыру, суару, бағу бойынша қосалқы жұмыстар	
	Қосымша еңбек функциялары:		
	1-дағды: Биелерді, тұқымдық айғырларды, толықтырушы төлдер мен құлындарды күтіп-бағудың технологиясын және прогрессивті әдістерін сақтау	Машықтар: 2-разрядка арналған машықтар 1. Жылқыларға, қашырларға, өгіздерге және басқа да жүк тартатын жануарларға күтім жасау. 2. Ат қораларды санитарлық тазалау (жинау және дезинфекциялау) жұмыстарын орындау. 3. Жүк тартатын жануарларды азықтандыру, суару және тазалау. 4. Жануарларды жүруге дайындау, арбаға жегу және ағыту. 5. Жегу құралдарын ұсақ жөндеу және бейімдеу. 6. Көктем-жаз мезгілінде жүк тартатын жануарларды өріске шығару. 7. Ат қораны тазалау және көнді шығару. 3-разрядка арналған машықтар 1. Жануарларға арналған жемді дайындау және азықтандыру мен суару тәртібін белгілеу. 2. Жүк тартатын жануарларды ветеринарлық қарап-тексеру мен емдеуге қатысу. 3. Мал аурулары кезінде алғашқы көмек көрсету және ветеринар дәрігердің нұсқауымен азықтандыру рационын жасау. 4. Фуражды қабылдау, беру және есепке алу. 5. Жүк тартатын жануарлардың жұмысын есепке алу. 6. Ер-тұрман және жегу құралдарын сақтау және жөндеу. 7. Ат қораны тазалау және көнді шығару.  Білімдер: 2-разрядка арналған білімдер 1. Жүк тартатын жануарларға күтім жасау негіздері және оларды	

		<p>күтіп-бағу тәртібі. 2. Жануарларды жегу және ағыту технологиялары мен әдістері. 3. Жылқыларды қайта тағалау мерзімдері мен ерекшеліктері. 4. Жегу құралдарын сақтау, күтім жасау және қызмет мерзімін ұзарту қағидалары. 3-разрядқа арналған білімдер 1. Рационалды азықтандыру негіздері және жем түрлерінің жіктелуі. 2. Ат қораларды ұстауға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар. 3. Негізгі ветеринариялық білімдер және аурулардың алдын алу. 4. Жем дайындау мен берудің механикаландырылған әдістері. 5. Фуражды, инвентарды, жегу құралдарын есепке алу және жүк тартатын жануарлардың жұмысын бақылау қағидалары. 6. Жегу құралдарын сақтау, күтім жасау және қызмет мерзімін ұзарту қағидалары.</p>
<p>1-еңбек функциясы: Табынды жылқылар мен төлдерді күту және күтіп-бағу бойынша қосалқы жұмыстар</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>2-дағды: Әр түрлі өнімділік бағытындағы төлді күтіп-күтіп-бағу және өсіру технологиясының ерекшеліктерін сақтау</p>	<p>Машықтар: 2-разрядқа арналған машықтар 1. Құлындату және төлді енесінен айыру кезеңінде өсіру технологияларын сақтау. 2. Төлге күтім жасауға көмек көрсету, соның ішінде азықтандыру және тазалау жұмыстарын орындау. 3. Төлді күтіп-бағуға қажетті оңтайлы жағдайларды (температура, тазалық, жарықтандыру) қамтамасыз ету. 4. Биелерге қарапайым күтім жұмыстарын орындау. 5. Төл мен бие табынына көрсетілген күтім бойынша бастапқы құжаттарды жүргізу. 3-разрядқа арналған машықтар 1. Құлындату және төлді енесін еміп жүрген кезеңінде өсіру технологияларының орындалуын бақылау және қамтамасыз ету. 2. Мамандардың жетекшілігімен биелерді босандыруға көмек көрсету және қатысу. 3. Төлді жайылымға шығару мен бордақылауды ұйымдастыру, азықтандыру және күтім нормаларын ескере отырып жүргізу. 4. Төлдің саулығын сақтау бойынша алдын алу шараларын жүзеге асыру. 5. Төлді күтіп-бағу және өсіру жағдайларына есеп жүргізу және талдау жасау арқылы өнімділікті арттыру.</p> <p>Білімдер: 2-разрядқа арналған білімдер 1. Құлындату және төлдің енесін еміп жүрген кезеңіндегі күтім технологиясының негіздері. 2. Төлді азықтандыру және суару қағидалары. 3. Санитариялық және гигиеналық жағдайларды сақтаудың маңыздылығы. 4. Төлдің саулығы мен қалыпты дамуының негізгі белгілері. 5. Бие табынына күтім жасаудың бастапқы әдістері. 3-разрядқа арналған білімдер 1. Құлындату және төлді өсіру технологиялары (құлын еміп жүрген кезеңінде және енесінен айырған кезеңдерде). 2. Құлындау кезінде биеге көмек көрсету ерекшеліктері. 3. Төлдің өнімділігін</p>

		арттыру мақсатында жайылым мен бордақылауды ұйымдастыру қағидалары. 4. Төл ауруларының алдын алу және бақылау әдістері. 5. Өсіру нәтижелерін жақсарту үшін күтіп-бағу жағдайларын есепке алу және талдау жүргізу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
	1-дағды: Ересек жылқылар мен төлдерді азықтандыру технологиясын сақтау	<p>Машықтар: 2-разрядқа арналған машықтар 1. Ересек жылқылар мен төлдерді азықтандыру бойынша қарапайым жұмыстарды орындау. 2. Белгіленген кестеге сәйкес азықтандыру режимін сақтау. 3. Азықты уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету. 3-разрядқа арналған машықтар 1. Жылқыларды жынысы мен жасына қарай топтарға бөлу, олардың ерекшеліктерін ескере отырып жинақтау. 2. Ересек жылқылар мен төлдерді азықтандыру технологиясының сақталуын бақылау. 3. Азық сапасын бағалап, сәйкессіздіктер туралы хабарлау.</p> <p>Білімдер: 2-разрядқа арналған білімдер 1. Жылқыларды азықтандыру негіздері. 2. Ересек жануарлар мен төлдерге арналған азықтандыру режимі мен нормалары. 3. Азықтың негізгі түрлері және олардың мақсаты. 3-разрядқа арналған білімдер 1. Жынысы мен жасына қарай жылқылардың биологиялық және физиологиялық ерекшеліктері. 2. Жануарлардың жасы мен күйіне байланысты азықтандыру технологиясының ерекшеліктері. 3. Азық сапасын бақылау және азықтандыру режимін сақтау негіздері.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
3-разрядқа арналған машықтар 1. Негізгі табынның жыныс-жас құрылымы мен көбею көрсеткіштері туралы деректерді жинау. 2. Биелер мен тұқымдық айғырлардың жай-күйін талдау. 3. Құлындау және шағылыстыру жоспарларын жасауға қатысу. 4. Көбею процесін: күйлеу, қолдан ұрықтандыру мен құлындауды есепке алу. 5. Көбею бойынша құжаттарды рәсімдеу. 4-разрядқа арналған машықтар 1. Тауарлық табындағы көбею көрсеткіштері туралы деректерді жинау және қорытындылау. 2. Биелер мен айғырлардың өнімділігі мен көбею қабілетін бағалау. 3. Өндірістік міндеттерді ескере отырып, көбеюді жақсарту

1-дағды:  
Жылқылардың тауарлық мал басын көбейтуді жоспарлау үшін бастапқы деректерді мониторингтеу, жинау және талдау

бойынша ұсыныстар әзірлеу. 4. Ұрықтандыру, құлындау және төл шығымы бойынша есеп жүргізу. 5. Тауарлық шаруашылықтарда көбею технологиясының сақталуын бақылау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Тауарлық биелер табынының көбею сапасы туралы ақпаратты жинау және талдау. 2. Биелердің физиологиялық жай-күйін бағалап, шағылыстыру науканының кестесін жасау. 3. Тауарлық табында көбею технологиясының орындалуын бақылау және оның өнімділігін арттыру шараларын ұйымдастыру. 4. Көбеюді есепке алу мен жоспарлауға қажетті құжаттарды дайындау. 5. Болашақ тауарлық табынның саны мен құрылымын болжауға қатысу. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Тауарлы табынның көбею көрсеткіштерін (шағылыстыру деңгейі, ұрықтану индексі, құлын алу және т.б.) жинау және талдау. 2. Биелер табынының жыныстық жетілуі мен репродуктивтік жай-күйін есепке алу. 3. Жануарларды репродуктивтік мәртебесі мен биологиялық ерекшеліктеріне қарай топтастыру. 4. Ұрықтандыру, шағылыстыру және төл шығымын болжау үшін мәліметтерді дайындау. 5. Көбеюге әсер ететін зоогигиеналық талаптардың сақталуын бақылау.

Білімдер:

3-разрядқа арналған білімдер 1. Тауарлық жылқы басының өсімін молайту технологиясының негіздері . 2. Көбею көрсеткіштері және оларды есептеу әдістері. 3. Ұрықтандырушы және аналық малды күтіп-бағу талаптары. 4. Жасанды және табиғи ұрықтандыру әдістері. 5. Бастапқы зоотехникалық құжаттаманың түрлері. 4-разрядқа арналған білімдер 1. Жылқылардың биологиялық ерекшеліктері және көбею циклі. 2. Тауар малының өнімділігі мен төл беру көрсеткіштері. 3. Көбеюді жоспарлау және есепке алу негіздері. 4. Жасанды және табиғи ұрықтандыру әдістері. 5. Көбею кезінде жоғалтуларды азайтуға арналған алдын алу шаралары. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Тауар малының көбею технологиясының негіздері, оның ішінде қызығу кезеңін анықтау, төлеу және ұрықтандыру мерзімдері. 2. Жылқылардағы жыныстық жетілу белгілері, көбеюдің физиологиялық ерекшеліктері. 3. Құрсақты және төлден кейінгі кезеңдегі қозыларды күту және күтіп-бағу талаптары. 4. Тауар фермаларындағы көбею процесін бақылау және есепке алу әдістері. 5. Тауар жылқыларын өсіру мен есеп жүргізуді реттейтін нормативтік құжаттар. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Тауар жылқыларының көбею технологиясының негіздері. 2. Көбею тиімділігінің көрсеткіштері және оларды есептеу әдістері. 3. Жыныстық қызығу белгілері, төлеу мерзімдері және



		<p>kozyларды ұрықтандыру қағидалары. 4. Сәтті көбеюге ықпал ететін күтіп-бағу шарттары. 5. Көбею кезеңіндегі қозыларды ветеринарлық-зоотехникалық күтудің нормалары.</p>
<p>2-еңбек функциясы: Тауарлық жылқы шаруашылығындағы өндірістік процестерді жоспарлау және үйлестіру</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>2-дағды: Жылқылардың тауарлық мал басын өсіруді жоспарлау үшін бастапқы деректерді мониторингтеу, жинау және талдау</p>	<p>Машықтар: 3-разрядка арналған машықтар 1. Жас малдың тірі салмағын, жасын және саулығын бағалау. 2. Сақтау, салмақ қосу және азықтандыру қасиеттері бойынша деректер жинау. 3. Өсіру және азықтандыру жоспарларын құруға қатысу. 4. Жылқылардың қозғалысын, топтастырылуын және жасқа байланысты аударылуын есепке алу. 5. Қолданылатын азықтардың және күтіп-бағу жағдайларының тиімділігін талдау. 4-разрядка арналған машықтар 1. Тауар бағытындағы жас малдың өсуі, дамуы және сақталымы туралы деректер жинау. 2. Азықтандыру, жаттықтыру және басқа өсіру кезеңдерінің нәтижелерін талдау. 3. Жылқыларды өсіруде ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар жасау. 4. Шаруашылық жағдайларын ескере отырып, өсіру жоспарларын құруға қатысу. 5. Малдың даму және азықтандыру параметрлері бойынша есеп жүргізу және есеп беру. 5-разрядка арналған машықтар 1. Тауар бағытындағы жас малдың өсуі, дамуы және сақталуы туралы деректерді жинау және жүйелеу. 2. Жылқыларды күтіп-бағу, азықтандыру және пайдалану жағдайларын бағалау, өсіру технологиясын түзету мақсатында. 3. Өсіру көрсеткіштерін талдау негізінде малдың өнімділік қасиеттерін жақсарту бойынша ұсыныстар жасау. 4. Жас малды жас және жыныс бойынша іріктеу және топтастыруды ұйымдастыру. 5. Шаруашылық міндеттері мен кәсіпорын мүмкіндіктерін ескере отырып, өсіру және толықтыру жоспарын даярлау. 6-разрядка арналған машықтар 1. Тауар бағытындағы жас малдың салмақ қосуы, дамуы және сақталуы туралы деректерді жинау және жүйелеу. 2. Тауар малын өсіру және азықтандыру технологиясының тиімділігін талдау. 3. Өсу нормативтерінен ауытқуларды анықтау және оларды түзету бойынша ұсыныстар жасау. 4. Биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жылқыларды жас, жыныс және мақсат бойынша топтарға бөлу. 5. Азықтандыру және сату жоспарларын құру үшін есептік материалдар дайындау.</p> <p>Білімдер: 3-разрядка арналған білімдер 1. Тауарлық жылқы ұрпағын өсіру технологиясының негіздері. 2. Жас малды азықтандыру, суару және күтіп-бағу нормалары. 3. Жануарлардың өнімділігі мен даму</p>

		<p>денгейін бағалау әдістері. 4. Азықтандыру және өсіру жағдайларына қойылатын талаптар. 5. Жылқы өсіру бойынша есеп жүргізу және есеп беру формалары. 4-разрядқа арналған білімдер 1. Тауарлық жас малды өсірудің негізгі кезеңдері және оларға қойылатын талаптар. 2. Өнімділік және жас малдың сақталым көрсеткіштері. 3. Тірі салмақ пен дене күйін бағалау әдістері. 4. Азықтандыру мен суару нормалары мен режимдері азықтандыру кезінде. 5. Азықтандыру технологиялық схемалары және сатуға дайындау. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Тауарлық жылқы ұрпағын онтогенездің әртүрлі кезеңдерінде өсіру технологиясы. 2. Жас малды азықтандыру, суару, серуендету және ветеринарлық-санитарлық қызмет көрсету нормалары. 3. Жас малдың тірі салмағын, экстерьерін және бейімделу қабілеттерін бағалау критерийлері. 4. Жануарларды күтіп-бағу шарттарына маусымдық және жас ерекшеліктеріне байланысты қойылатын талаптар. 5. Тауарлық бағыттағы жылқылардың өсіру және сақталу көрсеткіштерін есепке алу формалары мен әдістері. -разрядқа арналған білімдер 1. Тауарлық бағыттағы жылқыларды өсіру және азықтандыру технологиясының негіздері. 2. Салмақ қосу нормативтері, өсіру мерзімдері және азықтандыру көрсеткіштері. 3. Азықтандыру, күтіп-бағу және ветеринарлық қамтамасыз ету талаптары. 4. Тауарлық ұрпақ сапасының көрсеткіштері, іріктеу және сұрыптау критерийлері. 5. Өндіріс экономикасының негіздері: өзіндік құн, рентабельдік, өнім шығымын есепке алу.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Командада жұмыс істей білу          Мақсаткерлік          Тәртіптілік          Дәлдік          Сыпайылық          Мейірімділік          Төзімділік пен еңбексүйгіштік</p>	
	<p>1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.          2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.          3. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.          4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.          5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы</p>	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы. ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.</p> <p>7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 бұйрығы, ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.</p> <p>8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.</p>		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:	
	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы	
	5	Ветеринарлық фельдшер	
14. "Бас зоотехник" кәсіптің карточкасы			
Топ коды:	1310-1		
Қызмет атауының коды:	1310-1-011		
Кәсіп атауы:	Бас зоотехник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша қосалғы біліктілік деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	<p>"Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 тамызда № 19280 болып тіркелді.</p> <p>10-параграф. Бас зоотехник</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Мал шаруашылығы	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жоғары білім бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) мал шаруашылығы немесе ветеринария бағыты бойынша және кәсіптік қызмет бағыты бойынша жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Нұсқама/ жұмыс орнында тағылымдамадан өту немесе қысқа мерзімді оқыту;		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	3142-0-010 - Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі		
	Басшылықты жүзеге асыру, өнім өндірісін ұлғайтуды, өзіндік құнын төмендетуді, оның сапасын арттыруды және сүтті жылқы шаруашылығы		

Қызметтің негізгі мақсаты:	саласының тиімділігін қамтамасыз ететін ғылыми негізделген жүйелерді әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз ету	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жылқы өсіру бойынша жалпы басшылық</li> <li>2. Жылқыларды өсірудің ғылыми негізделген тәсілдерін әзірлеу және енгізу</li> <li>3. Өнім өндірісін ұлғайтуды қамтамасыз ету, өзіндік құнын төмендету, оның сапасын және сүтті жылқы шаруашылығы саласының тиімділігін арттыру</li> </ol>
	Қосымша еңбек функциялары:	
1-еңбек функциясы: Жылқы өсіру бойынша жалпы басшылық	1-дағды: Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өнімділік бағыты мен тұқым ерекшеліктерін ескере отырып, селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарларын әзірлеу және енгізу.</li> <li>2. Асыл тұқымдық және зоотехникалық көрсеткіштерді талдау, іріктеу мен жұптастыру бағыттарын анықтау.</li> <li>3. Асыл тұқымдық есеп жүргізу, көбеюді, іріктеу мен жарамсыздан шығаруды бақылауды ұйымдастыру.</li> <li>4. Асыл тұқымдық жұмыста зоотехниктердің, ветеринар мамандардың және қызмет көрсетуші персоналдың жұмысын үйлестіру.</li> <li>5. Шаруашылықтың қызметінің асыл тұқымдық стандарттар мен заңнама талаптарына сәйкестігін бақылау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер.</li> <li>2. Асыл тұқымдық стандарттар, іріктеу және жұптастыру әдістері.</li> <li>3. Жылқылардың генетикасы, селекциясы, анатомиясы мен физиологиясының негіздері.</li> <li>4. Жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын бағалау мен талдаудың заманауи әдістері.</li> <li>5. Асыл тұқымдық құжаттаманы және есептілікті жүргізу тәртібі.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	2-дағды: Жылқы шаруашылығы бойынша зоотехникалық құжаттаманы, есепке алуды және белгіленген есептілікті жүргізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мал шаруашылығы бөлімшелерінде зоотехникалық және асыл тұқымдық құжаттаманы жүйелі жүргізуді ұйымдастыру.</li> <li>2. Көбею, өнімділік және малдың қозғалыс көрсеткіштерін уақытылы және сенімді есепке алу бақылауын қамтамасыз ету.</li> <li>3. Нормативтік талаптарға сәйкес белгіленген есептілікті құрастыру және тапсыру.</li> <li>4. Есептік деректерді жинау мен өңдеумен айналысатын мамандар мен операторлардың өзара іс-қимылын үйлестіру.</li> <li>5. Басқарушылық шешімдер қабылдау және өндірістік процестерді түзету үшін есеп деректерін талдау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p>

	жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	<p>1. Мал шаруашылығы шаруашылықтарының қызметіне қатысты заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер. 2. Жылқы өсіру саласында зоотехникалық және асыл тұқымдық есеп жүргізу тәртібі. 3. Негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша есептілікті құрастырудың формалары, мерзімдері және әдістері. 4. Агроөнеркәсіптік салады өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру негіздері. 5. Зоотехникалық құжаттаманы есепке алу және автоматтандырудың заманауи әдістері.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
2-еңбек функциясы: Жылқыларды өсірудің ғылыми негізделген тәсілдерін әзірлеу және енгізу	<p>1-дағды: Асыл тұқымды жылқыларды өз төлінен өсірудің озық технологияларын енгізу</p>	<p>Машықтар: 1. Мал шаруашылығының ерекшеліктерін ескере отырып, жылқылардың ұрпақ алуын қазіргі технологияларды талдау және бейімдеу. 2. Жасанды ұрықтандыру, эмбрионды трансплантация және басқа биотехнология әдістерін енгізу. 3. Асыл тұқымды биелердің күйлеу, ұрықтану, буаздылық, құлындау процесін бақылау. 4. Жас малдың асыл тұқымдылық құндылығын арттыруға арналған іс-шаралар әзірлеу. 5. Қолданыстағы өсімді молайту әдістерінің тиімділігін бағалау үшін мамандармен өзара әрекеттесу.</p> <p>Білімдер: 1. Асыл тұқымды жылқының өсімін молайту саласындағы қазіргі заманғы технологиялар. 2. Жылқылардың генетикасы, селекциясы және биотехнологиясының негіздері. 3. Жаңа өсіру әдістерін қолданғанда асыл тұқымдық құжаттама талаптары. 4. Жануарлардың асыл тұқымдық құндылығы мен репродуктивтік қабілетін бағалау әдістері. 5. Асыл тұқымдық іс және мал шаруашылығында биоқауіпсіздікке қатысты нормативтік құқықтық база.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
	<p>2-дағды: Жылқы шаруашылығында сүт өнімдерін өндірудің озық технологияларын енгізу</p>	<p>Машықтар: 1. Қымыз дайындаудың қазіргі әдістерін және биенің сүтін алу технологияларын талдау және қолдану. 2. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, биелерді сауудың өндірістік процесін ұйымдастыру. 3. Алынған сүт өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау. 4. Сауылатын биелерді сауымды арттыру үшін жем-шөп, су ішу және күтіп-бағу нормалары мен режимдерін қамтамасыз ету. 5. Өндіріс процесінің тиімділігін арттыратын техникалық құралдар мен механизмдерді енгізу.</p> <p>Білімдер: 1. Биелерді сауу технологиялары және сүттің бастапқы өңделуі. 2. Биенің сүтін және қымызды</p>

		<p>сақтау, өңдеу және өткізу әдістері. 3. Өнім сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын санитарлық нормалар. 4. Биелердің лактация кезеңінің биологиялық ерекшеліктері. 5. Сүтті жылқы шаруашылығында қолданылатын қазіргі заманғы жабдықтар мен технологиялар.</p>
<p>3-еңбек функциясы: Өнім өндірісін ұлғайтуды қамтамасыз ету, өзіндік құнын төмендету, оның сапасын және сүтті жылқы шаруашылығы саласының тиімділігін арттыру</p>	<p>1-дағды: Сүт өндірісінің сапасын арттыру</p>	<p>Талап етілмейді</p> <p>Машықтар: 1. Сүтті сауып алу және сақтау кезінде гигиеналық нормалардың сақталуын ұйымдастыру. 2. Сауылатын биелердің саулығының жай-күйін бақылау және сүт сапасына әсер ететін ауруларды уақтылы анықтау. 3. Лактациялық кезеңде биелерді дұрыс тамақтандыру мен күтімін қамтамасыз ету. 4. Сүт сапасын жақсарту және сауым көлемін арттыруға арналған заманауи әдістер мен технологияларды енгізу. 5. Зертханалық және аспаптық әдістер арқылы сүт сапасын бағалау.</p> <p>Білімдер: 1. Лактация физиологиясы және биелердің сүт беру кезеңінің ерекшеліктері. 2. Сүттің сауылу және сақталу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптар. 3. Сүт сапасының төмендеу себептері және оларды жою әдістері. 4. Сүт өндірісі мен сапасын бақылау үшін қолданылатын заманауи технологиялар мен жабдықтар. 5. Малды тамақтандыру мен күтіп-бағу жағдайларының сүт өнімінің сапасына әсері.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
	<p>2-дағды: Сүт және қымыз өндіру технологиясын жетілдіру</p>	<p>Машықтар: 1. Сүт пен қымыз өндірісіндегі қолданыстағы технологиялық процестерді талдау. 2. Өндіріс сапасы мен көлемін арттыру үшін заманауи әдістер мен жабдықтарды енгізу. 3. Өндірістің барлық кезеңдерінде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау. 4. Қызметкерлерді сүт өңдеу және қымыз өндірудің жаңа технологиялары мен әдістеріне оқыту ұйымдастыру. 5. Дайын өнімнің сапасын бақылау мен бағалау, технологиялық ақауларды анықтап жою.</p> <p>Білімдер: 1. Сүт пен қымыз өндірісінің технологиясы, пастерлеу, ферментация және сақтау кезеңдері. 2. Бие сүтінің физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктері. 3. Қымыздың ферментациясы мен сапасын бақылаудың соңғы әдістері мен жабдықтары. 4. Сүт өнімін өндіруге қойылатын санитарлық және гигиеналық талаптар. 5. Өндіріс технологиясының өнімнің дәмдік сапасына, сақтау мерзіміне және қауіпсіздігіне әсері.</p>

	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Командада жұмыс істей білу Максаткерлік Тәртіптілік Дәлдік Аналитикалық ойлау Сыпайылық Мейірімділік Төзімділік пен еңбексүйгіштік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.</p> <p>2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.</p> <p>3. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.</p> <p>4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.</p> <p>5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы</p> <p>6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы. ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.</p> <p>7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 бұйрығы, ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.</p> <p>8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі: 7	Кәсіп атауы: Ветеринариялық учаске меңгерушісі

#### 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

15. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Орындаушы: Б.К. Насырханова, +7 (771) 375 80 45,

E-mail: b.nasyrhanova@nasec.kz

16. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар): "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғам

Жоба жетекшісі: Б.К. Насырханова E-mail: b.nasyrhanova@nasec.kz

Телефон нөмірі: +7 (771) 375 80 45

Орындаушылар: Қ.Ж. Исхан "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" КЕАҚ кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор.

Техникалық көмек көрсетуші: М.Б. Кенжеғұлова, телефон нөмері:

+7 (775) 603 30 97, E-mail: m.kenzhegulova@nasec.kz

17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2025 жылғы 23 шілде.

18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2025 жылғы 27 тамыз.

19. Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

20. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 2-нұсқа, 2025 ж.

21. Болжамды қайта қарау күні: 2028 жылғы 26 қазан.

2025 жылғы 7 қарашадағы  
№ 419 бұйрығына қосымша

## **"Қойларды және ешкілерді өсіру" кәсіптік стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Қойларды және ешкілерді өсіру" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді.

Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті біліктілік деңгейлерін айқындау үшін, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін қолдануға арналған.

Осы кәсіптік стандарт біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ қойларды және ешкілерді өсіру саласындағы жұмыстарды ұйымдастыруда кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Кәсіптік стандарт пайдаланушылар пайдалану үшін қолданылады:

1) жұмыскерлер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын талаптарды түсіну, өзінің кәсіптік дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлау, сондай-ақ бейіндік бағыт бойынша мансаптық ілгерілеуді болжау үшін;

2) жұмыс берушілер – мал шаруашылығы саласында кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, аграрлық сектордың заманауи сын-қатерлерін және қажеттіліктерін ескере отырып, мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптарды өзектендіру үшін, сондай-ақ кадрларды жалдау, аттестаттау, жылжыту, ротациялау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру және біліктілігін арттыру бағдарламаларын жасау үшін;



3) оқу орындары – мал шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау, бейінді бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау, мал шаруашылығы саласындағы оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту үшін;

4) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша жұмыскерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

5) мемлекеттік органдар – кәсіптік стандартты еңбек нарығы өлшемшарттары, мониторингі және болжау ретінде пайдалану үшін.

Осы кәсіптік стандарт негізінде ұйымдар өндірісті, еңбекті, басқаруды және олардың жауапкершілігін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, жұмыскерлерге арналған корпоративтік кәсіптік стандарттарды ішкі қолдану үшін әзірлей алады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) бонитер (сыныптаушы) – бонитирлеу бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органды (бұдан әрі – уәкілетті орган) хабардар еткен жеке тұлға;

2) бонитирлеу – жануарларды тиісті сыныпты немесе индексті бере отырып, шаруашылыққа пайдаланылатын белгілер кешені бойынша (тұқымдылығы, өнімділік сапасы, экстерьерлік-конституциялық ерекшеліктері) асыл тұқымдық құндылығының деңгейін айқындау;

3) ешкі өсіруші – ешкі өсіру жөніндегі маман;

4) ешкі шаруашылығы – ешкі өсірумен айналысатын мал шаруашылығы саласы;

5) қой өсіруші – қой өсіру жөніндегі маман;

6) қой шаруашылығы – қой өсірумен айналысатын мал шаруашылығы саласы;

7) ғылыми қызметкер – ҒЗИ-да, кәсіпорындарда немесе жоғары оқу орындарында ғылыми қызметпен айналысатын ғалымдардың бірқатар лауазымдарының жалпы атауы ;

8) азықтандыру нормасы – тіршілік етуді қолдау және өнімнің белгілі бір мөлшерін өндіру үшін жануарларға қажетті қоректік, биологиялық белсенді заттар мен энергияның мөлшері;

9) қой шаруашылығы фермасы – қой өсірумен және қой шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кәсіпорнының бөлімшесі;

10) қой қора – қойларды күтіп-бағуға арналған қой шаруашылығы фермасының негізгі өндірістік ғимараты;

11) отар – бірге күтіп-бағу және жаю үшін қалыптасқан қой табыны;

- 12) іріктеу – шаруашылық тұрғысынан неғұрлым құнды мал дарағын таңдау;
- 13) бордақылау – жануар денесінде ақуыз бен майдың көп мөлшерін жинақтау және жоғары сапалы ет алу мақсатында артық азықтандыру;
- 14) жайылым – шөп қоректі жануарларды жаю үшін жүйелі пайдаланылатын шөпті өсімдіктері бар ауыл шаруашылығы алқаптары;
- 15) асыл тұқымды жануар – республикалық палатада тіркелген тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне жауап беретін таза тұқымды жануар;
- 16) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, дернәсілдер мен құтшабақтар, асыл тұқымды аналықтар бал аралар, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері;
- 17) асыл тұқымды табын – мал басын толықтыратын төлді алу және өсіру үшін пайдаланылатын жануар. Асыл тұқымдыға барлық таза тұқымды малдар емес, тек өз қасиеттері бойынша зауыттық мақсаттарға сай келетін және асыл тұқымды тағайындалуды алатын малдар жатады;
- 18) таңдау – ауыл шаруашылығы жануарларының қолда барын жақсартудың және ауыл шаруашылығы жануарларының жаңа, неғұрлым құнды тұқымдарын құрудың неғұрлым пәрменді тәсілдерін таңдау;
- 19) пайдалану табыны – ең бастысы мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша жоспарлы тапсырмаларды орындауға арналған табын, ол үшін аз шығынмен өнім беретін жоғары өнімді малдарды өсірген жөн;
- 20) сақман – жасы бірдей және дамуы бірдей еметін қозылары бар қой тобы;
- 21) селекционер – адам үшін пайдалы қасиеттері бар немесе қоршаған орта жағдайларына неғұрлым тиімді бейімделуге көмектесетін жануарлардың, өсімдіктер мен басқа да тірі организмдердің қолда бар түрлерін жақсартумен және жаңа түрлерін шығарумен айналысатын ғалым;
- 22) селекция (лат. seligere "таңдау") – жануарлардың жаңа тұқымдарын, өсімдіктер сорттарын, микроорганизмдер штамдарын жасау және қолданыстағыларын жақсарту әдістері туралы ғылым;
- 23) табынның құрылымы – бұл шаруашылықтағы жануарлардың жыныстық және жастық өлшемшарттарының пайыздық арақатынасы;
- 24) шопан – қой бағатын қойшы;
- 25) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;
- 26) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

27) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;

28) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

29) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

30) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптардың жиынтығы;

31) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

32) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

33) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, машықты және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі қызмет түрі;

34) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

35) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды;

36) машықтар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

37) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі;

38) құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

39) тәжірибе – белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланылған саналы қызмет, білім және дағдылар.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) ҚР – Қазақстан Республикасы;

2) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;

3) БА – Біліктілік анықтамасы;

4) ББХСК – Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі;

- 5) КС – Кәсіптік стандарт;
- 6) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
- 7) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
- 8) ҚжЕӨ – Қойларды және ешкілерді өсіру;
- 9) ТжКБ – Техникалық және кәсіптік білім.

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Қойларды және ешкілерді өсіру

5. Кәсіптік стандарттың коды: А042

6. ЭҚЖЖ-ға сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.45 Қойларды және ешкілерді өсіру

01.45.0 Қойларды және ешкілерді өсіру

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер

72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

75 Ветеринариялық қызмет

75.0 Ветеринариялық қызмет

75.00 Ветеринариялық қызмет

75.00.0 Ветеринариялық қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандартта қой мен ешкіні өсіруге, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізуге жататын кәсіптердің сипаттамасы келтірілген. Осы кәсіптік стандартқа туынды лауазымдар енгізілмеген: басшылардың орынбасарлары, аға, жетекші және бас мамандар, олардың міндеттері, білімдері, машықтары мен дағдылары базалық лауазымдар негізінде айқындалады және ұйымдағы штаттық нормативтер мен кестелер негізінде белгіленеді.

Аға, жетекші және бас мамандардың қажетті жұмыс өтіліне қойылатын талаптар І біліктілік санатындағы мамандар үшін көзделген талаптармен салыстырғанда 2-3

жылға көбейеді. Технологиялық процесті жүргізу кезінде жекелеген кәсіптердің біліктілігі төмен деңгейлеріндегі жұмыстардың сипаттамаларына сәйкес біліктілігі анағұрлым жоғары мамандардың басшылығымен жүргізіледі. Мұндай жағдайларда біліктілігі неғұрлым жоғары деңгейдегі мамандар технологиялық процестерді жүргізуді немесе сол кәсіптің біліктілігі төмен деңгейдегі мамандардың жекелеген жұмыстарды орындауын ұйымдастыра алады. Біліктіліктің неғұрлым төмен деңгейлерінің сипаттамаларында келтірілген жұмыстар біліктіліктің неғұрлым жоғары деңгейлерінің сипаттамаларында көрсетілмеуі мүмкін.

"Білім" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық білімге қойылатын талаптармен қатар, жұмыскерлер: ішкі еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі тәртіп пен нормаларды, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру және күтіп-бағу тәртібін білуі тиіс.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) Шопан - СБШ-ның 1-деңгейі;
- 2) Қой өсіру жөніндегі фермер - СБШ-ның 4-деңгейі;
- 3) Қой өсіру кешенінің және механикаландырылған фермалардың бригадирі - СБШ-ның 4-деңгейі;
- 4) Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі - СБШ-ның 5-деңгейі;
- 5) Ветеринариялық дәрігер - СБШ-ның 6-деңгейі;
- 6) Қой шаруашылығы кешені мен механикаландырылған фермалардың операторы - СБШ-ның 3-деңгейі.

### 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Шопан" кәсіп карточкасы	
Топ коды:	9211-2
Қызмет атауының коды:	9211-2-011
Кәсіп атауы:	Шопан
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	1
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	
	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 105. Шопан. Параграф 1. Шопан, 3-разряд.
	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

БТБА, БА және басқа да, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктіліктің деңгейі:	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 105. Шопан. Параграф 2. Шопан, 4-разряд.		
	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 105. Шопан. Параграф 3. Шопан, 5-разряд.		
	"Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 105. Шопан. Параграф 4. Шопан, 6-разряд.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: бастауыш білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар жоқ.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Нұсқама/ жұмыс орнында тағылымдамадан өту немесе қысқа мерзімді оқыту;		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	9211-2-004 - Бақташы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Бекітіп берілген қойлар мен ешкілерді күту, күтіп-бағу, сондай-ақ бағу және суару бойынша қосалқы жұмыстарды орындау.		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бекітіп берілген қойлар мен ешкілерді күту және күтіп-бағу бойынша қосалқы жұмыстар 2. Бекітіп берілген қой мен ешкілерді бағу және суару бойынша қосалқы жұмыстар	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		<p>Машықтар:</p> <p>3-разрядқа арналған машықтар 1. Қойлар мен ешкілерді белгіленген режимге сәйкес азықтандыруды, суаруды, тазалауды және жайылымға шығаруды қамтамасыз ету. 2. Жануарларды күтіп-бағуға арналған орындарды қолмен және механикаландырылған тәсілмен тазалау. 3. Жануарлардың жалпы саулық жай-күйін бақылау, ауру белгілерін дер кезінде анықтау. 4. Тұяқтарға, жүнге, желінге және тері жамылғыларына күтім жасау іс-шараларын жүргізу. 5. Күтіп-бағудың зоогигиеналық нормаларын, қауіпсіздік қағидаларын және ветеринариялық талаптарды сақтау. 4-разрядқа арналған машықтар 1. Жануарларды күнделікті қарап-тексеру, ауру белгілері мен мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтау. 2. Жануарларды азықтандыру, суару және</p>	

1-дағды:  
Бекітіп берілген қойлар  
мен ешкілерді күту

тазалау жұмыстарын орындау. 3. Жануарлар күтіп-бағатын орындардың санитариялық жай-күйін сақтау. 4. Элементарлы ветеринариялық-алдын алу іс-шараларын орындау (тұяқты өңдеу, санитариялық қырку және т.б.). 5. Азықтандыру мен күтіп-бағудың белгіленген режимін сақтау. 6. Қоршаулардың, суаратын құрылғылардың және басқа да жабдықтардың бүтіндігін бақылау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Жануарлардың физиологиялық жай-күйін ескере отырып, толыққанды азықтандыру рационын қамтамасыз ету. 2. Қойлар мен ешкілерді қарап-тексеруді жүргізу, саулығын айқындау және ауру белгілерін анықтау. 3. Аурулардың алдын алу және алғашқы ветеринариялық көмек көрсету әдістерін қолдану. 4. Қора-жайлар мен жайылымдардың санитариялық-гигиеналық жай-күйін бақылау және, ұстап отыру. 5. Төлдерге, саулықтар мен ешкілерге (төлдеуге дайындау, емізу кезеңі және т.б.) жеке және топтық күтім көрсету. 6. Жануарлардың семіздігін және күйін бағалау және бастапқы есепке алу жұмыстарын жүргізу. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Саулықтар ешкілерге, қошқарлар мен тұқымдық текелерге күтімді ұйымдастыру. 2. Жануарларды жасына және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес азықтандыру, суару және жайылымға шығару. 3. Саулықтардың тұқымдық сапасын жақсарту іс-шараларын жүргізу. 4. Дұрыс күтім жасау және азықтандыру есебінен төл алу көрсеткішін арттыруды қамтамасыз ету. 5. Жануарлардың зоотехникалық және тұқымдық есебін жүргізу. 6. Төлдерді енесінен ажыратқаннан кейін 1,5 жасқа дейінгі кезеңде саулығы мен физикалық дамуын бақылау.

Білімдер:

3-разрядқа арналған білімдер 1. Қойлар мен ешкілердің анатомиясы мен физиологиясының негіздері. 2. Жануарлардың физиологиялық жай-күйіне байланысты азықтандыру мен суарудың нормалары. 3. Қойлар мен ешкілерді күтіп-бағу технологиялары (қорада күтіп-бағу, жайылымда күтіп-бағу, аралас әдіс). 4. Ауру белгілері және мамандарды хабардар ету тәртібі. 5. Ұсақ малға күтім жасау кезінде жеке гигиена және еңбекті қорғау қағидалары. 4-разрядқа арналған білімдер 1. Қойлар мен ешкілердің анатомиясы мен физиологиясының негіздері. 2. Ұсақ малға күтім жасауға байланысты зоогигиена және ветеринария негіздері. 3. Азықтандыру мен суару нормалары және режимі. 4. Қора-жайларды санитариялық күтіп-күтіп-бағуға қойылатын талаптар. 5. Ауру белгілері және жануарларға алғашқы көмек көрсету қағидалары. 6. Қойлар мен ешкілерге күтім жасау кезінде қолданылатын мүкәммалдар мен жабдықтар.

		<p>5-разрядқа арналған білімдер 1. Қой мен ешкінің анатомо-физиологиялық ерекшеліктері, негізгі аурулар мен олардың белгілері. 2. Азықтың қоректік құндылығы, өнімділігі мен жасына байланысты азықтандыру нормалары. 3. Төлге, аналық мал басына, сауын ешкілерге күтім жасауға және күтіп-күтіп-бағуға қойылатын талаптар. 4. Асылдандыру жұмысының және мал іріктеудің негіздері. 5. Зоогигиеналық және ветеринариялық күтім жасау қағидалары. 6. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және малмен жұмыс істеу қағидалары. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Аналық мал басын, төлді және тұқымдық қошқарлар мен текелерді асыл тұқымдық фермаларда күтіп-бағу технологиясының ерекшеліктері. 2. Қой мен ешкінің асыл тұқымдық сапасын жақсартудың негізгі әдістері. 3. Асыл тұқымдық фермаларда азықтандыру, суару және жаюды ұйымдастыру қағидалары. 4. Қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығында зоотехникалық және асылдандыру есебінің негіздері. 5. Жануарлардың саулығы мен өнімділігінің көрсеткіштері және оларды бағалау әдістері. 6. Асыл тұқымды малды күтіп-бағуға қойылатын санитариялық және ветеринариялық талаптар</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
1-еңбек функциясы: Бекітіп берілген қойлар мен ешкілерді күту және күтіп-бағу бойынша қосалқы жұмыстар		<p>Машықтар: 3-разрядқа арналған машықтар 1. Жануарлардың жасы, физиологиялық жай-күйі мен өнімділік бағытын ескере отырып, әртүрлі күтіп-бағу технологияларын (қорада, жайылымда, лагерлік, серуенсіз және т.б.) қолдану. 2. Таңдалған технологияға сәйкес қора-жайларды, қоршауларды және жайылымдарды дайындау және жабдықтау. 3. Қысқы және жазғы кезеңде күтіп-бағу жағдайларын (температура, желдету, жарықтандыру және т.б.) тиісті деңгейде қамтамасыз ету. 4. Күтіп-бағу параметрлерінің (температура, ылғалдылық, астаулар мен суарғыштардың толуы, қоралардың санитариялық жай-күйі) есебін жүргізу. 5. Күтіп-бағу технологиясы өзгерген кезде жануарларда стресс пен шамадан тыс жүктемелердің алдын алу бойынша іс-шараларды орындау. 4-разрядқа арналған машықтар 1. Күтіп-бағу технологиясын (қорада, жайылымда, аралас) ескере отырып, жұмыстарды орындау. 2. Белгіленген санитариялық нормаларға сәйкес қора-жайларды, жабдықтарды және төсеніштерді дайындау. 3. Жануарларды күтіп-бағу орындарында қолайлы микроклимат жағдайларын қамтамасыз ету. 4. Күтіп-бағу жай-күйі өзгерген кезде жануарларға күтім жасауды жүзеге асыру. 5. Жануарларды күтіп-бағуда зоогигиеналық талаптарды сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Қойлар мен</p>



2-дағды:

Қой мен ешкі басын күтіп-бағу технологияларының түрлері бойынша жұмыстарды орындау

ешкілерді байлаулы, бос байлаусыз, қорада, жайылымда және аралас күтіп-бағу жағдайларында күтіп-бағу технологияларын қолдану. 2. Маусымдық , физиологиялық жағдайын және өнімділік бағытын ескере отырып, күтіп-бағудың ұтымды режимін ұйымдастыру. 3. Қора-жайларда зоогигиеналық нормаларға сәйкес микроклиматты қамтамасыз ету. 4. Қойлар мен ешкілерге арналған күтіп-бағу жабдықтары мен мүкәммалдарды пайдалану және қызмет көрсету. 5. Төлдеу маусымына қора-жайларды дайындауға және малды қайта топтастыру жұмыстарына қатысу. 6. Күтіп-бағу орындарының, астау-суарғыштардың және төсеніштердің санитариялық жағдайын бақылау. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Қой мен ешкіні әртүрлі күтіп-бағу технологиялары бойынша (байлаулы, қорада, жайылымда, аралас) жұмыстарды ұйымдастыру және орындау. 2. Жануарларға арналған қора-жайларда микроклимат пен санитариялық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету. 3. Күтіп-бағу технологиясына сәйкес азықтандыру мен суарудың сапасын бақылау. 4. Күтіп-бағудың әртүрлі жүйелерінде аурулардың алдын алу және жануарлардың саулығын сақтау іс-шараларын орындау. 5. Жануарларға әртүрлі жағдайларда (мысалы, жазда жайылымда, қыста қорада) күтім жасауды жүзеге асыру. 6. Жануарларды күтіп-бағуға қатысты қажетті есеп пен құжаттаманы жүргізу.

Білімдер:

3-разрядқа арналған білімдер 1. Қойлар мен ешкілерді күтіп-бағу технологияларының түрлері және олардың ерекшеліктері. 2. Маусымға және жануарлар санатына байланысты күтіп-бағу шарттарына қойылатын талаптар. 3. Күтіп-бағу технологиясын таңдауға әсер ететін физиология негіздері. 4. Әр түрлі күтіп-бағу жүйелерінде зоогигиеналық нормалар мен санитарлық талаптар. 5. Әр технологияға сәйкес жабдықтар, құрал-саймандар мен қора-жайларға қойылатын талаптар. 4-разрядқа арналған білімдер 1. Қойлар мен ешкілерді негізгі жүйелері мен технологиялары. 2. Жануарлардың жасына және өнімділігіне байланысты зоогигиеналық күтіп-бағу нормалары. 3. Қора-жайлар, жабдықтар мен құрал-саймандарға қойылатын талаптар. 4. Жануарларды күтіп-бағудың маусымдық ерекшеліктері. 5. Күтіп-бағу шарттарының мал саулығы мен өнімділігіне әсері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Қойлар мен ешкілерді күтіп-бағудың негізгі технологиялары: жайылым-қора, қора-үйқамақ, жыл бойғы жайылымдық және т.б. 2. Қора-жайларда және жайылым алаңдарында жануарлардың орналасу тығыздығына қойылатын нормативтер. 3.

		<p>Күтіп-бағу шарттарына қатысты зоогигиеналық талаптар (температура, ылғалдылық, жарықтандыру , желдету). 4. Қора-жай мен құралдарды дайындау және дезинфекциялау әдістері. 5. Маусымдық күтіп-бағу шарттарын өзгертуге қойылатын талаптар (жаз-күз және қыста-көктем кезеңдері). 6. Жануарлармен жұмыс істеу және жабдық қолданудағы қауіпсіздік негіздері. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Қойлар мен ешкілерді күтіп-бағудың әр түрлі технологияларының ерекшеліктері мен талаптары. 2. Жануарларды күтіп-бағуда қолданылатын санитарлық және ветеринарлық нормалар. 3. Жануарларды күтіп-бағу орындарындағы микроклимат, жарықтандыру және желдетуге қойылатын талаптар. 4. Күтіп-бағу жүйесіне байланысты азықтандыру және суғарудың негіздері. 5. Әртүрлі күтіп-бағу шарттарында ауруларды алдын алу және бақылау әдістері. 6. Жануарларды күтіп-бағу бойынша зоотехникалық есеп жүргізу және есептілік қағидалары.</p>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
		<p>Машықтар: 3-разрядқа арналған машықтар 1. Жануарлардың физиологиялық жай-күйі мен жайылымдардың маусымдық ерекшеліктерін ескере отырып, ең тиімді жайылым маршруттары мен кестесін анықтау . 2. Жайылымдардың азықтық сапасы мен қамтамасыз етілуін бағалау. 3. Жайылымда жануарлардың санын бақылау, жарақаттану, жоғалу және аурудың алдын алу. 4. Жайылымның жүктемесін сақтау және жайылым учаскелерін ауыстыру қағидаларын орындау. 5. Жануарларды жайылымға және жайылымнан қауіпсіз жеткізу. 6. Жайылымда жануарлардың саулығын қадағалап, ауру белгілерін уақтылы анықтау. 4-разрядқа арналған машықтар 1. Ауа райы және жайылымның жай-күйін ескере отырып, жайылым маршруттарын анықтау. 2. Қойлар мен ешкілерді күйзеліссіз және жарақатсыз жайылымға өткізу. 3. Жайылымдық жерлердің біркелкі пайдаланылуын бақылау. 4. Жайылым кезінде жануарлардың жай-күйін қадағалау. 5. Жануарларды серуендету және тынықтыру режимін сақтау. 5-разрядқа арналған машықтар 1. Жайылымдарды маусым мен жайылым түріне байланысты тиімді пайдалану. 2. Жайылымның жай-күйі мен жануарлардың қажеттілігін ескере отырып, қойлар мен ешкілердің жайылым уақытын және маршруттарын жоспарлау. 3. Жайылым режимінің сақталуын қадағалау, артық жемеуден және жайылымның тозуынан сақтану. 4. Жайылымдағы жануарлардың қозғалысы мен қауіпсіздігін ұйымдастыру. 5. Жайылымда</p>

1-дағды:  
Қой мен ешкіні жаюды  
ұйымдастыру

жануарлардың жоғалуы мен жыртқыштардан қорғануды қамтамасыз ету. 6. Жайылым мен су көздерінің санитарлық жай-күйін бақылау. 6-разрядқа арналған машықтар 1. Маусымдық және ауа райы жағдайларын ескере отырып, қойлар мен ешкілердің жайылымын ұйымдастыру және бақылау. 2. Жайылымдардың тиімді пайдаланылуы үшін оңтайлы маршруттар мен жайылым уақытын анықтау. 3. Жайылымдардың өнімділігін сақтау мақсатында жүктеме нормаларын қадағалау. 4. Жайылым кезінде жануарларды қорғауды ұйымдастырып, олардың жоғалуын болдырмау. 5. Жайылым кезеңіндегі жануарлардың мінез-құлқы мен жай-күйін бақылау. 6. Жайылымды ұйымдастыру бойынша есеп жүргізу және құжаттамасын толтыру.

Білімдер:

3-разрядқа арналған білімдер 1. Жайылымдардың маусымдық ерекшеліктері және олардың қойлар мен ешкілерді тамақтандыруға әсері. 2. Жануарлардың категориясына байланысты тәуліктік және маусымдық жайылым нормалары. 3. Жайылымды ұйымдастыру және өткізу, малды керу және жайылымды ауыстыру қағидалары. 4. Жайылымдардың санитарлық жай-күйі мен қорғалу талаптары. 5. Жайылымдағы жануарлардың мінез-құлқы негіздері және ұжымды басқару әдістері. 4-разрядқа арналған білімдер 1. Өртүрлі табиғи-климаттық жағдайларда қойлар мен ешкілердің жайылым қағидалары мен әдістері. 2. Тәуліктік жайылым нормалары және жайылымдарға жүктеме. 3. Жер бетінде бағдарлау негіздері. 4. Жануарлардың шаршау және шөлдеуі белгілері. 5. Жайылыммен байланысты аурулардың алдын алу шаралары (мысалы, улану, шөлдеу). 5-разрядқа арналған білімдер 1. Жайылымдық тамақтандыру негіздері және жайылым түрлері (жайылымдық жерлер, шалғындар, шөп шабындықтары). 2. Өртүрлі маусымдарда жайылымды тиімді пайдалану қағидалары. 3. Жайылым кезеңіндегі қойлар мен ешкілердің азық және суға физиологиялық қажеттіліктері. 4. Жайылымдағы жануарларды жыртқыштар мен басқа да қауіптерден қорғау әдістері. 5. Климатқа және жылдың уақытына байланысты жануарлардың мінез-құлқы мен қажеттіліктері ерекшеліктері. 6. Жайылымды ұйымдастыру және өткізу кезінде техника қауіпсіздігі қағидалары. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Өртүрлі климаттық және табиғи жағдайларда қойлар мен ешкілердің жайылым ерекшеліктері. 2. Жайылымдық жерлерді рационалды пайдалану қағидалары мен нормалары. 3. Жайылым маусымында жануарлардың азыққа биологиялық қажеттіліктері. 4. Жайылымдарды

		<p>зақымдауды болдырмау және жайылымдағы жануарлардың ауру қаупін азайту әдістері. 5. Жайылым режимі мен жайылым кестесін ұйымдастыру. 6. Жайылымды ұйымдастыру кезінде зоотехникалық есеп жүргізудің негіздері.</p>
2-еңбек функциясы:	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
3. Жұмыртқаларды сақтау және инкубациялау жағдайлары бойынша деректерді нақты есепке алу және тіркеу.

4. Инкубацияға салуға арналған жұмыртқаларды сапа санаттары бойынша сұрыптау.

5. Технологиялық талаптар мен тұқым ерекшеліктерін ескере отырып, инкубациялық табақтарды дайындау және уақытылы салуды қамтамасыз ету.

5 -разрядқа арналған машықтар

1. Жұмыртқаларды, инкубациялық жабдықтарды және үй-жайларды заманауи әдістер мен құралдарды қолданып залалсыздандыру жұмыстарын жоспарлау және бақылау.

2. Инкубаторлардағы температура-ылғалдылық режимі мен газ алмасуын кешенді бақылау,

2-дағды:  
Залалсыздандыру,  
жұмыртқаны сақтау,  
инкубациялық науаларды  
с а л у ,  
температуралық-ылғалды  
режимді тіркеу

технологиялық нормативтерге сәйкес параметрлерді түзету.

3. Жұмыртқаларды сақтау және инкубациялау жағдайлары бойынша нақты деректерді тіркеу және талдау жүргізу, шығымдылықты барынша арттыруға жағдай жасау.

4. Құстың генетикалық және тұқымдық ерекшеліктерін ескере отырып, инкубациялық табақтарды дайындау мен салуды ұйымдастыру.

5. Жұмыртқаларды сақтау сапасын бақылау, өнімділікке әсер ететін ауытқуларды анықтау және жою. 6-разрядқа арналған машықтар

1. Инкубациялық жабдықтарды, жұмыртқаларды және үй-жайларды жоғары тиімді құралдар мен технологияларды қолданып кешенді залалсыздандыру жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау.

2. Автоматтандырылған басқару жүйелерін қолдана отырып, инкубаторларда оңтайлы температура-ылғалдылық режимі мен газ алмасу параметрлерін өз бетінше орнату және түзету.

3. Температура-ылғалдылық режимі бойынша деректерді талдау және түсіндіру, ауытқуларды анықтап, шығымдылықты барынша қамтамасыз ету үшін түзету шараларын қабылдау.

4. Генетикалық ерекшеліктер мен тұқымдық талаптарды ескере отырып, инкубациялық табақтарды салу процесіне басшылық жасау, жұмыстардың дәлдігі мен сапасын қамтамасыз ету.

5. Тұқымдық және технологиялық құжаттамаларды жүргізу мен бақылауды қамтамасыз ету, барлық инкубация параметрлері мен нәтижелерін тіркеу.

Білімдер:

2-разрядқа арналған білімдер 1. Жұмыртқаларды инкубаторға салуға дейінгі санитарлық өңдеу қағидаларының негіздері. 2. Жұмыртқаларды сақтау жағдайлары: рұқсат етілген температуралық және ылғалдық көрсеткіштер. 3. Жұмыртқаларды жинау мерзімі мен құс түрлеріне қарай табақтарға салу тәртібі. 4. Инкубациялық жұмыртқамен жұмыс істеуге қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптардың негіздері. 5. Температура мен ылғалдылықты есепке алуға арналған қарапайым құралдардың қызметі мен пайдалану қағидалары. 3-разрядқа арналған білімдер 1. Өртүрлі құс түрлерінің инкубациялық жұмыртқаларын сақтау нормалары мен режимдері. 2. Жұмыртқаларды, құрал-саймандар мен жабдықтарды залалсыздандыру қағидалары мен құралдары. 3. Жұмыртқаларды сақтау және салуға қатысты құжаттаманы жүргізудің негіздері. 4. Инкубациялық жұмыртқаға қойылатын талаптар (сапасы, жаңалығы, бүтіндігі). 5. Инкубациялық

учаскелердегі санитарлық-гигиеналық нормалардың негіздері. 4-разрядқа арналған білімдер 1. Жұмыртқаларды және жабдықтарды залалсыздандыру технологиясы: қолданылатын құралдардың түрлері мен қолдану нормалары. 2. Инкубацияның барлық кезеңдерінде әртүрлі құс түрлері мен тұқымдарына арналған температуралық-ылғалдық режимдердің ерекшеліктері. 3. Жұмыртқаларды сақтау және инкубациялау үдерісін биологиялық бақылаудың негіздері. 4. Инкубация бойынша нормативтік құжаттаманы жүргізу және бақылау қағидалары. 5. Жұмыртқаларды сақтау және өңдеу жағдайларының балапан сапасы мен шығымына әсері. 5-разрядқа арналған білімдер 1. Жұмыртқалар мен жабдықтарды залалсыздандырудың заманауи әдістері мен құралдары және оларды қолдану нормативтері. 2. Инкубаторлардағы микроклиматты (температура, ылғалдылық, газ алмасу) реттеудің технологиялық ерекшеліктері. 3. Инкубация және жұмыртқа сақтау сапасын биологиялық және техникалық бақылау әдістері. 4. Микроклимат пен санитарлық шаралардың балапан сапасы мен шығымына әсері. 5. Тұқымдық жұмыстардың ерекшеліктері, инкубациялық үдерістегі технологиялық мәліметтерді есепке алу және тіркеу. 6-разрядқа арналған білімдер 1. Инкубаторлардағы микроклиматты бақылау және реттеуге арналған заманауи автоматтандырылған және механикаландырылған жүйелер. 2. Құс шаруашылығында экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып қолданылатын озық залалсыздандыру әдістері мен нормативтері. 3. Түрлі құс тұқымдары мен түрлерінің жұмыртқаларын сақтау және инкубациялаудың технологиялық және биологиялық негіздері. 4. Микроклиматты бақылау деректерін талдау әдістері және оларды инкубациялық үдерістерді оңтайландыруда қолдану. 5. Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тұқымдық жұмысты жүргізу, есепке алу және құжаттандыру қағидалары.

Дағдыны тану мүмкіндігі :

Талап етілмейді

Машықтар:

2-разрядқа арналған машықтар

1. Жұмыртқаларды қабылдап, мөлшері мен сапасына қарай сұрыптау және калибрлеу.

2. Жұмыртқаларды арнайы жұмыртқа жуу машиналарымен жуу.

3. Инкубацияға арналған жұмыртқаларды белгіленген талаптарға сай таңбалап, орналастыру.

4. Инкубация параметрлерін (температура, ылғалдылық) қолмен немесе нұсқаулық бойынша тіркеу.

5. Ұрықсыз немесе бүлінген жұмыртқаларды анықтау үшін овоскоппен бақылау жүргізу.

6. Инкубацияға қатысты жабдықтар мен үй-жайлардың тазалығын қамтамасыз ету.

3 -разрядқа арналған машықтар

1. Инкубация режимінің параметрлерін ( температура, ылғалдылық, желдету) тіркеу.

2. Ұрықсыз және ақаулы жұмыртқаларды анықтау үшін овоскоппен бақылау жүргізу.

3. Ұрықсыз және бүлінген жұмыртқаларды іріктеп, алып тастау.

4. Инкубация процесіне байланысты есеп жүргізу және құжаттарды толтыру.

5. Инкубаторлар мен жабдықтарды инкубацияға дайындауды қамтамасыз ету.

4-разрядқа арналған машықтар

1. Бақылау ұяларынан жұмыртқаларды жинап, ұя нөмірін, мекиеннің нөмірін және жұмыртқа салған күнін белгілеу.

2. Құстар тобын жинақтауға, іріктеуге және сақиналауға қатысу.

3. Құстарды жарамсыз деп тану және жұмыртқаларды мемлекеттік стандартқа сәйкес сұрыптау.

4. Құстарды азықтандыру және суару жұмыстарын арнайы азықтандыру машиналары арқылы ұйымдастыру.

5. Жұмыртқаларды залалсыздандыру, сәулелендіру және инкубаторға салу.

6. Жұмыртқаларды бақылап қарап, сапасыздарын іріктеп алып тастау.

7. Инкубаторлар мен бөлмелерде температура, ылғалдылық және газ алмасу режимін сақтау.

8. Жұмыртқалары бар лотоктарды инкубациялық шкафтан балапан шығаратын шкафқа ауыстыру және шыққан балапандармен лотоктарды түсіру.

9. Шыққан балапандарды сұрыптау, сәулелендіру, әлсіздерін санау және жою.

10. Бір күндік балапандарды қораптарға салып, шаруашылықтарға жөнелту үшін буып-түю.

11. Инкубаторларды, жабдықтарды, ыдыстарды және бөлмелерді тазалау.

12. Жабдықтар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету.

13. Үй-жайларды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу.

5 -разрядқа арналған машықтар

1. Өндірістік табындағы ересек құстарға, балапандарға және бройлерлерге механикаландырылған күтім жасау.
2. Құстарды қажеттіліктеріне сай теңестірілген жемдермен суару және азықтандыру.
3. Құстарға күтім жасау бойынша алдын алу және емдеу шараларын жүргізу.
4. Тезекті шығару, бөлмелерді тазалау, суаратын астауларды жуу, жем астауларын тазарту.
5. Механикаландыру құралдарын басқару, жабдықтарды баптау, реттеу және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу.
6. Құсханалардағы ауа алмасуын, температураны және ылғалдылықты реттеу.
7. Ұялар мен мекиендер бойынша жұмыртқаларды есепке алу, тұқым желілері мен түрлері бойынша іріктеу.
8. Тұқымдық құсты жинақтау, жұмыртқаларды аналық нөмірі бойынша өлшеу және инкубациялық лотоктарға салу.
9. Балапандар мен ересек құстарды өлшеу, лотоктардан балапандарды таңдау және сақиналау.
10. Белгіленген тұқымдық құжаттаманы жүргізу.

#### 6-разрядка арналған машықтар

1. Торда ұстайтын құстарға, тұқымдық балапанға және селекциялық-тұқымдық табынға механикаландырылған күтім жасау.
2. Құстарды азықтандыру, суару, нәжісті кешенді механизация арқылы шығару.
3. Құстың өнімділігі мен тұқымдық сапасын жақсартуға бағытталған іс-шараларды орындау.
4. Құсты бонитировкадан (сапалық бағалау) өткізуге қатысу.
5. Жұмыртқаларды тұқым, кросс және желілері бойынша сұрыптау.
6. Су тәуліктік балапандарды жынысына қарай ажырату және сапасына қарай сұрыптау.
7. Құсқа арналған бөлмелердегі механикаландыру және жарықтандыру құралдарын басқару.

#### Білімдер:

##### 2-разрядка арналған білімдер

1. Жұмыртқаларды санаттары бойынша сұрыптау және калибрлеудің техникалық шарттары.
2. Инкубациялық жұмыртқаларды таңбалау, орау, сақтау және тасымалдау қағидалары.
3. Жұмыртқа сұрыптайтын және жууға арналған машиналардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
4. Инкубация параметрлеріне қойылатын негізгі талаптар (температура, ылғалдылық).
5. Жұмыртқаның күйін анықтауға арналған овоскопия негіздері.

1-дағды:

Инкубация режимінің параметрлерін тіркеу, жұмыртқаларды бақылау овоскопия жүргізу.

### 3-разрядка арналған білімдер

1. Өртүрлі құс түрлерінің жұмыртқаларын инкубациялау режимінің негізгі параметрлері мен талаптары.
2. Овоскопия жүргізу әдістемесі мен принциптері.
3. Инкубаторлар мен қосымша жабдықтардың құрылысы және пайдалану ерекшеліктері.
4. Инкубациялық үй-жайларға қойылатын ветеринарлық-санитарлық талаптар.
5. Инкубациялық үдерісті есепке алу және бақылау қағидалары.

4-разрядка арналған білімдер 1. Бақылау ұяларынан жұмыртқаларды жинау және есепке алу технологиясы.

2. Құсты топтау және сақина салу негіздері.
3. Жұмыртқаларды сұрыптау және жарамсыздан шығару бойынша мемлекеттік стандарттар.
4. Құсқа арналған бордақылау машиналарының жұмыс істеу принциптері.
5. Жұмыртқаларды залалсыздандыру, сәулелендіру және инкубаторға салу әдістері.
6. Жұмыртқаларды бақылау арқылы қарау және таңдау технологиясы.
7. Инкубаторларда микроклиматты (температура, ылғалдылық, ауа алмасу) сақтау параметрлері.
8. Инкубациялық лотоктарды жылжыту және өңдеу рәсімдері.
9. Құс балапандарын сұрыптау, сәулелендіру және бағалау әдістері.
10. Біркүндік балапандарды орау және тасымалдау талаптары.
11. Инкубаторлар мен үй-жайларды санитарлық өңдеу және күтіп ұстау қағидалары.
12. Инкубатордағы жабдықтар мен механизмдердің техникалық құрылымы.

### 5-разрядка арналған білімдер

1. Ауыл шаруашылығы құсының анатомиясы мен физиологиясы.
2. Жас құс пен ересек құстарды ұстау технологиясы мен әдістері, бройлерлерді өнеркәсіптік негізде өсіру.
3. Құстарды күтіп-бағуға және азықтандыруға арналған аспаптар мен аппараттардың құрылымы және жұмыс істеу принциптері.
4. Ветеринария негіздері және құс ауруларының алдын алу.
5. Құсты күту мен жабдықтармен жұмыс істеуді механикаландыру әдістері мен қағидалары.
6. Тұқымдық құсты есепке алу және тиісті құжаттаманы жүргізу қағидалары.
7. Құсты теңгерімді жемдермен азықтандырудың нормалары мен әдістері.

2-еңбек функциясы:  
Жұмыртқаны  
инкубациялау процесін  
орындау

6-разрядка арналған білімдер

1. Құсты және тұқымдық жас құсты кешенді механикаландыру жағдайында торлы ұстау технологиясы.
2. Қызмет көрсетілетін құс бастарының өнімділігін арттыру әдістері.
3. Торлы ұстау кезінде қолданылатын жабдықтың құрылымы және оған қызмет көрсету.
4. Тұқымдық құсты өсіру мен ұстаудың ерекшеліктері.
5. Селекциялық-тұқымдық жұмыстың негізгі әдістері.
6. Құсты жеке бағалау және іріктеу белгілері.
7. Тауықтардың негізгі кросстары мен линиялары.
8. Механикаландыру және жарықтандыру құралдарын басқару қағидалары.
9. Ауыл шаруашылығы құстарының барлық түрлерінің анатомиясы мен физиологиясының негіздері.
10. Жас құсты сапасы мен жынысы бойынша сұрыптауға қойылатын зоотехниялық талаптар.

Дағдыны тану мүмкіндігі  
:

Талап етілмейді

Машықтар:

2-разрядка арналған машықтар

1. Инкубациялық науалардан қабығы зақымдалған және дақ түскен жұмыртқаларды алып тастау.
2. Мұндай жұмыртқаларды белгіленген нормаларға сәйкес есепке алу.
3. Жұмыртқаларды қолмен инкубациялық науалардан шығарушы инкубатордың науаларына көшіру.
4. Жұмыртқаларды қарапайым механикаландырылған құралдармен (мысалы, арбалармен) көшіру.
5. Жұмыртқаларды көшіру кезінде ұқыптылық пен бүтіндігін сақтау.

3-разрядка арналған машықтар

1. Қабығы зақымдалған және дақты жұмыртқаларды технологиялық талаптарға сәйкес алып, есепке алу.
2. Жұмыртқаларды қолмен және механикаландырылған құралдармен (арбалар) инкубациялық науалардан шығару науаларына қауіпсіздік қағидаларын сақтай отырып көшіру.
3. Жұмыртқаларды көшіру кезінде сапасын бақылау және инкубацияға жарамсыздарын дер кезінде анықтау.
4. Шығару науаларына жұмыртқаларды дұрыс орналастыруды қамтамасыз ету, инкубация процесінің біркелкілігін сақтау.
5. Алынып, көшірілген жұмыртқалар бойынша құжаттаманы жүргізу.



#### 4-разрядка арналған машықтар

1. Қабығы зақымдалған және дақ түскен жұмыртқаларды нормативтік талаптарға сай алып, нақты есепке алу.

2. Инкубациялық науалардан (арбалардан) жұмыртқаларды шығарушы инкубатор науаларына қолмен және механикаландырылған құралдармен көшіруді ұйымдастыру және орындау.

3. Жұмыртқалардың сапасын бақылау және инкубацияға жарамдылығына қарай санаттар бойынша сұрыптау.

4. Жұмыртқаларды шығару науаларына дұрыс орналастыруды және біркелкі бөлуді қамтамасыз ету, инкубация режимін оңтайландыру.

5. Жұмыртқаларды есепке алу мен көшіру бойынша толық және нақты құжаттаманы жүргізу, анықталған ақауларды қоса есепке алу.

6. Жұмыртқаларды көшіруге арналған жабдыққа техникалық қызмет көрсету және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу.

#### 5-разрядка арналған машықтар

1. Қабығы зақымдалған және дақ түскен жұмыртқаларды алу, сұрыптау және есепке алу процесін ұйымдастырып, бақылау.

2. Инкубациялық науалардан шығару шкафтарына жұмыртқаларды кешенді механикаландырылған жүйелер мен автоматтандырылған жабдықтарды пайдаланып тасымалдауды қамтамасыз ету.

3. Жұмыртқаларды тасымалдауға арналған жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу.

4. Жұмыртқалардың зақымдану себептерін талдап, оларды азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу.

5. Ақаулы жұмыртқалардың қозғалысы мен жоюы туралы дәл есеп-қисап пен құжаттаманы жүргізу.

#### 6-разрядка арналған машықтар

1. Құс фабрикасы немесе инкубациялық цехтағы ақаулы жұмыртқаларды алу, сұрыптау және есепке алу процестерін басқару.

2. Адам араласуын азайтатын кешенді автоматтандырылған жұмыртқа тасымалдау жүйелерін ұйымдастыру және бақылау.

3. Өндірістік көрсеткіштерді талдап, жұмыртқалардың зақымдану себептерін анықтау және оларды жою мен алдын алу шараларын енгізу.

4. Қызметкерлерді жабдықпен жұмыс істеу және ақаулы жұмыртқаларды есепке алу бойынша оқыту және нұсқау жүргізу.

5. Дақтар мен зақымдалған жұмыртқаларды сапалы есепке алу және жою стандарттары мен нұсқаулықтарын әзірлеп, енгізу.

2-дағды:

Қабығы зақымдалған жұмыртқалар мен тұмандарды алып қою және есепке алу, Жұмыртқаларды қолмен жылжыту, инкубациялық науалардан (арбалардан)

Білімдер:

шығару инкубаторының  
науаларына  
механикаландырылған

2-разрядка арналған білімдер

1. Зақымдалған жұмыртқаларды (қабығы мен тумақтары) есепке алу және алып тастау қағидалары .
2. Жұмыртқаларды тасымалдау мен жылжитқанда қауіпсіз және абайлап ұстаудың негіздері.
3. Инкубациялық және шығару лотоктарының құрылымы мен тағайындалуы.
4. Жұмыртқаларды жылжытуға арналған қарапайым механикалық құралдарды (тележкалар және т.б.) пайдалану қағидалары.
5. Жұмыртқалардың бүтіндігін сақтау инкубация процесінің сәтті өтуі үшін маңызды екендігі.

3-разрядка арналған білімдері:

1. Зақымдалған жұмыртқаларды (қабық, тумақтар) іріктеу және есепке алу бойынша технологиялық талаптар.
2. Жұмыртқаларды механикалық түрде жылжыту қағидалары және жабдық құрылымы (лотоктар, тележкалар).
3. Зақымдалған жұмыртқалардың инкубация сапасына әсері және оларды анықтау әдістері.
4. Инкубация процесінде құжаттарды есепке алу негіздері.
5. Жұмыртқалармен және жабдықпен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының негіздері.

4-разрядка арналған білімдер

1. Зақымдалған жұмыртқаларды есепке алу және алып тастау бойынша технологиялық нормативтер мен стандарттар.
2. Жұмыртқаларды жылжытуға арналған механикаландырылған құралдардың құрылысы, жұмыс істеу принциптері және пайдалану қағидалары.
3. Жұмыртқа қабығы мен тумақтарының зақымдануының инкубациялық көрсеткіштерге әсері және сапаны бақылау әдістері.
4. Инкубациялық процесте құжаттарды рәсімдеу және есепке алу тәртібі.
5. Жұмыртқалармен және жабдықпен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары.
6. Инкубаторлық учаскелерде жұмыс үрдісін ұйымдастыру және сапаны бақылау негіздері.

5-разрядка арналған білімдер

1. Инкубациялық және шығару бөлмелерінде жұмыртқаларды жылжыту процестерін механикаландырудың заманауи технологиялары мен әдістері.
2. Инкубацияға арналған арнайы жабдықты пайдалану, баптау және жөндеу принциптері.

		<p>3. Зақымдалған жұмыртқаларды есепке алу және жою бойынша сапа стандарттары мен талаптары.</p> <p>4. Жұмыртқаның сапасына әсер ететін құс зоотехниясымен және биологиясымен байланысты негізгі білімдер.</p> <p>5. Өндірістік процестерді басқару және сапаны бақылау ұйымдастыру әдістері. 6-разрядқа арналған білімдер</p> <p>1. Инкубация мен жұмыртқаларды өңдеудегі автоматтандыру және роботтандырудың озық технологиялары.</p> <p>2. Жұмыртқаларды жылжыту және сұрыптау жабдығының кешенді құрылымы мен техникалық сипаттамалары.</p> <p>3. Зақымдалған жұмыртқаларды жою кезінде ветеринарлық-санитарлық бақылау және экологиялық қауіпсіздік қағидалары мен нормалары.</p> <p>4. Құс фабрикаларында және инкубаторлық кешендерде сапа мен өнімділікті басқару әдістемелері.</p> <p>5. Құс шаруашылығындағы технологиялық процестерді талдау және оңтайландырудың қазіргі заманғы әдістері.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
		<p>Машықтар:</p> <p>2-разрядқа арналған машықтар</p> <p>1. Жас құсты таңдау үшін қарапайым технологиялық жабдық пен ыдысты дайындау.</p> <p>2. Жас құсты сыртқы белгілер бойынша таңдау.</p> <p>3. Жас құсты әрі қарай өңдеу үшін ыдысқа орналастыру.</p> <p>4. Инкубация қалдықтарын жинау және жою.</p> <p>3 -разрядқа арналған машықтар</p> <p>1. Таңдау және сұрыптау үшін жабдықты дайындау және баптау.</p> <p>2. Өндірістік талаптарға сәйкес жас құсты жынысы мен сапасы бойынша таңдау.</p> <p>3. Жас құсты ветеринарлық өңдеу орнына тасымалдауды ұйымдастыру.</p> <p>4. Инкубация қалдықтарын дұрыс жоюды бақылау.</p> <p>4- разрядқа арналған машықтар</p> <p>1. Жас құсты тұқымына, сызықтарына және сапасына қарай кешенді сұрыптау.</p> <p>2. Жас құсты орау және жөнелтуге дайындау процесін басқару.</p> <p>3. Сұрыпталған және жарамды жас құсты есепке алу .</p> <p>4. Ветеринарлық нормалар мен ережелердың сақталуын қамтамасыз ету.</p> <p>5-разрядқа арналған машықтар</p>

1-дағды:

Технологиялық жабдықтарды, жас малды іріктеуге арналған ыдыстарды дайындау. Тәуліктік төлді сапасы мен жынысы бойынша іріктеу және сұрыптау

1. Жас құсты таңдау, сұрыптау және есепке алу бүкіл процесін ұйымдастыру және бақылау.
2. Ветеринарлық өңдеу және жас құсты шаруашылықтарға жөнелту жұмыстарын үйлестіру.
3. Жас құстың сапасын талдау және заманауи әдістерді қолданып таңдау жүргізу.
4. Технологиялық жабдықтарды оңтайлы пайдалануын қамтамасыз ету.

6-разрядқа арналған машықтар

1. Жас құстың жынысы, сызығы, тұқымы және өнімділік белгілері бойынша жеке бағалау жүргізу.
2. Жас құстың сақталу және сапа көрсеткіштерін бақылау және талдау.
3. Жас құсты сұрыптау, топтау және оларды тұқымдық және өндірістік шаруашылықтарға жөнелтуді басқару.
4. Тұқымдық бағыттар бойынша есеп жүргізу және селекциялық міндеттерге сәйкес топтар құру.
5. Жас құспен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Білімдер:

2-разрядқа арналған білімдер

1. Жас құстың сапасын анықтайтын негізгі белгілер.
2. Жабдықтар мен құралдарды дайындау қағидалары.
3. Жас құспен жұмыс істеу кезінде санитарияның негіздері.

3-разрядқа арналған білімдер

1. Жас құсты сұрыптау бойынша технологиялық талаптар.
2. Санитарлық-ветеринарлық өңдеу қағидалары.
3. Қалдықтарды жоюдың түрлері мен әдістері.

4-разрядқа арналған білімдер

1. Жас құсты зоотехникалық нормаларға сәйкес классификациялау.
2. Жас құсты тасымалдау кезіндегі ветеринарлық-санитарлық талаптар.
3. Қажетті құжаттаманы жүргізу. 5 разрядқа арналған білімдер

1. Жас құсты селекциялау және іріктеу бойынша заманауи әдістер.

2. Құс өсірісті сақтау және тасымалдаудың прогрессивті технологиялары.
3. Сапаны басқару және құжат айналымы. 6-разрядқа арналған білімдер

1. Жаңа туған жас құсты генетикалық және селекциялық бағалау әдістері.
2. Тұқымдық құсқа қойылатын зоотехникалық және ветеринарлық талаптар.
3. Асыл тұқымдыларға құжаттама мен есеп жүргізу тәртібі.

3-еңбек функциясы:

Тәуліктік төлді іріктеу, сұрыптау, есепке алу, тапсыру

	<p>4. Құсты автоматтандырылған іріктеу және сұрыптау заманауи технологиялары.</p> <p>5. Селекциялық-тұқымдық жұмыста сапаны басқарудың негіздері.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
<p>2-дағды: Шығару науалары мен инкубаторлардан Шығару науаларын, ыдыстарды, инкубаторларды, қосалқы жабдықтарды жуу инкубация қалдықтарын шығару.</p>	<p>Машықтар:</p> <p>2-разрядка арналған машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мамандардың жетекшілігімен жас құсты белгіленген аймақтарға тасымалдау.</li> <li>2. Қалдықтарды утилизацияға арналған контейнерлерге тиеуге қатысу.</li> <li>3. Жас құс пен қалдықтармен жұмыс кезінде жеке гигиена қағидаларын сақтау.</li> </ol> <p>3-разрядка арналған машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жас құсты ветеринарлық өңдеу орнына тасымалдау.</li> <li>2. Жас құсты алдын ала көзбен қарауға қатысу.</li> <li>3. Инкубациялық қалдықтарды қолмен түрі бойынша сұрыптау.</li> </ol> <p>4-разрядка арналған машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жас құсты ветеринарлық өңдеуге дайындау (жасына, жағдайына қарай).</li> <li>2. Жас құс топтарын есепке алу және маркілеу.</li> <li>3. Қалдықтарды жинау, орау және утилизацияға шығару тәртібін бақылау.</li> </ol> <p>5-разрядка арналған машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ветеринарлық өңдеуді регламенттерге сәйкес бақылау.</li> <li>2. Жас құстың қозғалысын есепке алу және құжаттау.</li> <li>3. Қалдықтарды жинау, зарарсыздандыру және утилизацияға беру ұйымдастыру.</li> </ol> <p>6 разрядка арналған машықтар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ветеринарлық өңдеу үшін жас құсты орналастыру мен тасымалдауды басқару.</li> <li>2. Санитарлық нормалар мен биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> <li>3. Инкубациялық қалдықтарды утилизациялау жоспарын құру және бақылау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <p>2-разрядка арналған білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жас құсты орналастыруға қойылатын қарапайым санитарлық талаптар.</li> <li>2. Қалдықтар үшін ыдыстардың мақсаты мен түрлері.</li> <li>3. Инкубатордағы жұмыс кезінде қауіпсіздік пен санитарияның жалпы қағидалары.</li> </ol> <p>3-разрядка арналған білімдер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дені сау және әлсіз жас құстың белгілері.</li> </ol>

		<p>2. Инкубациялық қалдықтарды жинау және уақытша сақтау әдістері.</p> <p>3. Жас құспен жұмыс істеу кезінде санитарлық нормалар. 4-разрядқа арналған білімдер</p> <p>1. Ветеринарлық процедураларды ескере отырып, жас құсты орналастыру талаптары.</p> <p>2. Инкубация қалдықтарын сұрыптау қағидалары.</p> <p>3. Құсқа ветеринарлық өндеудің негіздері.</p> <p>5-разрядқа арналған білімдер</p> <p>1. Жас құсты ветеринарлық өндеудің нормалары.</p> <p>2. Өңдеу мен утилизацияны есепке алу журналдарына қойылатын талаптар.</p> <p>3. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде биологиялық қауіпсіздік шаралары.</p> <p>6-разрядқа арналған білімдер</p> <p>1. Инкубаторларда құсқа ветеринарлық өндеу регламенттері.</p> <p>2. Биологиялық қалдықтарды утилизациялау бойынша заңнамалық талаптар.</p> <p>3. Қазіргі заманғы утилизация әдістері және олардың қауіпсіздігі.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Шыдамдылық</p> <p>Тез шешім қабылдай білу</p> <p>Дәлдік</p> <p>Сыпайылық</p> <p>Мейірімділік</p> <p>Төзімділік пен еңбексүйгіштік</p> <p>Жауапкершілік</p> <p>Ұқыптылық</p> <p>Күйзеліске тұрақтылық</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.</p> <p>2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.</p> <p>3. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.</p> <p>4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.</p> <p>5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы</p> <p>6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы. ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.</p> <p>7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 бұйрығы, ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.</p>	

	8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:
	5	Зоотехник

#### 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

15. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Орындаушы: Насырханова Б.К., +7 (771) 375 80 45, b.nasyrhanova@nasec.kz

16. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар): "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғам

Жоба жетекшісі: Насырханова Б.К. E-mail: b.nasyrhanova@nasec.kz

Телефон нөмірі: +7 (771) 375 80 45

Орындаушылар: Шарипов Р.И., "Қазақстан құс өсірушілер одағы" заңды және жеке тұлғалар бірлестігінің директоры, телефон нөмірі:

+7 (777) 444 60 04, E-mail: ptitcevod@mail.ru

Альпеисов Ш.А., "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" КеАҚ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор.

Техникалық көмек көрсетуші: М.Б. Кенжеғұлова, телефон нөмірі:

+7 (775) 603 30 97, E-mail: m.kenzhegulova@nasec.kz

16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2025 жылғы 23 шілде.

17. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2025 жылғы 22 қыркүйек.

18. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

19. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 2-нұсқа, 2025 ж.

20. Болжамды қайта қарау күні: 2029 жылғы 26 қазан.

2025 жылғы 7 қарашадағы  
№ 419 бұйрығына қосымша

#### "Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру" кәсіптік стандарты

##### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді.

Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті біліктілік деңгейлерін айқындау үшін, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін қолдануға арналған.

Осы кәсіптік стандарт біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру саласындағы жұмыстарды атқаратын ұйымдарда кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Кәсіптік стандарт мынадай пайдаланушылардың пайдалануы үшін қолданылады:

1) жұмыскерлер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын талаптарды түсінуі, өзінің кәсіптік дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлау, сондай-ақ бейіндік бағыт бойынша мансаптық ілгерілеуді болжау үшін;

2) жұмыс берушілер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін жұмыскерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды жаңарту, персоналды жалдау және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, ілгерілету және ротациялау бағдарламаларын жасау үшін;

3) білім беру және оқу орындары – мал шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау, бейіндік бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, мал шаруашылығы саласындағы оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту үшін білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау үшін;

4) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша жұмыскерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

5) мемлекеттік органдар – кәсіптік стандартты еңбек нарығы өлшемшарттары, мониторингі және болжамы үшін.

Осы кәсіптік стандарт негізінде ұйымдар өндірісті, еңбекті, басқаруды және олардың жауапкершілігін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, жұмыскерлерге арналған корпоративтік кәсіптік стандарттарды ішкі қолдану үшін әзірлей алады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) бонитирлеу – жануарлардың асыл тұқымдық құндылығы деңгейін тиісті сынып немесе индекс бере отырып, шаруашылыққа пайдалы белгілер кешені (тұқымдылығы, өнімдік сапасы, сыртқы тұрпаттық-бітімдік ерекшеліктері) бойынша айқындау; 2) малдың ақауы – өсімді молайтуға және кейіннен көбейтуге жарамсыз малдарды табыннан шығару;

3) бұқа – ірі қара малдың еркегі;

4) өгіз – аталық бездері алынып тасталған ірі қара бұқасы;

5) тұқымдық бұқа – асыл тұқымды өсіруге арналған еркек мал;



- 6) бұқашық – еркек бұзау;
- 7) жарамсыз сиырларды іріктеу – жыл басындағы мал басы санынан бір жыл ішінде табыннан жарамсыз болып іріктелген сиырлардың үлесі;
- 8) малды одан әрі өсіруге қалдыру – кейіннен өндірісте пайдалану мақсатында оларды басқа шаруашылықтарға өткізу үшін өнімділігі төмен жас санатына сәйкес келетін жануарларды табыннан алып тастау;
- 9) бұзаулардың 100 сиырға шығысы – жыл басында қолда бар әрбір 100 сиыр мен құнажынға қайта есептегенде, күнтізбелік жылы туған тірі бұзау саны;
- 10) терең буыз сиыр – ірі қара малдың буаздығы жеті айдан асқан аналығы;
- 11) 100 сиырға шаққандағы бұзаулардың іскерлік шығымы – жыл басындағы әрбір 100 сиырға шаққанда мәжбүрліктен сойылған және өлген малды шегергендегі ағымдағы жылғы тірі бұзаулар саны;
- 12) сиыр – бұзаулағаннан кейінгі ірі қара мал аналығы;
- 13) теліме сиыр – лактация кезінде бір немесе бірнеше бұзауды емізетін сиыр;
- 14) ірі қара мал – *Bos. Taugus* тұқымдасына жататын қолға үйретілген күйіс қайыратындар;
- 15) бұзаулау аралық кезең – екі аралас немесе кейінгі бұзаулаулар арасындағы аралық;
- 16) өлі туған бұзау – бұзаулау кезінде өлі туған бұзау;
- 17) төл – асыл тұқымды өсіруге немесе бордақылауға арналған алты айдан асқан бұқашықтар мен қашарлар;
- 18) сүтті-етті (етті-сүтті) мал – сүт және ет немесе ет және сүт өндіруге арналған құрама тұқымдарға жататын ірі қара мал;
- 19) сүтті мал – сүт өндіруге арналған тұқымға жататын ірі қара мал;
- 20) құнажын – ұрықтанған қашар;
- 21) төлдеу - буаздылық кезеңнің бұзаудың туылуымен аяқталуы;
- 22) малдың өлімі – эпизоотия, табиғи апаттар немесе күтіп-бағу және азықтандырудың тиісті шарттарын сақтамау салдарынан жануарлардың өлімі;
- 23) бірінші бұзау - бірінші төлдегеннен кейін және екінші төлдегенге дейін сиыр;
- 24) сиырдың өнімді кезеңі – сиырдың бірінші бұзаулауынан жарамсыз болып іріктелгенге немесе өлім-жітімге дейінгі кезеңі;
- 25) буаздылық проценті – ірі қара малдың ұрықтандырылған аналықтарының жалпы санынан буаз малдың үлесі;
- 26) табын толықтыру – тиісті жас санатындағы жоғары өнімді малды табынға қосу;
- 27) күйек мерзімі – бұзаулағаннан немесе түсіктен кейін ұрықтандыруға немесе шайқауға дейінгі кезең;
- 28) бұзау – алты айлық жасқа дейінгі мал төлі;
- 29) егіз бұзау – бір буаздықтан бір жұмыртқадан немесе әртүрлі жұмыртқадан жұп болып туған бұзау;

- 30) қашар – алты айлық жастан асқан табысты ұрықтандыруға дейінгі ірі қара малдың аналығы;
- 31) ұрғашы бұзау – аналық жынысты бұзау;
- 32) ауыр бұзаулау – шұғыл ветеринариялық көмекпен төлдеу;
- 33) мал шаруашылығы – үй ірі қара малын өсірумен және пайдаланумен айналысатын мал шаруашылығы саласы;
- 34) қысырлық – жыл ішінде аналықтардан төлді жете алмау проценті;
- 35) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты беру сүйемелденбейтін білім беру түрі;
- 36) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарланған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;
- 37) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;
- 38) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;
- 39) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;
- 40) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптардың жиынтығы;
- 41) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;
- 42) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
- 43) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;
- 44) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;
- 45) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды;

46) машықтар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

47) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі;

48) құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

49) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және дағдылар.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

- 1) БА – Біліктілік анықтамасы;
- 2) БҚЕ – Бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 3) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;
- 4) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты сыныптауышы;
- 5) ЕжААШ – Емдеу және алдын алу шаралары;
- 6) ЖҚҚ – Жеке қорғаныс құралдары;
- 7) ЖҰ – Жасанды ұрықтандыру.
- 8) КС – Кәсіби стандарт
- 9) ҚР – Қазақстан Республикасы
- 10) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
- 11) СБІҚМӨ – Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру
- 12) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
- 13) ІҚМ – Ірі қара мал

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру

5. Кәсіптік стандарттың коды: А046

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.41 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту

01.41.0 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер

72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

75 Ветеринариялық қызмет

75.0 Ветеринариялық қызмет

75.00 Ветеринариялық қызмет

75.00.0 Ветеринариялық қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: кәсіптік стандартта сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру саласына жататын, бұзаулар мен жас малдарды өсірумен, сүтті мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіптердің сипаттамасы келтірілген.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Ветеринариялық техник - СБШ-ның 5 деңгейі;

2) Бас мал дәрігері - СБШ-ның 7 деңгейі;

3) Ауыл шаруашылығындағы ұйымның басшысы (директор, президент және т.б.) - СБШ-ның 7 деңгейі;

4) Әр түрлі қызмет атқарушы, фермерлік шаруашылық - СБШ-ның 1 деңгейі;

5) Сүт өндірісінің зоотехнигі - СБШ-ның 4 деңгейі;

6) Сүт фермаларының жұмысшысы - СБШ-ның 3 деңгейі;

7) Мал өсіруші - СБШ-ның 3 деңгейі;

8) Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор - СБШ-ның деңгейі;

9) Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы - СБШ-ның 3 деңгейі;

### 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Ветеринариялық техник" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	3240-0		
Қызмет атауының коды:	3240-0-005		
Кәсіп атауы:	Ветеринариялық техник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 тамызда № 19280 болып тіркелді. 13-параграф. Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник		
	Білім деңгейі:	Мамандық:	

Кәсіптік білім деңгейі:	орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Ветеринария	Біліктілік:
	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Ветеринариялық техник: жоғары білім мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша немесе техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) зоотехния және/немесе ауыл шаруашылығы биотехнологиясы немесе ветеринария немесе осы бейін бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың болуы.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	3240-0-004 - Ветеринарлық вакцинатор 2250-0-002 - Ветеринариялық-санитариялық дәрігер 2250-0-001 - Ветеринар		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ірі қара малдың өлім-жітімі мен ауруларының алдын алу бойынша шаруашылықтың жұмыстарын және ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларын орындау		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың өндірістік процестерін жоспарлау, ұйымдастыру 2. Жарақаттану, улану кезінде жануарларға алғашқы көмек көрсету	
	Қосымша еңбек функциялары:		
	1-дағды: Мал ауруларының алдын алу бойынша ветеринариялық шараларды жүргізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мал ауруының алдын алу үшін ветеринариялық-хирургиялық амалдар мен тәсілдерді жүргізу.</li> <li>Дәрілік, дезинфекциялық және басқа да профилактикалық заттарды таңдауды жүзеге асыру.</li> <li>Ересек мал басы мен төлдердің ауруларының алдын алу үшін емдеу-профилактикалық шараларды жүргізу.</li> <li>Вакцинация, дегельминтизация және басқа да профилактикалық өңдеулер бойынша жоспарлар құрастыру және оларды жүзеге асыру.</li> <li>Жануарларды күтіп-бағуға арналған орындарда санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау.</li> <li>Профилактикалық іс-шаралар бойынша ветеринариялық құжаттаманы және есептілікті жүргізу.</li> <li>Аурулардың алдын алу және ерте анықтау мәселелері бойынша қызмет көрсетуші персоналға кеңес беру.</li> </ol>	
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасының Конституциясы.</li> </ol>	

		<p>2. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" ҚР Заңы.</p> <p>3. "Ветеринария туралы" ҚР Заңы.</p> <p>4. Асыл тұқымды және өнімді мал шаруашылығы мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер.</p> <p>5. Еңбекті қорғау талаптары.</p> <p>6. Ірі қара мал ауруларының алдын алу және емдеудің тиімді әдістері мен тәсілдері.</p> <p>7. Жануарлар анатомиясы мен физиологиясының негіздері.</p> <p>8. Жануарлардың кең таралған аурулары туралы негізгі мәліметтер.</p>
<p>1-еңбек функциясы: Ветеринариялық-профил актикалық іс-шаралардың</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p>	<p>Талап етілмейді</p>
<p>өндірістік процестерін жоспарлау, ұйымдастыру</p>	<p>2-дағды: Ветеринариялық-емдік іс-шараларды жүргізу және олардың нәтижелерін жалпылау</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Ірі қара малды дәрі-дәрмекпен және хирургиялық емдеу әдістерін қолдану.</p> <p>2. Жабдықтар мен құралдардың қажетті түрлерін таңдауды жүзеге асыру.</p> <p>3. Компьютерлік қолданбалы бағдарламаларды қолдана отырып жүргізілген емдік-профилактикалық іс-шараларға талдау жасау.</p> <p>4. Орындаған ветеринариялық процедураларды, тағайындауларды және жануарлардың жағдайының динамикасын есепке алу.</p> <p>5. Ветеринариялық препараттарды тиісті сақтауын, таңбалануын және қолданылуын қамтамасыз ету.</p> <p>6. Қолданылған емдеу әдістерінің тиімділігін бағалау және қажет болған жағдайда емдеу сызбасын түзету.</p> <p>7. Күрделі немесе стандартты емес жағдайлар туындаған кезде ветеринариялық дәрігермен өзара әрекеттесу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" ҚР Заңы.</p> <p>2. "Ветеринария туралы" ҚР Заңы.</p> <p>3. Асыл тұқымды және өнімді мал шаруашылығындағы қызметті регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер.</p> <p>4. Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі талаптары.</p> <p>5. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері.</p> <p>6. Мал шаруашылығы орынжайларындағы микроклиматқа қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар.</p> <p>7. Малдардың өлуі мен ауруының алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу қағидалары.</p> <p>8. Изоляторда ауру жануарларды күту қағидалары.</p>

	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
	1-дағды: Жануарларды емдеу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Изоляторда ауру жануарларға күтім жасау.</li> <li>2. Жарақаттану, улану кезінде малға алғашқы көмек көрсету.</li> <li>3. Ашық жараларды өңдеу.</li> <li>4. Жануарлардың өлекселерін ашу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" ҚР Заңы.</li> <li>2. "Ветеринария туралы" ҚР Заңы.</li> <li>3. Жануарлар анатомиясы мен физиологиясының негіздері.</li> <li>4. Жиі қолданылатын дәрілік заттар, олардың әсері және мал ағзазына енгізу тәсілдері.</li> <li>5. Дәрі-дәрмектерді, биопрепараттарды, дезинфекциялық құралдарды, құрал-саймандар мен дезинфекциялық техниканы сақтау қағидалары және пайдалану тәртібі.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
2-еңбек функциясы: Жарақаттану, улану кезінде жануарларға алғашқы көмек көрсету	2-дағды: Изоляторда ауру жануарларды күту, термометрия, жараларды өңдеу	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқшаулағышта ауру жануарларға күтім жасау, жараларды өңдеу тәсілдері.</li> <li>2. Жарақаттану, улану кезінде малға алғашқы көмек көрсету.</li> <li>3. Жануарлардың физиологиялық жағдайын бақылап, дене қызуын (термометрия) өлшеу.</li> <li>4. Қан кетуді уақытша тоқтату әдістерін орындау (жгут салу, қатты таңғыш байлау, күйдіру және т.б.).</li> <li>5. Ветеринариялық дәрігердің нұсқауы бойынша шұғыл инъекциялар жасау.</li> <li>6. Жарақат алған жануарларды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып көшіру және бекіту.</li> <li>7. Шұғыл ветеринариялық шаралар жүргізу үшін орынды және құрал-саймандарды дайындау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.</li> <li>2. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.</li> <li>3. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдар.</li> <li>4. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Заң.</li> <li>5. "Ветеринария туралы" Заң.</li> <li>6. Жануарлар анатомиясы мен физиологиясының негіздері.</li> <li>7. Карантиндегі изолятордағы және изолятордағы ауру жануарларды күту қағидалары.</li> <li>8. Жануарларға емдік көмек көрсету тәсілдері.</li> <li>9. Дәрілік заттарды енгізу тәсілдері.</li> </ol>

		10. Жануарлармен жұмыс істеу кезінде, құрал-саймандарды, жабдықтарды пайдалану кезінде жеке қауіпсіздік қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік  Дербестік және жауапкершілік  Күйзеліске тұрақтылық  Шыдамдылық  Командада жұмыс істей білу  Тәртіптілік  Дәлдік  Сыпайылық  Мейірімділік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.  2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.  3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.  4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы.  5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы  6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.  7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді.  8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.</p>	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:
	4	Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор
	6	Мал дәрігері
10. "Бас мал дәрігері" кәсіп карточкасы		
Топ коды:	1342-2	
Қызмет атауының коды:	1342-2-001	
Кәсіп атауы:	Бас мал дәрігері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7	
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:		



БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 тамызда № 19280 болып тіркелді. 7-параграф. Бас ветеринар дәрігер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (PhD докторантура, PhD дәрежесі, осы саладағы PhD дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) өсімдік шаруашылығы және/немесе мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша білім және кәсіптік қызмет бағыты бойынша жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	2250-0-003 - Ветеринариялық дәрігер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарлардың саулығын сақтау және қамтамасыз ету, барлық мал түрлерінің профилактикасы және оларды емдеу, жануарлардың өнімділік сапасын жақсарту		
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Мал ауруларының және олардың пайда болу себептерінің диагностикасын жүргізу 2. Мал ауруларын емдеуді және профилактикасын жүргізу 3. Мал ауруларының алдын алуға және жоюға бағытталған ветеринариялық-санитариялық және профилактикалық іс-шараларды жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Малдардың жұқпалы және жаппай жұқпалы емес ауруларының алдын алу және жою бойынша нормативтік-құқықтық актілерді талдау	

2. Сынаушы бұқаларды пайдаланып, сиырлар мен қашарларда жыныстық қозуды нақтылау.
3. Жыныстық қозу жағдайындағы жануарлардың жеке есебін жүргізу.
4. Жыныстық қозудағы сиырларды қолдан ұрықтандыру пунктіне айдап апару.
5. Сынама бұқалармен және қашарлармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.
6. Ұрықтандырудың тиімділігін арттыру үшін жыныстық қозу мерзімін дәл анықтауды бақылау.
7. Сынама бұқаларды санитарлық талаптарға сәйкес күтіп-ұстау.

#### 6-разрядка арналған машықтар

1. Автоматтандырылған жүйелер мен мониторинг бағдарламаларын қолданып, жыныстық қозуды ерте және дәл диагностикалау.
2. Сиырлар мен қашарлардың репродуктивтік жағдайын бағалау үшін визуалды және тактильдік тексеру әдістерін қолдану.
3. Жасырын жыныстық қозуды анықтау және оның ұзақтығын белгілеу.

1-дағды:

Сыртқы белгілері бойынша және сынама бұқаларды пайдалана отырып, күйітті сиырлар мен қашарларды анықтау

4. Жыныстық қозу жағдайлары мен ұрықтандыру нәтижелері бойынша электрондық дерекқор жүргізу .

5. Бұқалар мен аналық мал арасындағы өзара әрекетті қауіпсіз әрі тиімді ұйымдастыру, жарақаттардың алдын алу.

6. Малды ұрықтандыруды ұйымдастыру бойынша персоналдың жұмысын үйлестіру, жыныстық қозуға келу графигін жоспарлау.

7. Жыныстық қозуды синхрондау қолданылатын болса, гормондық препараттарды енгізуге жануарларды дайындау жұмыстарын жүргізу.

Білімдер:

2-разрядқа арналған білімдер

1. Сиырлар мен қашарларда жыныстық қозудың физиологиялық белгілері.

2. Сынама бұқаларды қолдану әдістері мен қағидалары.

3. Сынама бұқаларды ұстау және олармен жұмыс істеу қағидалары.

4. Ірі қара малмен жұмыс істеу кезіндегі зоогигиена негіздері және еңбек қауіпсіздігі техникасы.

5. Жыныстық қозу жағдайындағы жануарларды тіркеу мен есепке алу тәртібі.

4-разрядқа арналған білімдер 1. Сиырлар мен қашарларда жыныстық қозудың белгілері мен фазалары.

2. Жыныстық қозуды анықтау әдістері мен техникасы, оның ішінде сынаушы бұқаларды қолдану.

3. Сынама бұқаларды ұстау, іріктеу және қауіпсіз жұмыс істеу қағидалары.

4. Жыныстық қозудағы жануарларды есепке алу талаптары.

5. Ірі қара малдың репродуктивті физиологиясының негіздері.

6. Табынды көбейту кезінде сақталатын зоогигиеналық нормалар.

5-разрядқа арналған білімдер

1. Сиырлар мен қашарларда жыныстық қозудың негізгі мінез-құлықтық және физиологиялық белгілері.

2. Сынама бұқаларды күтіп-бағу және пайдалану қағидалары.

3. Сиырлардың жыныс жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері.

4. Ұрықтандырудың оңтайлы мерзімін анықтау әдістері.

5. Жануарларды қолдан ұрықтандыруға дайындау тәртібі.

6. Жыныстық қозудағы жануарларды есепке алу жүргізу қағидалары.

1-еңбек функциясы:  
Жануарларды жыныстық күйін анықтау және сиырлар мен қашарлардың жыныстық күйін анықтау

7. Ірі қара малмен жұмыс істеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі талаптары.
  8. Ветеринария негіздері және ірі қара малдың репродуктивтік циклі.
- 6-разрядка арналған білімдер
1. Қызу (жыныстық күйлеу) кезеңінің жасырын ( субклиникалық) белгілері және оларды анықтау әдістері.
  2. Ұрықтандыруға қолайлы кезеңнің басталуын көрсететін биохимиялық және мінез-құлық маркерлері.
  3. Микроклимат пен азықтандыру рационының ИҚМ-да жыныстық күйлеудің байқалуына әсері.
  4. Жыныстық күйлеуді синхрондау және көбею процесін гормоналды бақылау әдістері.
  5. Репродукцияны бақылаудың автоматтандырылған жүйелерінің жұмыс принциптері (мысалы, педометрлер, мойын белгішелері және т.б.).
  6. Жыныстық күйлеудің уақытында немесе дұрыс анықталмауына байланысты зооветеринариялық қауіптер.
  7. Жануарларды ұрықтандыру алдында санитарлық-гигиеналық дайындау қағидалары.
  8. Сынама бұқаларды жоғары өнімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жағдайларда күтіп-бағу талаптары.

Дағдыны тану мүмкіндігі :

Талап етілмейді

Машықтар:

2-разрядка арналған машықтар

1. Белгіленген форма бойынша ұрықтандыру журналына жазбалар енгізу.

2. Маманның нұсқауымен жыныстық күйлеуді анықтау есеп карточкаларын толтыру.

3. Жыныстық күйлеуі анықталған малдардың күнін және нөмірін белгілеу.

4. Есеп құжаттарын ретпен сақтау және зоотехник/ветдәрігерге қолжетімділігін қамтамасыз ету.

5. Ұрықтандыру нәтижелерін талдау үшін жазбаларды уақтылы мамандарға тапсыру.

4-разрядка арналған машықтар

1. Жыныстық күйлеудің циклділігін ескере отырып, ұрықтандыру журналын және күйлеу карточкаларын өз бетінше жүргізу.

2. Ұрықтандыру, қайта ұрықтандыру және буаз болмау (прохолост) нәтижелерін тіркеу.

3. Есеп құжаттарындағы сәйкессіздік пен қателіктерді анықтау және оларды түзету.

4. Ұрықтандыру деректерін кейінгі көбеюді талдау үшін жүйелеу.

5. Жазбаларды түзету кезінде ветеринариялық және зоотехникалық мамандармен өзара әрекеттесу.

6. Ұрықтандыру және күйлеуді анықтау бойынша есеп беру үшін жиынтық кестелерді дайындау.

5-разрядка арналған машықтар

1. Ұрықтандыру деректерін буаздық нәтижелерімен салыстырып, ұрықтандыру тиімділігін анықтау.

2. Ұрықтандыру есебін зоотехникалық және ветеринариялық іс-шаралармен байланыстырып жүргізу.

3. Ұрықтандыру кестелерін құрастыру мен буаздықты бақылау тексерулерін жоспарлауға қатысу.

4. Ауытқулар мен стандарттан тыс жағдайларды (күйлеудің өтіп кетуі, кеш анықтау, асқынулар және т.б.) рәсімдеу.

5. Репродукцияны есепке алу бойынша цифрлық жүйелерді қолдану (бар болған жағдайда) немесе деректерді енгізуге дайындау.

6. Репродукция бойынша есептік нысандар мен жиынтықтарды алдын ала дайындау.

6-разрядка арналған машықтар

1. Ұрықтандыру деректерін талдау, үрдістерді анықтау және репродуктивтік көрсеткіштерді жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау.

2. Журналдар мен карточкаларға деректердің уақытылы және толық енгізілуін бақылау, нақты нәтижелермен салыстыру.

3. Есептік құжаттарды белгіленген сақтау мерзімдеріне сәйкес жүйелеу және архивтеу.

4. (Егер көзделсе) басқа қызметкерлердің есеп жүргізу дұрыстығын бақылау.

5. Репродукцияны басқарудың цифрлық жүйелерін (АСУ, 1С, Zootech және т.б.) жоғары деңгейде қолдану.

6. Ұрықтандыруға қатысты құжаттар бойынша ветеринариялық және зоотехникалық тексерістерге дайындықты жүргізу.

2-дағды:

Ұрықтандыру журналында және жыныстық күйітті анықтау туралы карточкада жазба жүргізу

Білімдер:

2-разрядка арналған білімдер

1. Фермаларда қолданылатын негізгі есеп формалары (ұрықтандыру журналы, күйлеу карточкасы және т.б.).

2. Журналдарды қолмен және/немесе электронды түрде толтыру қағидалары.

3. Күйлеуді және ұрықтандыруды тіркеу кезінде қолданылатын белгілер мен қысқартулар.

4. Есепті хронологиялық тәртіппен жүргізу тәртібі.

5. Жазбалардың дәлдігі мен шынайылығы үшін жауапкершілік.

6. Қағазбен және негізгі кеңсе құралдарымен (калам, сызғыш және т.б.) жұмыс істеудің қарапайым дағдылары.

4-разрядка арналған білімдер



1. Сиырлар мен қашарлардың күйлеу кезеңі мен белгілері және оны есепке алу қағидалары.
  2. Табынды көбейту бойынша ұзақ мерзімді есеп жүргізу қағидалары.
  3. Жасанды ұрықтандыру пункттерінің жұмысын ұйымдастыру негіздері.
  4. Зоотехникалық құжаттаманы нормативтерге сай жүргізу және сақтау талаптары.
  5. Зоотехникалық және ветеринариялық қызметтерге арналған ұрықтандыру бойынша есеп форматтары мен құрылымы.
  6. Мал топтарына (жөндну жұмыстары, жас мал, қашарлар, сауынды сиырлар және т.б.) байланысты есеп жүргізудің ерекшеліктері.
- 5-разрядка арналған білімдер
1. Ұрықтандыру тиімділігін бағалау әдістері және оны есеп құжаттарына енгізу тәртібі.
  2. Буаздық пен қайталама күйлеуді тіркеу кезінде ветеринариялық қызметпен өзара әрекеттесу тәртібі.
  3. Ұрықтандыру дан кейінгі бақылау тексерістерін жүргізудің стандарттары мен нормативтік мерзімдері.
  4. Ұрықтандыру карточкаларындағы жіктеу және шартты белгілер (топтар бойынша, нөмірлер, нәтижелер).
  5. Көбею көрсеткіштерін талдау негіздері және олардың табын өнімділігіне әсері.
  6. Әртүрлі типтегі фермаларда ұрықтандыру журналдарын жүргізуге қойылатын шаруашылық ішілік талаптар.
- 6-разрядка арналған білімдер
1. Көбейту көрсеткіштерін терең талдау әдістері (ұрықтандыру индексі, жүкті болу коэффициенті және т.б.).
  2. Ірі мал шаруашылықтары мен селекциялық фермалардағы цифрлық дерекқорларға қойылатын талаптар.
  3. Ветеринариялық және мал дәрігерлік нормативтерге сәйкес журналдар мен карточкаларды рәсімдеу қағидалары.
  4. Ішкі және сыртқы бақылауларға арналған жасанды ұрықтандыру бойынша есеп беру стандарттары.
  5. Селекциялық қызметтер, зертханалар және мал дәрігерлік бақылаумен өзара әрекеттесу тәртібі.
  6. Деректердің дұрыстығын тексеру және шын мәніндегі көрсеткіштер мен есептік деректер арасындағы сәйкессіздіктерді жою қағидалары.

Дағдыны тану мүмкіндігі  
:

Талап етілмейді

Машықтар:

2-разрядка арналған машықтар

1. Нұсқаулықтарға сәйкес шәует алу үшін жұмыс орнын және құралдарды дайындау.
  2. Құрал-жабдықты алғашқы тазалауды орындау (жуу, кептіру).
  3. Құралдар мен тұтыну материалдарын санитарлық талаптарға сай сақтау.
  4. Жоғары білікті маманның бақылауымен құрал-жабдық пен материалдарды жинауға көмектесу.
  5. Жеке гигиенаны сақтау және құралдармен жұмыс істегенде жеке қорғану құралдарын пайдалану.
- 4-разрядка арналған машықтар
1. Шәует алу үшін құрал-жабдықтар жинағын белгіленген нормаларға сай дайындау.
  2. Жасанды вагинаның қолданар алдында жарамдылығын және толықтығын тексеру.
  3. Вагина мен байланысты құралдарды дайындау және сақтау кезінде температура режимін ұстау.
  4. Құрал-жабдықты ветеринариялық-санитарлық ережелерге сәйкес дезинфекциялау.
  5. Шәуетті жинау және тасымалдау ыдыстарын дайындау.
  6. Стерильденген құралдарды қолдануға дейін дұрыс сақтау.
  7. Жұмыс орнын және құрал-жабдықты гигиена мен еңбек қауіпсіздігі талаптарына сай күтіп ұстау.
- 5-разрядка арналған машықтар
1. Жасанды вагинаның техникалық жағдайы мен герметиктілігін қолданар алдында бақылау.
  2. Шәует алу талаптарына сәйкес жасанды вагинаның параметрлерін (температура, қысым) реттеу.
  3. Лабораториялық термометрлер мен термостаттарды қолдана отырып, вагинадағы температураны бақылау.
  4. Зоотехникалық тәжірибеде рұқсат етілген арнайы майлау материалдарын пайдалану.
  5. Қолданылған құрал-жабдыққа қатысты қоса берілетін құжаттаманы (есепке алу, өңдеу, жарамдылық мерзімі) рәсімдеу.
  6. Стерильділік шарттары бұзылған жағдайда құрал-жабдықты қайта санитарлық өңдеуден өткізу.
  7. Ветеринариялық талаптарға сәйкес Шәует алу процедурасына бөлме мен жұмыс үстелін дайындау.
- 6-разрядка арналған машықтар
1. Биологиялық қауіпсіздік пен ветеринариялық нормаларды ескере отырып, құрал-жабдықты дайындау технологиялық процесін ұйымдастыру.
  2. Экспресс-тесттер мен индикаторларды пайдалана отырып, құрал-жабдықтың стерильдігін бақылау.

1-дағды:  
Қынапты және шәует алу үшін өзге де жабдықтарды дайындау

3. Құрал-жабдық жұмысындағы ақаулар мен жарамсыздықтардың себептерін талдау және оларды жоюға шаралар қабылдау.
4. Автоклавтар, термостаттар және стерилизаторлардың параметрлерін калибрлеу және тексеру жұмыстарын жүргізу.
5. Құрал-жабдықты профилактикалық өңдеу схемалары мен кестелерін әзірлеп, оларды жұмыс процесіне енгізу.
6. Құрал-жабдық пен шығын материалдармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.
7. Құрал-жабдықты дайындау және стерилизациялау бойынша кіші қызметкерлердің жұмысын басқару.

Білімдер:

2-разрядқа арналған білімдер

1. Жасанды мүше мен басқа негізгі құрал-жабдықтың тағайындалуы және жалпы құрылымы.
2. Шәуетті алу кезінде қолданылатын негізгі шығын материалдары мен құралдардың атаулары және мақсаты.
3. Құрал-жабдықты дайындауда санитария және гигиенаның негіздері.
4. Стерильді материалдарды сақтау және тасымалдау талаптары.
5. Құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидалары.

4-разрядқа арналған білімдер

1. Жасанды мүше мен қосымша құрал-жабдықты дайындау операцияларының реттілігі.
2. Мүшені дайындау кезіндегі температура режимі және сақтау шарттары.
3. Шәуетті алу кезінде қолданылатын шығын материалдарының түрлері мен мақсаты.
4. Стерильділіктің нормативтері және құрал-жабдықты санитарлық өңдеудің сапасын бақылау әдістері.
5. Өндірілген Шәуетті сақтау және тасымалдау талаптары.
6. Құрал-жабдықты дайындау кезінде еңбекті қорғау негіздері және жеке қорғау құралдарын қолдану.
7. Шәуетті алу және алғашқы өңдеу кезінде ластануды болдырмау шаралары.

5-разрядқа арналған білімдер

1. Жасанды мүшенің нормативтік параметрлері (су температурасы, қысым, материал).
2. Құрал-жабдық материалына байланысты дезинфекция және стерилизация ерекшеліктері.

2-еңбек функциясы:  
 Малдарды қолдан  
 ұрықтандыруды  
 жүргізуге шығыс  
 материалдарын,  
 жабдықтар мен  
 құралдарды дайындау

3. Құрал-жабдықты дайындау шарттары бұзылған кезде туындайтын санитарлық қауіптер және оларды болдырмау жолдары.
  4. Шәуетті алу бөлмелеріндегі микроклимат талаптары (жарықтандыру, желдету, температура).
  5. Құрал-жабдықты дайындау кезінде қолданылатын зертханалық және қосымша құралдардың түрлері.
  6. Қолданылған және стерильді материалдарды есепке алу және сақтау тәртібі.
  7. Жасанды ұрықтандыруға арналған құрал-жабдықты дайындау бойынша құжат айналымы және журналдарды жүргізу қағидалары.
- 6-разрядқа арналған білімдер
1. Құрал-жабдықты стерильдеудің қазіргі технологиялары мен әдістері (бу, химиялық, УФ сәулелену және басқалар).
  2. Шәуетті алу үшін құрал-жабдықты дайындауда ішкі сапа мен қауіпсіздік бақылау жүйелері.
  3. Құрал-жабдық пен ыдыстардың микробиологиялық бақылауын жүргізу әдістемесі.
  4. Ұрықтандыру құралдарын қолданғанда зоотехникалық және ветеринариялық қауіпсіздік қағидалары.
  5. Репродуктивті жұмысқа қолданылатын ветеринариялық-санитарлық нормалар.
  6. Құрал-жабдықтардың санитарлық талаптарға сәйкес еместігі анықталған кезде әрекет ету алгоритмі.
  7. Жұмыс орнын кешен деңгейінде ұйымдастыру негіздері, жасанды ұрықтандыру маманына арналған.

Дағдыны тану мүмкіндігі  
:

Талап етілмейді

Машықтар:

2-разрядқа арналған машықтар

1. Стерильді ерітінділермен жұмыс істеуге арналған жұмыс орнын және құрал-жабдықтарды дайындау.
2. Белгіленген рецептура бойынша стерильді ерітінділердің компоненттерін мөлшерлеу.
3. Қарапайым стерилизация әдістерін қолдану (қайнату, күйдіру).
4. Ерітінділер мен зертханалық ыдыстармен жұмыс кезінде тазалық пен тәртіпті сақтау.
5. Ерітінділермен жұмыс істегенде жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) қолдану.

4-разрядқа арналған машықтар

1. Лабораториялық құралдарды пайдалана отырып, берілген концентрациядағы стерильді ерітінділерді дайындау.
2. Ерітінділер мен орталарды зарарсыздандыру үшін автоклав, стерилизаторлар мен сүзгілерді қолдану.

3. Шәуетті сұйылтуға арналған биологиялық және синтетикалық орталардың құрамын дайындау және бақылау.

4. Стерильді ерітінділердің мөлдірлігі, біркелкілігі және рН деңгейін бағалау.

5. Ерітінділерді дайындау және қолдану жөнінде қарапайым құжаттарды жүргізу.

5-разрядқа арналған машықтар

1. Орта дайындау кезінде жабдық пен зертханалық ыдыстардың стерильдігін бақылау.

2. Технологиялық талаптарды ескере отырып, күрделі қоректік және сұйылтқыш орталарды дайындау.

3. Ерітінділерді дайындау кезінде компоненттерді автоматты түрде мөлшерлеу құралдарын қолдану.

4. Компоненттердің дәл мөлшерін анықтау үшін зертханалық құрал-жабдықтарды калибрлеу және баптау.

5. Дайындалған ерітінділердің сапасын бақылау (рН, мөлдірлік, стерильдік).

6. Биологиялық орталарды дайындау кезінде ветеринариялық-санитарлық талаптарды сақтау шарттарында жұмыс істеу.

6-разрядқа арналған машықтар

1. Күрделі зертханалық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, стерильді ерітінділерді дайындау процесін ұйымдастыру және бақылау.

2. Шәуетті сақтау және тасымалдау ерекшеліктерін ескере отырып, стерильді орталардың рецептурасын әзірлеу және түзету.

3. Дайындалған орталардың сапасын бақылау нәтижелерін талдау және түсіндіру.

4. Стерильді ерітінділерді дайындау және қолдану бойынша толық трассируемдік пен құжаттаманы жүргізу.

5. Қазіргі талаптарға сай зертханалық жағдайда сапа және санитария стандарттарын енгізу және бақылау.

6. Жас қызметкерлерді зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеуге және орта дайындауға оқыту процесін ұйымдастыру және басқару.

2-дағды:

Қолдан ұрықтандыру процесін іске асыру үшін қажетті стерильді ерітінділер мен орталарды дайындау

Білімдер:

2-разрядқа арналған білімдер

1. Жасанды ұрықтандыруда қолданылатын ең қарапайым стерильді ерітінділердің тағайындалуы.

2. Ерітінділер мен орталардың құрамындағы негізгі компоненттер.

3. Стерильді ерітінділерді сақтау және белгілеу қағидалары.

4. Зертханалық ыдыс-аяқ пен құралдарды жұмысқа дайындау тәртібі.

5. Ерітінділерді дайындау кезінде санитария және гигиена талаптары.

4-разрядқа арналған білімдер

1. Шәуетті сақтау және сұйылту үшін стерильді орталардың тағайындалуы мен құрамы.
2. Өртүрлі ерітінділер мен зертханалық ыдыс-аяқтарды стерилизациялау әдістері мен режимдері.
3. Стерильді ортаның микробиология негіздері.
4. Стерильді ерітінділерді сақтау кезінде температура режимдері талаптары.
5. Жасанды ұрықтандыру пунктіндегі ерітінділермен жұмыс жасаудағы санитарлық қауіпсіздік нормативтері.

5-разрядқа арналған білімдер

1. Ерітінділердің құрамы мен қасиеттерінің шәуеттердің сақталуына және белсенділігіне әсері.
2. Стерильді орта мен ерітінділердің сапасын бақылау әдістері.
3. Өртүрлі типтегі қоректік және сұйылтқыш орталарды сақтау шарттары мен мерзімдері.
4. Орталарды дайындау кезінде туындайтын ақаулардың негізгі себептері және оларды алдын алу жолдары.
5. Жасанды ұрықтандыру талаптарына сәйкес жабдықтарды жуу және стерилизациялау режимдері.

6. Лабораториялық дозаторлар, автоклавтар және басқа да арнайы жабдықтардың жұмыс істеу принциптері.

6-разрядқа арналған білімдер

1. Жасанды ұрықтандыруға арналған стерильді орталарды дайындаудың заманауи технологиялары мен инновациялық әдістері.
2. Мал шаруашылығында стерильді ерітінділерді стандарттау және сертификаттау принциптері.
3. Өртүрлі орталарда Шәуеттозоидтарды сақтау сапасына және сақталуына әсер ететін биохимиялық процестердің ерекшеліктері.
4. Ерітінділерді дайындау зертханаларында техникалық құжаттаманы және есептілікті жүргізудің қағидалары мен талаптары.
5. Зертханалық тәжірибеде биоқауіпсіздік пен сапаны бақылаудың қазіргі заманғы талаптары.
6. Стерильді орталарды өндіру және сақтау кезінде микробтық және химиялық ластануды анықтау және алдын алу әдістері.

Дағдыны тану мүмкіндігі :

Талап етілмейді

Машықтар:  
2-разрядқа арналған машықтар

1. Бұзаулардан шәует алу үшін құрал-жабдықты нұсқаулыққа сәйкес дайындау.

2. Шәуетті алу процесін санитарлық және ветеринариялық нормаларды сақтай отырып орындау.

3. Шәуеттің сапасын көзбен қарап тексеру (түсі, консистенциясы).

4. Шәуетті қысқа мерзімге сақтау үшін қарапайым ерітінділер мен орталарды дайындау.

5. Шәуетті сақтау ыдыстарына қажетті температура режимін сақтай отырып салу.

6. Шәует алу кезінде бұзауларға қарапайым күтім жасау.

4-разрядқа арналған машықтар

1. Шәуетті алу процесін технологиялық және санитарлық нормаларды сақтай отырып ұйымдастыру және бақылау.

2. Шәуеттің сапасын толық визуалды және микроскопиялық талдау жүргізу (қозғалыс, концентрация, морфология).

3. Шәуетті сұйылту және сақтау үшін арнайы орталарды дайындау және қолдану, сақтау мерзімі мен шарттарын ескеру.

4. Шәует алу және сақтау құрал-жабдықтарын калибрлеу және баптау.

5. Шәует өнімін алу, сапасы мен сақтау жөнінде есеп жүргізу және құжаттарды толтыру. 6. Құрал-жабдықтың техникалық ақауларын уақтылы анықтап, жоюды қамтамасыз ету.

5-разрядқа арналған машықтар

1. Өндірістік міндеттер мен сапа талаптарын ескере отырып, Шәует алу және сақтау жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру.

2. Шәуеттің сапасын және стандарттылығын барлық кезеңдерде – алуынан бастап орауына дейін – бақылау.

3. Шәуеттің өміршеңдігін арттыру үшін алу және сақтау технологиялық процестерін түзету.

4. Қызметкерлерді дайындау және биөніммен жұмыс кезінде санитарлық және ветеринариялық нормалардың сақталуын қадағалау.

5. Шәуеттің сапасының төмендеу себептерін талдау және оларды жоюға арналған шараларды енгізу.

6. Автоматтандыру құралдары мен параметрлерді бақылау арқылы құрал-жабдық жұмысына басқару жүргізу.

6-разрядқа арналған машықтар

1. Ғылыми жетістіктерді ескере отырып, Шәует алу және сақтау үшін жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу.

2. Жасанды ұрықтандыру және биөнім сапасын қамтамасыз ету бойынша бірнеше бригаданың жұмысын үйлестіру.

3-еңбек функциясы:  
Қолдан ұрықтандыруға арналған тұқымдық бұқалардан шәует өнімін алу және дайындау

1-дағды:  
Сапалы шәует өнімін алу

3. Шәуеттің сапасына әсер ететін факторларды кешенді талдау жүргізу және оларды оңтайландыруға ұсыныстар әзірлеу.
4. Биөнімнің сапасын бақылау және есепке алу автоматтандырылған жүйелерін өндірістік процеске интеграциялауды қамтамасыз ету.
5. Шәует алу мен сақтауға байланысты өндірістік тәуекелдерді мониторингтеу және басқару.
6. Лаборатория мен жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттыруға арналған жоспарларды әзірлеу , оның ішінде жаңғырту мен техникалық қызмет көрсету.

Білімдер:

2-разрядқа арналған білімдер

1. Бұқалар мен сиырлардың жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясының негіздері.
2. Санитарлық талаптарды ескере отырып, бұқалардан Шәует алу технологиясы.
3. Өндірілген шәует түрлері мен қасиеттері, Шәует сапасының көрсеткіштері.
4. Шәуетті қысқа мерзімді сақтау әдістері мен құралдары.
5. Жануарлармен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау қағидалары.

6. Шәует алу процесімен байланысты аурулардың алдын алу және ветеринариялық гигиена негіздері.

4-разрядқа арналған білімдер

1. Шәуеттің сапасын дәл бағалау әдістері, соның ішінде микроскопиялық және биохимиялық көрсеткіштер.
2. Шәуетті ұзақ мерзімді сақтау үшін қолданылатын әртүрлі сұйылтқыштар мен орталардың құрамы мен қасиеттері.
3. Шәует алу және сақтау жабдығын пайдалану және техникалық қызмет көрсету қағидалары.
4. Жасанды ұрықтандыру пунктіндегі зоотехникалық құжаттама жүргізу және есеп беру әдістемелері.
5. Биопродукциямен жұмыс істеу кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар мен ветеринариялық нормалар.

6. Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау принциптері. 5-разрядқа арналған білімдер

1. Өндірілген шәуетті алу, бағалау және сақтау саласындағы қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар.
2. Шәуеттің физиологиясы мен биохимиясы, сақтау шарттарының сапасына әсері.
3. Қолданылатын жабдықтардың техникалық сипаттамалары мен мүмкіндіктері, оның ішінде автоматтандырылған жүйелер.



		<p>4. Өнімнің ішкі сапа бақылауы және стандарттау қағидалары.</p> <p>5. Қызметкерлерді оқыту әдістемелері және қауіпсіздік нормаларының сақталуын бақылау.</p> <p>6. Сапаны басқару және өндірістік тәртіп негіздері. 6-разрядка арналған білімдер</p> <p>1. Ғылыми жетістіктерді ескере отырып, спермопродукцияны алу және сақтау үшін жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу.</p> <p>2. Бірнеше жасанды ұрықтандыру бригадасының жұмысын үйлестіру және биопродукция сапасын қамтамасыз ету.</p> <p>3. Шәуеттің сапасына әсер ететін факторларды кешенді талдау жүргізу және оларды оңтайландыруға ұсыныстар әзірлеу.</p> <p>4. Өндірістік процеске сапа бақылауы мен биопродукция есеп жүйесінің автоматтандырылған жүйелерін енгізуді қамтамасыз ету.</p> <p>5. Шәуетті алу және сақтау кезінде өндірістік тәуекелдерді мониторингтеу және басқару.</p> <p>6. Лаборатория мен жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттыруға арналған жоспарлар әзірлеу, оның ішінде техникалық қызмет көрсету және жаңғырту.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік</p> <p>Дербестік және жауапкершілік</p> <p>Күйзеліске тұрақтылық</p> <p>Шыдамдылық</p> <p>Командада жұмыс істей білу</p> <p>Тәртіптілік</p> <p>Дәлдік</p> <p>Сыпайылық</p> <p>Мейірімділік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.</p> <p>2. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II Заңы.</p> <p>3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II Заңы.</p> <p>4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы.</p> <p>5. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ Заңы</p> <p>6. "Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы ҚР ӘМ 2015 жылғы 4 тамызда № 11837 болып тіркелді.</p> <p>7. "Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30</p>	

	желтоқсандағы № 7-1 / 700 Бұйрығы ҚР ӘМ 2025 жылғы 6 ақпанда № 35708 болып тіркелді. 8. "Жануарлармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы. ҚР ӘМ 2019 жылғы 28 маусымда №18917 болып тіркелді.	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі:	Кәсіп атауы:
	1	Әр түрлі қызмет атқарушы, фермерлік шаруашылық
	4	Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор

#### 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

18. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Орындаушы: Насырханова Б.К., +7 (771) 375 80 45, b.nasyrhanova@nasec.kz

19. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар): "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғам

Жоба жетекшісі: Б.Қ. Насырханова E-mail: b.nasyrhanova@nasec.kz

Телефон нөмірі: +7 (771) 375 80 45

Орындаушылар: Н.М. Губашев оқу жөніндегі проректор ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, "Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті" КЕАҚ доценті

Техникалық көмек көрсетуші: М.Б. Кенжеғұлова, телефон нөмірі:

+7 (775) 603 30 97, E-mail: m.kenzhegulova@nasec.kz

20. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2025 жылғы 23 шілде.

21. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2025 жылғы 24 қыркүйек.

22. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

23. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 2-нұсқа, 2025 ж.

24. Болжамды қайта қарау күні: 2028 жылғы 26 қазан.

2025 жылғы 7 қарашадағы

№ 419 бұйрығына қосымша

#### "Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі)" кәсіптік стандарты

##### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі)" (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді.

Кәсіптік стандарт жұмыскерлердің кәсіптік қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруы, оның ішінде белгілі бір еңбек функцияларын орындауы үшін қажетті біліктілік

деңгейлерін айқындау үшін, сондай-ақ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін қолдануға арналған.

Осы кәсіптік стандарт біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі) саласындағы жұмыстарды ұйымдастыруда кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Кәсіптік стандарт пайдаланушылар пайдалану үшін қолданылады:

1) жұмыскерлер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын талаптарды түсіну, өзінің кәсіптік дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлау, сондай-ақ бейіндік бағыт бойынша мансаптық ілгерілеуді болжау үшін;

2) жұмыс берушілер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіптік қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, аграрлық сектордың заманауи сын-қатерлерін және қажеттіліктерін ескере отырып, мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптарды өзектендіру үшін, сондай-ақ кадрларды жалдау, аттестаттау, жылжыту, ротациялау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру және біліктілігін арттырубағдарламаларын жасау үшін;

3) оқу орындары – мал шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлау, бейінді бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау, мал шаруашылығы саласындағы оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту үшін;

4) сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейі бойынша жұмыскерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

5) мемлекеттік органдар – кәсіптік стандартты еңбек нарығы өлшемшарттары, мониторингі және болжау ретінде пайдалану үшін.

Осы кәсіптік стандарт негізінде ұйымдар өндірісті, еңбекті, басқаруды және олардың жауапкершілігін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізбесін нақтылай отырып, жұмыскерлерге арналған корпоративтік кәсіптік стандарттарды ішкі қолдану үшін әзірлей алады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) бонитирлеу – жануарларды тиісті сыныпты немесе индексті бере отырып, шаруашылыққа пайдалаы белгілер кешені бойынша (тұқымдылығы, өнімділік сапасы, экстерьерлік-конституциялық ерекшеліктері) асыл тұқымдық құндылығының деңгейін айқындау;

2) ветеринария – жануарлардың аурулары мен азықтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың алдын алуға, диагностикасына, емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнаулы ғылыми білімдер мен практикалық қызмет саласы;

3) асыл тұқымды малдардың мемлекеттік тіркелімі - асыл тұқымды малдардың сандық, сапалық және тұқымдық құрамы туралы мәліметтер жиынтығы;

4) асыл тұқымды мал – республикалық палатада тіркелген тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне сай келетін таза тұқымды мал;

5) асыл тұқымды кітап - белгілі бір тұқымдағы неғұрлым құрды асыл тұқымды малдың шығу тегі, өнімділігі және өзге де сапалары туралы деректер жиынтығы;

6) асыл тұқымды өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, құртшабақтар мен жас балықтар, асыл тұқымды аналық бал аралары, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері;

7) асыл тұқымдық куәлік - уәкілетті орган бекіткен тәртіппен республикалық палата беретін асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) тұқым-тегін, өнімділігін және өзге де сапаларын растайтын құжат;

8) асыл тұқымдық орталық – асыл тұқымды тұқымдық жануарларды күтіп-күтіп-бағу жөніндегі қызметтің басталғаны туралы уәкілетті органды хабардар еткен, олардың ұрығын, эмбриондарды алумен, жинақтаумен, сақтаумен және өткізумен айналысатын заңды тұлға;

9) асыл тұқымдық құндылық - асыл тұқымды малдың тектік әлеуетінің төлдің шаруашылыққа пайдалы белгілеріне ықпал ететін деңгейі

10) жануардың тұқым-тегі – асыл тұқымды жануардың шығу тегі туралы мәліметтер;

11) қолдан ұрықтандыру – жеке-жеке іріктеліп алынған малды маманның бақылауымен шағылыстыру;

12) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс – малды өсіру кезінде өнімділігі бойынша ең жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін дәйекті іс-әрекеттер жиынтығы;

13) таза тұқымды өсіру – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста тектес тұқымдағы малдарды пайдалана отырып, осы тұқымға тән белгілерді топтастыру және түрге бөлу мақсатында бір тұқымдағы асыл тұқымды малды өсіру;

14) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

16) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

17) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен қалыптастырылған және олардың құзыреттерін орындау үшін қажетті саланың кәсіптік тобының бір бөлігі;

18) кәсіптік топ – ортақ интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың кәсіптік кіші топтарының жиынтығы;

19) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

20) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын жұмыскердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптардың жиынтығы;

21) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

22) кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

23) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, машықты және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі қызмет түрі;

24) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

25) ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды;

26) машықтар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

27) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі;

28) құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіптік қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы;

29) тәжірибе – белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланылған саналы қызмет, білім және дағдылар.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) БА – Біліктілік анықтамасы;
- 2) БҚЕ – Бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 3) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы;
- 4) ББХСС – Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі;
- 5) ЕжААШ – Емдеу және алдын алу шаралары;
- 6) ЖҚҚ – Жеке қорғаныш құралдары;
- 7) ЖҰ – Жасанды ұрықтандыру;
- 8) КС – Кәсіптік стандарт;
- 9) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 10) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
- 11) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері.

## **2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты**

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет ( асылдандыру ісі)

5. Кәсіптік стандарттың коды: А047

6. ЭҚЖЖ-ға сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.41 Сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру

01.41.0 Сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.42 Басқа да ірі қара малды және енекелерді өсіру

01.42.0 Басқа да ірі қара малды және енекелерді өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.43 Жылқыларды және басқа да жылқы тұқымдас жануарларды өсіру

01.43.1 Жылқыларды өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.44 Түйелерді және өзге де түйе тұқымдас жануарларды өсіру

01.44.0 Түйелерді және өзге де түйе тұқымдас жануарларды көбейту

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.45 Қойларды және ешкілерді өсіру

01.45.0 Қойларды және ешкілерді өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.46 Шошқаларды өсіру

01.46.0 Шошқаларды өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.47 Ауыл шаруашылығы құстарын өсіру

01.47.1 Ет алу үшін құсты, асыл тұқымды құстарды және балапандар өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.49 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру

01.49.0 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер

72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

М Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

75 Ветеринариялық қызмет  
 75.0 Ветеринариялық қызмет  
 75.00 Ветеринариялық қызмет  
 75.00.0 Ветеринариялық қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының асыл тұқымды мал басын өсірумен айналысатын асыл тұқымды шаруашылық қызметін, атап айтқанда мал басын толықтыратын төлдер мен құстарды өсіруді, өсімін молайтуды, өсіруді ұйымдастыру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

- 1) Инженер-зерттеуші - СБШ-ның 6-деңгейі;
- 2) Асылдандыру ісі жөніндегі техник - СБШ-ның 5- деңгейі;
- 3) Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы - СБШ-ның 4-деңгейі;
- 4) Ветеринариялық фельдшер-зертханашы - СБШ-ның 5-деңгейі;
- 5) Қолдан ұрықтандыру пунктiнiң меңгерушiсi - СБШ-ның 7-деңгейі;
- 6) Мал шаруашылығындағы білікті жұмысшы - СБШ-ның 3-деңгейі;

7) Малдар мен құстарды қолдан ұрықтандыру жөніндегі оператор - СБШ-ның 3-деңгейі.

### 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. "Инженер-зерттеуші" кәсіп карточкасы			
Топ коды:	2141-1		
Қызмет атауының коды:	2141-1-004		
Кәсіп атауы:	Инженер-зерттеуші		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:			
БТБА, БА және басқа да үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. 5-параграф. Ғылыми қызметкер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	(Мамандық: Мал шаруашылығы	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	(Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі кемінде 5			



Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	жыл, өнертабыс пен ғылыми еңбектерге авторлық куәлік қағаздарының бар болуы, ғылыми дәрежесі болған жағдайда жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды .	
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2144-7-008 - Ғылыми қызметкер (ауыл шаруашылығы саласындағы)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарларды өсірудің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу.	
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ғылыми (ғылыми-техникалық, инновациялық) жобаны іске асыру шеңберінде зерттеу міндеттерін шешу</li> <li>2. Ғылыми (ғылыми-техникалық, инновациялық) жобаларды іске асыру шеңберінде зерттеулер және (немесе) әзірлемелер жүргізуді ұйымдастыру</li> <li>3. Кең кәсіптік және қоғамдық өзара іс - қимыл жасай отырып, жаңа және(немесе) перспективалық ғылыми бағыттар бойынша негізгі ғылыми (ғылыми-техникалық) мамандану шеңберінен шығатын зерттеулер және (немесе) әзірлемелер жүргізуді ұйымдастыру.</li> </ol>
	Қосымша еңбек функциялары:	
	1-дағды: Зерттеу міндеттерін шешу шеңберінде жекелеген тапсырмаларды орындау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зерттеу міндеттерін шешу үшін ақпараттық және патенттік іздеу жүргізу.</li> <li>2. Жүргізілетін зерттеулер тақырыбы бойынша ақпараттық ресурстарды, ғылыми, тәжірибелік-эксперименттік және аспаптық базаларды пайдалану..</li> <li>3. Зерттеудің мақсаттары мен гипотезаларын тұжырымдау және негіздеу.</li> <li>4. Алынған эксперименттік немесе теориялық деректерді талдау және интерпретациялау.</li> <li>5. Мәліметтерді өңдеу және визуализациялау үшін арнайы бағдарламалық жасақтама мен цифрлық құралдарды қолдану.</li> <li>6. Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен қайталануын қамтамасыз ету.</li> <li>7. Тапсырмаларды орындау кезеңдерін құжаттап, аралық есептерді ұсыну.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүргізілетін зерттеулер мен әзірлемелер тақырыбы бойынша зерттеу міндеттерін шешу әдістері мен тәсілдері.</li> <li>2. Ақпараттық ресурстарды, ғылыми, тәжірибелік-эксперименттік және аспаптық база объектілерін пайдалануға қойылатын нормативтік және техникалық талаптар.</li> </ol>

		<p>3. Жүйелік талдау теориясының, ғылыми болжау мен модельдеудің негіздері.</p> <p>4. Ғылыми гипотезалар мен дәлелдер логикасын құру қағидаттары</p> <p>5. Ғылыми деректерді өңдеу, визуализациялау және ұсынудың заманауи әдістері.</p> <p>6. Ғылыми жарияланымдарды рәсімдеу, дәйексөз келтіру және дереккөздерге сілтеме жасау қағидалары.</p> <p>7. Ғылыми этиканың негіздері және ғылыми зерттеулер сапасына қойылатын талаптар.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
<p>1-еңбек функциясы: Ғ ы л ы м и ғылыми-техникалық, инновациялық) жобаны іске асыру шеңберінде зерттеу міндеттерін шешу</p>	<p>2-дағды: Кәсіптік қоғамдастыққа Ғ ы л ы м и ( ғылыми-техникалық) нәтижелерді ұсыну</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді рецензияланатын ғылыми басылымдарда жариялау түрінде ұсыну.</li> <li>2. Ғылыми, ғылыми-практикалық және конференциялық іс-шараларда ғылыми пікірталастар жүргізу.</li> <li>3. Конференциялар, симпозиумдар, семинарлар үшін баяндама тезистерін, презентациялар мен постерлерді дайындау.</li> <li>4. Ғылыми нәтижелерді ұсыну барысында қорытындылар, практикалық ұсыныстар мен ғылыми жаңалықтарды тұжырымдау.</li> <li>5. Ғылыми пікірталастар жүргізу, өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау және аудитория сұрақтарына жауап беру.</li> <li>6. Ғылыми коммуникацияға арналған цифрлық платформаларды пайдалану (репозиторийлер, ғылыми әлеуметтік желілер, онлайн-конференциялар).</li> <li>7. Ғылыми конкурстар мен гранттарға қатысу үшін өтінімдер дайындауға қатысу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Авторлық құқық негіздері және ғылыми жарияланымдар этикасы.</li> <li>2. Рецензияланатын отандық және шетелдік ғылыми басылымдарға арналған ғылыми мақалаларды ресімдеуге қойылатын талаптар.</li> <li>3. Ғылыми баяндамалар, баяндамалар және постерлік презентациялар дайындау қағидалары.</li> <li>4. Ғылыми мамандану саласында ғылыми пікірталас жүргізуге жеткілікті деңгейде шет тілі (ағылшын тілі және/немесе басқа) .</li> <li>5. Ғылыми аттестация және индексация жүйелері.</li> <li>6. Ғылыми риторика мен ғылыми дәлелдеу логикасының негіздері.</li> <li>7. Әртүрлі ғылыми іс-шаралардың форматтары мен талаптары (конференциялар, коллоквиумдер, дөңгелек үстелдер және т.б.).</li> </ol>

Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
3-дағды: Жекелеген зерттеу міндеттерін шешуге бағытталған зерттеулер жүргізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зерттеу тапсырмаларын шешу әдістері мен тәсілдерін талдау.</li> <li>2. Зерттеу мақсаттарын, гипотезаларын және міндеттерін тұжырымдау.</li> <li>3. Жүргізілетін зерттеулер және (немесе) әзірлемелер тақырыбы бойынша ақпараттық ресурстарды, ғылыми, тәжірибелік-эксперименттік және аспаптық базаларды пайдалану.</li> <li>4. Жобаның ғылыми әдіснамасы мен мақсаттарына сәйкес эксперимент кезеңдерін жоспарлау.</li> <li>5. Ғылыми дәлдік пен қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, эксперименттік зерттеулер жүргізу.</li> <li>6. Зерттеу міндеттерін шешу нәтижесінде алынған нәтижелерді тұжырымдау және құжаттау.</li> <li>7. Алынған деректердің дұрыстығын, қайталанғыштығын және ғылыми құндылығын бағалау.</li> <li>8. Зерттеушілер тобында жұмыс істеу, жоба қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүргізілетін зерттеулер және (немесе) әзірлемелер тақырыбы бойынша зерттеу міндеттерін шешу әдістері мен тәсілдері.</li> <li>2. Тиісті ғылыми салада зерттеулер жүргізудің қалыптасқан практикалары, модельдері мен алгоритмдері.</li> <li>3. Ақпараттық ресурстарды, ғылыми, тәжірибелік-эксперименттік және аспаптық базаларды пайдалануға қойылатын нормативтік және техникалық талаптар.</li> <li>4. Ғылым мен техникада қолданылатын ақпараттық және мультимедиялық технологиялар.</li> <li>5. Ғылыми деректерді өңдеу, талдау және визуализациялау әдістері.</li> <li>6. Ғылыми дәлдік, қайталанғыштық және дәлелділік қағидаттары.</li> <li>7. Зерттеу қызметіндегі жобалық және ғылыми менеджмент негіздері.</li> <li>8. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеуге қойылатын талаптар (хаттамалар, графиктер, кестелер, есептер және т.б.).</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Талап етілмейді
	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Рөлдер мен жауапкершілік деңгейлерін бөле отырып, ұжымдық ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру..</li> </ol>

<p>1-дағды: Ғылыми ұжымның құзыреттілігін дамыту</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>2. Аз тәжірибелі қызметкерлердің, тағылымдамадан өтушілер мен жас мамандардың кәсіптік дамуын және құзыреттер деңгейін бағалау.</li> <li>3. Ғылыми тапсырмаларды орындау барысында тәлімгерлік жасап, әдістемелік қолдау көрсету.</li> <li>4. Ғылыми ұжым мүшелерінің оқуға және кәсіптік дамуға деген қажеттіліктерін анықтау.</li> <li>5. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарына , ғылыми семинарлар мен тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру және үйлестіру.</li> <li>6. Ғылыми-зерттеу жұмысына жаңа білімдер мен технологияларды енгізу арқылы үздіксіз кәсіптік өсуге жағдай жасау.</li> <li>7. Ғылыми ұжым қызметкерлерінің құзыреттерін дамыту бойынша жеке жоспарлар құру.</li> <li>8. Кері байланысты жүзеге асыру және персоналды дамыту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалау.</li> </ol>
